

**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ:**

Тасмағамбетов И. Н. (бас редактор)

Тәжин М. М. (бас редактордың орынбасары)

Тәуекел С. Т. (жауапты хатшы)

Әбділдин Ж. М.

Әбусейітова М. Қ.

Әуезов М. М.

Байпақов К. М.

Зиманов С. Э.

Кәлетаев Д. А.

Кекілбаев Ә.

Кенжеғозин М. Б.

Қасқабасов С. А.

Қойгелдиев М. Қ.

Қосыбаев Е. М.

Құл-Мұхаммед М. А.

Мағауин М. М.

Мәмбеев С. А.

Нұрпейісов Ә. К.

Нысанбаев Ә. Н.

Рахмадиев Е. Р.

Сұлтанов Қ. С.

Сүлейменов О. О.

Хұсайынов К. Ш.

*“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ШЫҒЫСТАНУ СЕКЦИЯСЫ:*

Әбусейітова М. Қ. (төрайым),
Муминов Ә. Қ. (төрайымның орынбасары),
Медерова Д. Е. (жауапты хатшы),
Еженханұлы Б., Базылхан Н., Нұрманова А. Ш.

Алғы сөз

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев “Күлтегін ескерткішінің” тұсау-кесерінде сөйлеген сөзінде “Түркі өркениетінің текті де терең тамырлы тарихы мен төлтума мәдениетін биік парасат үдесінен терең таразылаудың, оны кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне сіңірудің, олардың бойына ешкімнен кем түспейтін тарихының барына, яғни кемел келешегінің барына деген сенімді дарытудың, сол арқылы отаншылдық сезімін тәрбиелеудің біз үшін маңызы да, мәні де ерекше”¹ деп атап көрсетті.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде атқарылып жатқан “Қазақстан тарихы түркі тілдес деректемелерде” сериясы еліміздегі және шет елдердегі көптеген қолжазба-

Ө **0503000000**
00(05)–05

ББК 63.3

© В. П. Юдин. Факсимиле, транскрипция, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар, 1992

© М. Қ. Әбусейітова. Алғы сөз, түсіндірмелер, көрсеткіштер, 1992, 2005

© “Дайк-Пресс” баспасы, 2005

ISBN 9965–699–76–3

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2001 жылы 18–19 мамырда Астана қаласындағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінде Күлтегін жайымының тұсау-кесеріндегі сөйлеген сөзі // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған “Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2001, 9–11-бб.

лар жинақтарындағы жазбаша жәдігерлерді зерттеп, жариялаудың көкейкесті маңыздылығын айқын көрсетіп отыр. Бұларсыз, оларда сақталған бай нақты материалдарсыз әлеуметтік-экономикалық қатынастар мәселелерін, этностық процестерді, мәдениетті, идеологияны зерттеу мүмкін емес. Тарих деректануының негізгі міндеті — бәрінен бұрын жазба ескерткіштерді жүйелеу мен сыни тұрғыдан зерттеу және олардан ғылыми зерттеу үшін ең маңызды, неғұрлым толық материалды саралап ала білу. Жазба ескерткішке тек Қазақстан аумағындағы және Қазақстан халқы жасаған ескерткіштер ғана емес, сонымен қатар Қазақстан мәдениетінің тарихын зерттеуде елеулі мәні болғандай жағдайда шет жерде жатқан және басқа халықтар жасаған тектес ескерткіштер де кіреді.

“Қазақстан тарихы түркі тілдес деректемелерде” сериясы бес том болып шығады.

Бірінші том — Өтеміс қажы. “Шыңғыс-наме” (факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В. П. Юдиндікі. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған — М. Қ. Әбусейітова).

Екінші том — Ежелгі түрік жазбаша ескерткіштерінің жинағы: орхон, енисей, талас ескерткіштері. Бұл том бойынша Ресейде (Новосибирск, Абакан (Хакасия), Минусинск, Қызыл (Тува), Моңғолияда, Қырғызстанда Шығыстану археологиялық экспедициялары жүргізілді.

Үшінші том — Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” тілінің индекс-сөздігі.

Төртінші том — Мұхаммед Садық Қашғари “Тазкира-и ази-зан” (факсимиле, аударма, түсіндірмелер, көрсеткіштер).

Бесінші том — XV–XX ғ. басы аралығындағы түркі тілдес деректемелерден “үзінділер жинағы”. Бұл тақырып бойынша Шығыстану археологиялық экспедициясы, Ыстанбұл (Түркия), Қазан (Ресей) қалаларына іссапарлар өткізілді.

Қазақстан тарихының негізгі проблемаларының бірі — қазақ халқының тарихи-мәдени дәстүрлері проблемасы, оның тарихының алғашқы кезеңдерінің зерттелуі, моңғолдар тұсындағы және моңғолдардан кейінгі кезеңнің, оның ішінде этностық, саяси, әлеуметтік-экономикалық тарих және қазақ халқының мәдени мұрасының зерттелуі проблемасы болып табылады. Бұл проблема ең алдымен жазба шығыс шығармаларын, өткен заман ойшылдарының еңбектерін жариялауды көздейді.

Бірінші том маңызды да өзекті тақырыпқа — XIV ғасырдағы Қазақстан тарихына арналған. Бұл — хорезмдік Өтеміс қажы бен Маулана Мұхаммед Достының түрік тіліндегі тарихи шығармасы, оны қазақстандық белгілі шығыстанушы В. П. Юдин аударып, зерттеген.

В.П. Юдин бұл шығарманың өзіндік ерекшелігін бірден бағалап, өзге шығармалар арасындағы айрықша орнын көрсетті. “Шыңғыс-намені” зерттеу арқылы ол тарихи материалдардың жаңа тың қабатын ашты. Оқиғалы тарихтың, хронологияның, қазақтардың генеалогиясы мен мәдениетінің зерттелмеген мәселелерін көтерді.

Зерттеу бөлігінде В. П. Юдиннің төрт еңбегі кіргізілген. Олардың әрқайсысы саяси тарихтың, материалдық мәдениеттің белгілі бір мәселелеріне арналған, оларда орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының жаңа проблемалары да көтеріледі. Дереккөзді түсіну үшін маңызды авторлық түсіндірмелердің зор мәні бар.

Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесінің” түпнұсқа мәтінін, оның транскрипциясын, аудармасын, оған арналған мақалаларын жариялауы В. П. Юдиннің Қазақстанның ортағасырлар тарихы деректануына қосқан ірі үлесі болып табылады.

Вениамин Петрович Юдин (1928–1983 жж.) Қазақстан шығыстануының дамуына көп еңбек сіңірді. Ол дарынды шы-

ғыстанушы-ғалым, тарихшы, филолог, парсы-түрік тілдеріндегі қолжазбалардың үлкен білгірі, зерттеуші және педагог болды.

В. П. Юдиннің 80-нен астам ғылыми еңбегі жарық көрді. Олар орыс, қазақ, ұйғыр тілдерінде басылып, кейбіреулері ағылшын тіліне аударылып, шет елдерде де шықты.

Әсіресе, 1969 жылы В. П. Юдиннің басшылығымен және тікелей араласуымен басылып шыққан “XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы бойынша материалдар: (Парсы және түркі шығармаларынан үзінділер)” атты іргелі еңбек ерекше орын алады. Ол осы жинаққа кірген барлық аудармаларды салыстырып, жалпы редакциясын қарады, 10 дереккөзден алынған үзінділерді аударды, оларға түсіндірмелер, сондай-ақ жинаққа кірген барлық дереккөздер бойынша деректанулық 17 мақала жазды. Бұл мақалаларында ғалым тарихи-деректану сипатындағы көптеген мәселелердің шешімін тапты.

Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесінің” және “Шыңғыс-наме” тілінің индекс-сөздігінің басылып шығуының ғылыми қызметкерлер, студенттер және барша оқырман қауым үшін зор ғылыми маңызы бар. Шығыс шығармаларының осылай жарық көруі Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеудің дереккөздер қорын толықтыру жөніндегі маңызды міндетті орындауға көмектеседі.

М. Қ. Әбусейітова,

*ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының директоры,
т. ғ. д., профессор*

Жауапты редактордан

“Шыңғыс-наме” Алтын Орда мен Қазақстан тарихы бойынша әлі де болса зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқан шығармалардың біріне жатады. Мұны, тегі, бұл шығарманың көшірмесінің көп тарамалуымен түсіндіруге болар. Бүгінде оның тек бір ғана көшірмесі бар екені анықталды¹. Оның өзі XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басына қатысты, негізінен діни тақырыптағы өзге жеті шығармамен бірге түптелген. Өкінішке қарай, онда да толық емес, Тоқтамыс хан (782/1380–797/1395) туралы әңгімеде үзіліп қалады. Бұл мәтін Шайбанның ұрпағы Еш-сұлтанның (965/1558 жылы өлтірілген) тапсырмасымен XVI ғасырдың бірінші жартысында жазылған².

Авторы — Маулана Мұхаммед Достының баласы, Өтеміс қажы; бұрын Елбарыс ханның (918/1512–931/1525) қызметінде болған ықпалды отбасынан шыққан. Ал оның аталары болса, Ұлысы XV ғасырдың 80-інші жылдары Сырдарияның төменгі жағында орналасқан Шайбан ұрпағы Йадгар ханның боданда-

¹ Чингиз-наме. Рук. ИВ АН РУз., инв. № 1552/У, л. 36а. —59а.

² Шыңғыс-наме, 366 п.

ры болған. Өтеміс қажының өзі әуелгіде жоғарыда айтылған Елбарыста, шамасы, сарай хатшысы қызметін атқарған тәрізді.

Біз “Шыңғыс-наме” мен оның авторы туралы алғаш мәлімет беріп, оның ғылыми маңыздылығын атап көрсеткен Е. Ф. Кальге, В. В. Бартольдке және А. -Э. Валидовке қарыздармыз³.

“Шыңғыс-намені” зерттеуге қазақстандық көрнекті шығыстанушы, бұл күнде марқұм болған В. П. Юдин үлкен үлес қосты. Қазақстанның XIV ғасырдағы тарихына арналған бірқатар еңбектерін жазғанда ол бұл шығарманы негізгі дереккөздердің бірі ретінде пайдаланды⁴. Соның үшеуі — “XIV ғасырдағы Қазақ даласында биліктің тайпа билеріне және Тоқа-Темір ұрпақтарының белгісіз әулетіне көшуі”, “Орыс ханның қазасы жөніндегі белгісіз дерек” және “Дешті Қыпшақ тарихымен байланысты XIV ғасырда Сырдарияда Қийат Жыр-Құтлы мазарының салынуы туралы” — алғаш рет жарияланып отыр. Ақыр соңында В. П. Юдин ескерткішті орыс тілінде баспаға дайындап, оны мазмұнды мәтіннамалық ескертулермен жабықтады және түпнұсқа мәтінін транскрипциялады.

“Шыңғыс-наме” мәліметтері ортағасырлық Қазақстан тұрғындарының саяси, этносаяси, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени өмірін зерттеу проблемаларын және тарихнама мен деректану проблемаларын шешу үшін маңызды мәнге ие. Өтеміс қажының шығармасы XIII–XIV ғасырлардағы Шыңғыс хан мен оның ұрпақ-

³ [Каль Е. Ф.] Персидские, арабские и тюркские рукописи Туркестанской публичной библиотеки. Ташкент, 1889. С. 52; Бартольд В. В. Отчет о командировке в Туркестан (летом 1902) // Соч. М., 1973, Т. 8. С. 164–169; Валидов А. -Э. Восточные рукописи в Ферганской области // ЗВОРАО. Т. 22. Ч. 2. 1915. С. 320.

⁴ Юдин В. П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая.... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI–XVIII вв. Алма-Ата, 1983. С. 106–165 и др.

тарының билігі кезеңін қамтиды және Бату ханнан бастап биліктің Тоқтамыс ханға көшкенге дейінгі Алтын Орда хандары туралы мәлімет береді. Оның мәліметінің сонылығы Алтын Орданы зерттеушілер үшін, соның ішінде XIV ғасырдағы Қазақстанның аз зерттелген кезеңін танып-білу үшін ғылыми қызығушылық тудырады даусыз.

В. П. Юдиннің сіңірген еңбегі сол, ол ауызша дәстүрге, оның өзінің анықтауынша, “далалық ауызша тарихнамаға” негізделген басқа жазбаша шығармалар қатарынан осы түпнұсқа дереккөзді бірінші болып бөліп шығарды. Ол мұның (далалық ауызша тарихнаманың) қатарына Өтеміс қажының еңбегінен (XVI ғ.) басқа XVI–XVII ғасырлардың басқа да шығармалары “Тауарих-и гузиданы”, Жалайырдың “Жами’ат-тауарихын”, Әбілғазының шығармаларын жатқызады. Бұлар жазбаша тарихнаманың материалдарын толықтырады, оның сыртында көрші аймақтарда — Хиуада, Мауераннахрда, Қасым [хандығында] жазылған, неғұрлым ертеректегі ғасырлардағы Қазақстан тұрғындарының шынайы өмірін, соның ішінде XIV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тұрмысын, идеологиясын, шаруашылығын, әскери ісін біздің заманымызға жеткізеді.

“Шыңғыс-наме” аңыздық, ауызша айтылған материалдардың негізінде жазылған. “Тарихи шығармалардан, — деп жазды В. В. Бартольд, — ол (“Шыңғыс-намені” авторы. — Б. А.) кейбір хандардың тек атын ғана табады, олардың билік құрғаны жөнінде ештеме таратылып айтылмайды, тіпті хандардың көбі атымен аталмайды да. Сол себепті ол (Өтеміс қажы. — Б. А.) білетін адамдардың ауыздарынан өткен замандар туралы әңгімелерді жинайды... Ұзамай оның өзі аңыз-әңгімелердің білгірі ретінде көпке әйгілі болады...⁵. Тірнектеп жиналған дүние-

⁵ Бартольд В. В. Отчет о командировке в Туркестан. С. 165.

лерді ұқыпты талдайды. Содан кейін барып қана оларды әңгімелеудің негізі етеді. “Олардың (Алтын Орда хандарының. — Б. А.) жағдайын жете білсем деген ниетпен, — деп жазады Өтеміс қажы бұл ретте, — қара сөзді жақсы білетін адамдарды іздеп тауып, солардың айтқандарын ақылыма салып, мақұл дегенді жадымда сақтап, мақұл демегенімді қалдырдым”⁶. Оның сөзіне қарағанда, “Шыңғыс-наме” авторына дерек бергендердің арасында басқалармен бірге саяхатшылар, ақсүйектер, бекзадалар, хандар (соңғылардың бірі ретінде Елбарыс ханды атайды)⁷, Сұлтан Фази-сұлтанда⁸ қызметте жүрген астрахандық Қажы Нияз бен хитай тайпасынан Баба Әли-би және басқалар болған.

Автор Хорезм жерін және Алтын Орданың оңтүстік аймағын, Каспий теңізінің төңірегі мен Еділдің төменгі бойын көп аралаған. Оның кітабындағы көптеген оқиғаларды көзі көрген жандар айтып берген. Мәселен, Алтын Орданың аумағына басып кірген Илхан Хулагу ханның (654/1256—663/1265) әскерімен Берке ханның (655/1257—665/1266) шайқасы туралы әңгімелей келіп, Өтеміс қажы былай деп жазады: “Күлзүм (Каспий. — Б. А.) дариясынан шығатын бұл жолда көп тармақты шығанақтар бар. Жол сол тармақтардың бас жағынан өтетін тұста биік құм төбелер бар. Мен, пақыр, ол жерлерді көрдім. [Оларды] Қыр-Мажақ дейді...”⁹.

⁶ Шыңғыс-наме, 366 п.

⁷ Шыңғыс-наме, 506 п.

⁸ XVI ғасырдың 30-ыншы жылдарында Хорезмде болған аласапыранда өлтірілді. Шайбанның ұрпағы Убайдалла хан Бухари (940/1533—1534—946/1539—1540) бұл аласапыранды 1539 ж. Хорезмді жаулап алу үшін пайдаланған (Бартольд В. В. Отчет о командировке в Туркестан. С. 166).

⁹ Шыңғыс-наме, 426 п.

Кейбір оқиғаларды баяндай келіп, автор Хорезмді тек бір жыл ғана (964/1557—965/1558) билеген Еш-сұлтанның ағасы Дост-сұлтанның¹⁰ тауарихтары мен дәптерлеріне сілтеме жасайды. Сондай бір жерін мысалға келтірелік: “Кейбіреулер осы әскердің (Берке ханның Хулагу хан әскерімен жоғарыда аталған шайқасы айтылып отыр. — Б. А.) ішінде Хулагу ханның [өзі де] болды дегенді айтады. Осы әскер талқандалғанда ол (Хулагу хан. — Б. А.) өлді. [Алайда] ешкім оның өлгенінен хабардар болмады. Бірақ хазіреті Дост-сұлтанның тауарихтарында былай делінеді: “Осы әскерінің талқаны шыққанына құсаланып ол ауырып, екі айдан соң өлді”¹¹. Одан төменіректе Тұғлы-Темір туралы¹² “Сұлтандардың мақтанышы хазіреті Дост-сұлтандағы дәптерде: “Тұғлы-Темір ұлы патша болды, Самарқанд пен Бұхараға хукімі жүреді”¹³ деген мәлімет берілген.

Өтеміс қажының шығармасында тарих ғылымы үшін қызығалықты мәліметтер баршылық. Бұған Шайбан мен оның Бердібектен (758/1357—762/1361) кейін Алтын Ордада билік басына келген ұрпақтары туралы деректерді жатқызуға болады. “Жәнібек ханның анасы Тай-Дулы-бегім, — деп жазады Өтеміс қажы, — Маңғытай ұлы Хызыр ханды шақырып алып, Сарай уәлаятына хан қылды”¹⁴. Осы арада “Хызыр хан деген кім?” деген сұрақ туады. “Шыңғыс-наменің” авторының айтуында, ол — “Шайбан хан нәсілінен Маңғытайдың ұлы, оны “Хызыр оғлан” деп атаған. Сайын ханның белгілеп берген

¹⁰ Шыңғыс-наме, 43а, 546 п.

¹¹ Шыңғыс-наме, 43а, 546 п.

¹² Бұл тұлға сәйкестендіруге келмейді. Бәлкім, мұнда Мергеннің баласы, Шайбанның немересі Тоқа-Темірді айтып отырған болар (*Рашид ад-Дин*. Сборник летописей. М.; Л., 1960. Т. 2. С. 74.)

¹³ Шыңғыс-наме, 546 п.

¹⁴ Шыңғыс-наме, 386 п.

Маңғытайдың жұрты (елі) Ақкөлде”¹⁵. Маңғытай, Рашид ад-Дин бойынша, ханзада, Шайбанның ұрпағы. Рашид ад-Дин ол жөнінде: “Шайбанның үшінші ұлы — Қадақ. Оның бір ұлы болды, оның аты — Тула-Бұқа. Осы Тула-Бұқаның екі ұлы болды: үлкенінің аты — Маңғытай, кішісінің аты — Тұман-Темір...”¹⁶. Бізде Хызыр хан (Хызыр оғлан) осы Маңғытайдың ұлы ма дегенді анықтауға мүмкіндік болған жоқ. Сондай қиындыққа қарамастан, Хызыр оғлан деген ханзада Алтын Орда тарихында бар. Ол шынында Шайбанның ұрпағы, Ибрахимнің баласы, Арабшахтың бауыры¹⁷. XIV ғасырдың 60—70 жылдарында Алтын Орданың саяси өмірінде Шайбан ұрпақтарының белсенді әрекетке көшкені жөнінде бізде деректер жеткілікті¹⁸. Сондықтан Бердібектен кейін Шайбан ұрпақтарының билікке ие бола бастағаны жөніндегі “Шыңғыс-намеде” келтірілген мәліметтер байыптап назар аударуға лайық.

Шайбанның Батудың Русьқа, Қырымға, Еуропаға 1234—1238, 1238—1240 жылдары жасаған жорықтарына белсене қатысқаны мәлім. Ол туралы, жалпылама түрғыда болса да, Рашид ад-Дин жазды¹⁹. Өтеміс қажы бұл оқиғалар туралы әлдеқайда кең және егжей-тегжейлі әңгімелейді. Рашид ад-Дин, мысалы, Шайбанның (Бүкшекпен және Бөрімен бірге) 1238 жылғы Қырымға жорығы туралы баяндай келіп, әскери түрғыдан алғанда, тегінде, біршама берік бекініс болған Татқарды алғанын айта-

¹⁵ Шыңғыс-наме, 506 п.

¹⁶ Сборник летописей. Т. 2 (Перев. с перс. Ю. П. Верховского. М.; Л., 1960. С. 74).

¹⁷ СМИЗО. Т. 2. С. 556.

¹⁸ Қараңыз: Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. М., 1965. С. 32—36.

¹⁹ Сборник летописей. Т. 2. С. 37, 39.

ды²⁰. Ал Өтеміс қажының бұл туралы әңгімесі мынаған саяды: Қырымда Шайбан қуатты және алынбайтын Қырық-Жер қамалын қоршады, тек ұзақ уақыттан соң, қырғын қантөгіс шайқаспен алды. Автор осы оқиғаны бүге-шігесіне дейін қалдырмай баяндайды. Әсіресе, тарихшының Шайбан ханның қолданған соғыс тәсілі туралы әңгімесі қызғылықты: “Ақыры ол “ақшамнан соң таң атқанша дыбыс шығаратын заттарды бірінбіріне соғыңдар!” деп бұйрық берді”²¹. Жауынгерлер он күнге жуық осылайша қоршаудағылардың құлағын тұндырады. Осы кездің бәрінде моңғолдар қаланың төрт жағынан да астынан қазып, ішке қарай елеусіз ілгерілей берді. Өтеміс қажы: “Қала халқы қаңғыр-даңғырдан қайланың дыбысын естімей, бекініс қабырғасының астынан қазылып жатқанын білмеді”, — деп жалғастырады. Өтеміс қажының келесі мәліметі де маңызды: “Сондағы қабырғаның астынан қазылған жердің ізі әлі жатыр”²². Жоғарыда айтылғандай, Рашид ад-Диннің дерегі бойынша Шайбанның Қырымдағы алған неғұрлым маңызды қамалы Татқар болды. Осыны есепке алсақ, Өтеміс қажы мұнда, шамасы, моңғолдардың қоршауына ұшырап, 1238 жылы Шайбан алған Қырымның тағы бір қамалы жайында айтып отырған тәрізді. М. Қ. Әбусейітова өзінің “Шыңғыс-намеге” берген түсіндірмесінде бұл қамалдың 1299 жылы түменбасы Ноғай талқандаған, қазіргі Бақшасарайдан алыс емес жерде орналасқан Чуфут-қала екенін дұрыс анықтаған.

Шайбан Батудың Келарға, Башгирдже, Буларға жорығы кезінде ерекше көзге түседі. Өтеміс қажы бірінші облысты Корал деп атайды. Ол тағы бір облысты Улақ²³ дейді. Алғаш-

²⁰ Сборник летописей. Т. 2. С. 39.

²¹ Шыңғыс-наме, 406—41а п.

²² Шыңғыс-наме, 406—41а п.

²³ Шыңғыс-наме, 41а п.

қы топоним ешқандай күмән туғызбайды: Келар облысы (бұған поляктар мен венгрлердің жерін жатқызады) Колар деп те аталған. Ал Улақ топониміне келсек, мұнда, сірә, моңғолдар 637/1238 жылы алған Улақұт айтылып отырған болар²⁴. Өтеміс қажының келесі мәліметі де бағалы: “Бұдан соң [Шайбан хан] Корал уәлаятына жорық жасады. Корал — өте үлкен уәлаят. Ол үшін көп ұрыс болды. Ақыры ол Коралды бағындырып, оны өзінің астанасы етті. Ол сонда қайтыс болды”²⁵.

Маман үшін Бердібектің билігі тұсында басталған аласапыран кезең жөніндегі “Шыңғыс-наменің” дерегі де құнды. “Оның заманында, — деп жазады Өтеміс қажы, — аласапыран көп болды. Оң қолды Қийат [тайпасынан шыққан] Мамай алып, өзінің тайпаларымен Қырымға, қийат Жыр-Құтлы ұлы Теңіз-Бұға сол қолды Сыр[дариясы] бойына алып кетті. Хан [Бердібек] өзінің жақын қызметкерлерімен (ішкілерімен) Сарайда болды. Ол үш жыл Сарай шаһарында патша болды, одан соң опат болды”²⁶.

Өтеміс қажының Алтын Орда аумағына исламның тараған уақыты жөніндегі (бұл арада ол Минхадж ад-Дин Жүзжаниді қайталайды) мәліметтері де назар аудартады. Осы кезге дейін Дешті Қыпшақ тұрғындары исламға XIV ғасырдың бірінші жартысында, Өзбек ханның (712/1312—741/1340) тұсында қарады деп есептелетін. Ал “Шыңғыс-наме” авторының айтуынша, бұл тарихи факт бұдан әлдеқайда көп бұрын, Берке ханның билігі тұсында болған. “Дешті уәлаяты Берке ханға бағынғанда, — деп жазады ол, — өте көп көпірлерді мұсылман қылды... Ол өлгеннен кейін олар қайтадан жолдан тайып, көпір болды”²⁷.

²⁴ Сборник летописей. Т. 2. С. 45.

²⁵ Шыңғыс-наме, 41а п.

²⁶ Шыңғыс-наме, 50аб п.

²⁷ Шыңғыс-наме, 43аб., 49аб п.

Өтеміс қажының жазғанынан анықталатын тағы бір жайтты көрсете кетелік. Жошының өмірінің соңғы жылдарындағы оның әкесімен арақатынасының және Жошының өлімі жағдайының дереккөздерде әр түрлі берілетіні белгілі. “Табақат-и Насири” бойынша: “Ол [Жошы. — Б. А.] Қыпшақ жерінің суы мен ауасын көрген кезде, бүкіл жер бетінде бұдан сүйкімді жер, бұдан жақсы ауа, бұдан дәмді су, бұдан кең шалғын мен жайылым жоқ деп танып, оның ойында әкесіне қарсы тұру ниеті пайда бола бастады. Ол өзінің жақындарына: “Шыңғыс хан соншама халықты қырып, соншама патшалықты талқандап, ақылынан ауысты. Меніңше, әкемді аңға шыққанда өлтіріп, Мұхаммед сұлтанмен тіл табысып, мемлекетті гүлденген жағдайға келтіріп, мұсылмандарға көмектесу әлдеқайда дұрыс сияқты”, — дейді. Бұдан әрі тарихшы Жошының ниетін Шағатайдың әкесіне қалай жеткізгенін әңгімелейді²⁸. Шыңғыс хан баласына қарсы бір топ адам жібереді²⁹. Әкесі мен баласының қарсыластығы туралы Рашид ад-Дин былай дейді: “[Хорезм бағындырылғаннан кейін] Жошы хан өзінің негізгі жұрты орныққан Ертіс бойына бағыт алып, өз ордаларына қосылды. Бұдан бұрын Шыңғыс хан Жошыға жорыққа аттанып, солтүстік елдерін: Келар, Башгирд, Орыс, Черкес, Дешті Қыпшақ және сол өлкенің басқа облыстарын бағындыруды бұйырған болатын. Жошы бұл іске қатысудан бас тартып, өзінің тұрақ жайына аттанғанын естігенде Шыңғыс хан шектен шыға ашуды: “Мен оны жазалаймын, ешқандай рақым көрмейді”³⁰, — дейді. Шыңғыс хан өзінің бағынбай кеткен ұлына қарсы Шағатай мен Үгедей бастаған әскер жібереді. Бірақ “осы кезде Жошы-

²⁸ СМИЗО. Т. 2. С. 14—15.

²⁹ Сонда.

³⁰ Сборник летописей. Т. 2. С. 78—79.

ның қазасы туралы қайғылы хабар жетеді”³¹. Махмұд ибн Уәлидің әңгімесі де жоғарыда айтылғанмен үндес³². Әбілғазы тек Жошының Шыңғыс ханның өлімінен алты ай бұрын өлгені жөніндегі фактіні ғана келтіреді³³.

“Шыңғыс-наме” авторы болса бұл жайт туралы былай деп хабарлайды: “Жошы хан оның (Шыңғыс ханның. — Б. А.) балаларының ішіндегі үлкені болатын. Көп әскер беріп, Дешті Қыпшақ уәлаятына жіберді. “Осы уәлаят аттарыңа жем болсын” деді. [Оған сондай-ақ] Хорезм уәлаятын берді. Жошы хан Дешті Қыпшақ уәлаятына барып, бұрыннан мәлім Ұлығ-Тағқа жетті. Бір күні ол тау арасында аң аулауға шығып еді, бір топ марал-киік кез болды. Оны қуалап атарда аттан жығылып, мойны үзіліп опат болды”³⁴. Біздің ойымызша, бұл жерде түсіндіріп жатудың өзі артық. Мұнда тек Жошының өлген жеріне, Ұлығ-Тағқа көңіл аудару қажет, ол заманда аң аулау ұнамаған адамның көзін құртудың жиі қолданылатын тәсілі болғаны белгілі.

Біз өзіміз ден қойып отырған дереккөзге байланысты кейбір сәттерді ғана қозғадық. Бірақ келтірілген фактілерден-ақ Өтеміс қажы еңбегінің тарих ғылымының белгілі бір саласындағы шешілмеген проблемаларды анықтауға көмектесетіні анық көрінеді.

Енді В. П. Юдиннің көпжылдық еңбегі Алтын Орда мен ортағасырлық Қазақстанның тарихын зерттеушілердің барша-

³¹ Сборник летописей. Т. 2. С. 78–79.

³² Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйар, рук. ИВ АН РУз., инв. № 5.

³³ СМИЗО. Т. 2. С. 204. Шыңғыс ханның 624 жылы 9 рамазанда / 1227 жылы 25 тамызда қайтыс болғаны белгілі. Егер Әбілғазының айтқаны дұрыс болса, онда Жошының ажалы 1227 жылдың ақпан айының соңғы күндерінің бірінде жеткен болады.

³⁴ Шыңғыс-наме, 376 п.

сының игілігіне аспақ. Ұсынылып отырған басылымда В. П. Юдиннің дайындауымен “Шыңғыс-наменің” тарихи-мәдени зерттелуі, шығарманың аудармасы, мәтіннамалық ескертпелері және Шығыс мәтінінің транскрипциясы, сондай-ақ “Шыңғыс-наменің” түпнұсқа мәтінінің факсимилесі қамтылған. Түсіндірмелері мен көрсеткіштерін құрастырған М. Қ. Әбусейітова. Осы басылымды дайындауға В. П. Юдиннің жұбайы — Ю. Г. Баранова белсене қатысты. Ол, атап айтқанда, зерттеу бөліміне кіріспе жазды және еңбекті баспаға дайындады.

Б. А. Ахмедов,

Өзбекстан Республикасы

ҒА корр.-мүшесі

“Шыңғыс-наме” қазақ халқының тарихы бойынша дереккөз ретінде

В. П. Юдин Өтеміс қажының “Шыңғыс-наме” атты шығармасымен 1967 жылдың аяғында Ташкентте Өзбекстан Ғылым академиясы Шығыстану институтының шығыс қолжазбалары жинағындағы қазақ халқының тарихы бойынша мәліметтері бар дереккөздерді анықтау кезінде танысты. Бұл туындының авторы Хиуа тарихшыларының тамаша шоғырының құрамына енеді.

Төңкеріске дейін “Шыңғыс-наме” Е. Кальдің (1889 ж.) белгілі каталогінде аталады¹. В. В. Бартольд 1902 жылы Түркістан көпшілік кітапханасының қолжазбаларымен танысу барысында бұл шығармаға назар аударып, ол туралы мәліметті 1904 жылы жарық көрген “Түркістанға іссапары туралы есебіне” қосты². 1915 жылы А. -З. Валидовтың “Ферғана облысындағы шығыс қолжазбалары” атты мақаласы жарық көрді. Онда ол 1913 жылы Орынборда “Шыңғыс-наменің” көшірмесін

¹ Каль Е. Персидские, арабские и тюркские рукописи Туркестанской Публичной Библиотеки. Ташкент. 1889. № 806.

² ЗВОИРАО. СПб., 1904. Т. 15. Вып. 2–3. С. 219, 226–232; Бартольд В. В. Соч. М., 1973. Т. 8. С.158, 164–169.

алғанын, оның “ташкенттік нұсқадан әлдеқайда толық” екенін жазады³.

Өтеміс қажының еңбегі В. П. Юдиннің Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Түркістан тарихы бойынша парсы және түркі тілдеріндегі шығармалардың біразымен мұқият жұмыс істеп, талдау жасап болған кезінде ғана барып, зерттеу объектісіне айналды. Нәтижесінде бірнеше деректанулық мақалалары жазылды.

Мұның сыртында, 1967 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институты “XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы бойынша материалдар: (Парсы және түркі шығармаларынан үзінділер)” атты ұжымдық үлкен еңбекті аяқтады⁴. Қазақстандық шығыстанушылар С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищу-

³ ЗВОИРАО. СПб., 1915. Т. 22. Вып. 3–4. С. 320.

Осынау неғұрлым толық көшірменің тағдыры ұзақ уақыт белгісіз болып келді. 70-ші жылдардың басында В. П. Юдин қолжазба Ыстанбулда, А. -З. Валидовтың (Тоғанның) қолында деген ақпарат алды. Көшірмесін алмақ әрекеттің бәрі нәтиже бермеді. Сондықтан ол толық емес Ташкент көшірмесімен шектелуге мәжбүр болды.

Өкінішке қарай, тек соңғы кезде ғана (Т. К. Бейсембиевтің ілтипаттылығы арқасында) маған Ыстанбулда М. Кафалидің “Алтын Орда хандығының құрылу және ыдырау дәуірлері” атты кітабының тіпті 1976 жылы жарық көргені мәлім болды. Сонда зерттеу авторы “Өтеміс қажының тарихы” деп атаған “Шыңғыс-наменің” толық көшірмесі пайдаланылған. *Kafali Mustafa. Altin Orda Hanliginin kurulus ve yukselis devirleri. Istanbul, 1976. 7. 169 b. (Istanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Yayın N 2085).*

⁴ Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков: (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Составители С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. Алма-Ата, 1969. С. 652. (Бұдан әрі: ҚХТМ).

лина, В. П. Юдин жазған және олардың Санкт-Петербургтік әріптестері О. Ф. Акимешкин мен М. А. Салахетдинова белгілі бір дәрежеде қатысқан көпжылдық еңбек шығыстанушы ғалымдар тарапынан лайықты бағаға ие болды. Осы еңбектің аяқталар кезеңінде жұмысқа басшылық еткен В. П. Юдин еңбегі зерттеудің ғылыми деңгейінің жоғары болуына үлкен үлес болып қосылды десек, артық айтқандық болмайды.

В. П. Юдин осымен қатар ортағасырлық Қазақстанның тарихы бойынша материалдардың келесі, жаңа томына үзінділер алып кіргізуге болатындай дереккөздерді анықтап, іріктеумен айналысты. Мысалы, ол өзінің “XV—XVIII ғасырлардағы қазақ халқының тарихы бойынша парсы және түркі дереккөздері” атты мақаласында былай деп жазды: “Қазіргі уақытта бізге қазақтың кейінгі ортағасырлық тарихын зерттеу үшін әр түрлі шамада пайдалануға болатын парсы және түркі тілдеріндегі тағы да бірнеше шығарма белгілі болды. Солардың арасында аты белгісіз автордың “Тарих-и Шайбани”, Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі”, Сухайланың “Имамқұлы-намесі”, Мукумидің “Зафар-намесі”, Бадр ад-Дин Кашмиридін “Зафар-намесі” секілді және т. б. дүниәуи тауарихтар мен поэмалар бар. Осы тізбеден көрінетіндей, пайдаланылмай жатқан шығармалар біршама көп. Олардан алынған үзінділер жинақтың екінші томын құрай алар еді. Бұл жұмыс, шамасы, жүзеге асырылатын болар”⁵.

⁵ Мақала ҚХТМ-ды дайындау барысындағы автордың деректанулық бақылауларын қорытындылайды, қазақстандық деректанудың теориялық және практикалық маңызды мәселелерін алға қояды және ол ҚХТМ-дан бұрын шығуға тиіс еді, бірақ кезінде жарияланбады. Мақала автордың мұрағатында сақтаулы.

В. П. Юдиннің жоғарыда аталған шығармалардың кейбірінен үзінділер алып тәржімелеген аудармалары ол өлгеннен кейін Қазақстан Респуб-

“Шыңғыс-наме” В. П. Юдиннің деректанулық ізденісінде XIV ғасырдағы Дешті Қыпшақтың саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихын, оның көшпелі тұрғындарының әскери ісін, тұрмысын, мәдениетін, идеологиясын және тілін сенімді де анық көрсететін дереккөз ретінде ерекше орын алды. “Шыңғыс-намені” аудару жөніндегі жұмысты В. П. Юдин сөздік жасаумен ұштастырып, онда әр сөздің барлық грамматикалық байланыстарда қолданылу жағдайларының бәрін анықтап отырды. Бұл материалдар қазақ тілінің тарихын зерттеушілер үшін ден қоярлық екені күмәнсіз.

“Шыңғыс-намені” зерттеу теориялық деректану тұрғысынан нәтижелі болды. В. П. Юдин “Қазақ хандығының тарихы бойынша материалдарды” дайындау жұмысында жүргенде-ақ қазақ халқының тарихы бойынша парсы-түркі тілінде баяндалатын дереккөздерді жинақтап, жіктеп, өңдеп қойған болатын⁶. Енді ол “Шыңғыс-наменің” және өзіне бұрыннан белгілі басқа кейбір шығармалардың ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан тарихы бойынша шығыстың жазбаша дереккөздерінен Дешті Қыпшақ көшпелілерінің ауызша тарихи білімін жинақтап, бізге жеткізген ерекше классификациялық тобын саралауға болатындығы туралы маңызды тұжырым жасайды. В. П. Юдин алғашқыда оны “даланың ауызша тарихнамасы” деп атады, ал кейін ауызша дәстүр терминіне қатысты сы-

ликасы ҒА Тарих, археология және этнография институтының Қазақстан мәдениеті тарихы бөліміне баспаға әзірлеу үшін берілді.

⁶ Классификация (жіктеу) толық түрінде жарияланған жоқ, бірақ 1970—1975 жылдары ҚазМУ-де оқылған арнайы курста баяндалды және В. П. Юдин жазған мақала-анықтамаларда, ҚХТМ-ға кіргізілген дереккөздерден тәржімеленген аудармаларда бірнеше рет аталды.

пайырақ болады деген оймен, “даланың ауызша тарихтанымы” деп атады⁷.

Дешті Қыпшақтың XIV ғасырдағы саяси және этностық тарихы, әлеуметтік-экономикалық қатынастары, мәдениеті, идеологиясы жөнінде “Шыңғыс-наме” хабарларын түсіндіру және шығарманың жіктелік ерекшеліктеріне, Қазақстанның тарихы жөніндегі жазбаша дереккөздер жүйесіндегі оның орнына қатысты тұжырымдар осы басылымда ұсынылып отырған төрт зерттеуде баяндалған. Біріншісі — жазылған уақыты жөнінен неғұрлым бертіндегісі (1983 ж.) — автор өлгеннен кейін көп ұзамай жарық көрді. Қалған үшеуімен ол 1981 жылдың күзінде, Қазақ тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы өткізген “Уәлиханов оқуларына” дайындық барысында жұмыс істеді⁸. Бұл хабарлар ешқандай өзгеріссіз жарияланды. Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” секілді қазақ халқының тарихы бойынша осындай ерекше әрі бағалы дереккөз алғаш зерттелген бұл еңбектердің ғылыми маңызын асыра бағалау қиын.

В. П. Юдиннің еңбегінің басылып шығуына ықпалын тигізгендердің бәріне: ҚР ҒА академиктері Ж. М. Әбділин мен М. Қ. Қозыбаевқа, осы кітапты баспаға ұсынған ҚР ҒА-ның Тарих, археология және этнография институтының Ғылыми

⁷ Юдин В. П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... (Казахстан, Средняя Азия и Центральная Азия XVI—XVIII вв.). Алма-Ата, 1983. С. 122.

⁸ Сондай-ақ қараңыз: “Об “узурпации” власти в Казахстане во 2-й половине XIV в. беком племени кыйат левого крыла Золотой Орды Тенгиз-Бугой” (Материалы итоговой научной конференции профессорско-преподавательского состава КазГУ им. С. М. Кирова. Алма-Ата, 1974. С. 6—7.)

Кеңесінің мүшелеріне, еңбектің қолжазбасымен танысқан және оны талқылауға қатысқан Институттың қызметкерлері К. А. Пищулинаға, Х. А. Арғынбаевқа, О. Е. Смағұловқа дән ризалығымды білдіруді өзімнің борышым деп есептеймін.

Өмірден ерте озған ҚР ҒА-ның академигі Р. Б. Сүлейменовке, ӨзР ҒА-ның корреспондент-мүшесі Б. А. Ахмедовке, филология ғылымдарының докторы Е. З. Қажыбековке, В. П. Юдиннің шәкірттері — М. Қ. Әбусейітоваға, Т. К. Бейсембиевке, Н. Ә. Масановқа және басылымның демеушілері Б. Х. Тұралиевке, Б. К. Карашановқа, сондай-ақ Ж. М. Жаппасбаева мен А. К. Сұлтанғалиеваға ерекше алғысымды білдіремін.

Ю. Г. Баранова

Ақ, Көк, Боз, Алтын... Ордалар

Еуразия даласы мен оған шектесіп жатқан моңғол дәуірінен кейінгі аймақтар тарихында атауларының құрамына “Орда” сөзі кіретін көшпелілер бірлестіктері кеңінен таныс. Олардың кейбірі, мысалы, Алтын Орда тіпті “әлемдік” держава дәрежесін иеленуге де ұмтылды.

Алтын Ордадан басқа Ақ, Көк, Боз, Ала, Мамай, Мұрат, Ахмет, Еділ бойы, Перекоп, Жайықтың арғы жағы, Қырым, Белгород, Залесск, Городецк, Ұлы, Орта, Кіші, Жүздік-орда (Орда-Сотня), Ноғай (Маңғыт), Қазақ (Қырғыз-қайсақ, яғни Қазақ), Қарақалпақ, Қалмақ т. б. ордалар болды.

Осы ордалардың көпшілігі Қазақстанда және басқа да далалы, таулы аудандарда XVI—XVIII ғасырларда және одан кейін де болды. Сонымен бірге осы уақытта далаларда неғұрлым ертеректе болған ордалар туралы естеліктер сақталып келді. Бірақ бұл жай ғана естеліктер емес еді. Шыңғыс ордасы мен оның ең жақын мұрагерлерінің ордалары туралы дәріпті ұғымдарды әуел бастан-ақ көшпелілердің билеуші топтары құқықтық нормалар ретінде ұғынды. Бұл нормалар Моңғол империясының қалған бөліктерінде құрылған көшпелі және отырықшы бірлестіктер мен мемлекеттер арасындағы сыртқы

және ішкі қатынастарды реттейтін маңызды құқық көзі ретінде қызмет етті.

Татар-моңғол шапқыншылықтары мен жаулап алулар, Моңғол империясы мен Шыңғыс ханның ұлдары мен оның жақын ұрпақтары ұлыстарының құрылу феномені замандастарын таңдандырып, өткен тарихтағы оқиғаларды көлегейледі, ал көшпелі халықтардың жадында еретеректегі этностық, саяси, әлеуметтік, идеологиялық, этикалық және мәдени тарихтың оқиғаларының көбін ұмыттырып жіберді. Олардың орнын жаңалары басты.

Татар-моңғол жаулап алулары Еуразияның саяси картасын қайта қиып-пішті. Кей жағдайларда олар сонау Африканы да қозғады. Сан ғасырлар бойы олардың жаңғырығы бүкіл дүниежүзі тарихында көрініс тауып тұрды.

Алайда, тек материалдық “әлемдік” тәртіп қана емес, сонымен қатар мұраттық, рухани жөн-жосық та өзгеріске ұшырады. Осы және басқа тұрғыдан да еуразиялық әлем орасан зор қайта құрудан өтті.

Моңғолдардың жаулап алуларының саяси салдары жалпы алғанда біршама зерттелген, дегенмен көптеген проблемалар әлі де қосымша зерттеулерді қажет етеді, ал бірқатар мәселелер тіпті қойылған да жоқ. Рухани өзгерістерді зерттеу жайында да осыны айту керек. Мұнда нашар зерттелген ғана емес, тіпті қозғалмаған, әлі қойылмаған проблемалардың саны есептеуге келмейді. Бұл арада Шыңғыс ханның жеке басына немесе Шыңғыстың “алтын” тұқымына¹ табыну біршама жақсы көрсетілген. Сондай-ақ бұл орайда моңғолдар орнатқан “жаңа әлемдік” рухани тәртіптің басқа кейбір қырларын да атауға болады.

Әлі толық зерттелмеген, бірақ маңыздылығы өте зор кейбір мәселелерді атап өтейік. Мысалы, Шыңғыс ханның өзінің тірісінде

¹ Қараңыз, мысалы: *Владимирицов Б. Я. Общественный строй монголов: Монгольский кочевой феодализм. Л., 1938. С. 17, 144–147.*

ұлдары мен немерелеріне Моңғол империясын бөліп беруі көптеген халықтар үшін құқық көзі ретінде қызмет етіп, кейбір аймақтарда XX ғасырға дейін қолданылды. Осы бөлістердің негізінде пайда болған түсініктер және одан да гөрі бұлжымас психологиялық басымдықтар жоғарғы билікке ұмтылулар, аумақтық таластар үшін жеткілікті негіз, соғыстар үшін себеп, бітімге келу және бейбіт келіссөз жүргізу үшін негіз болып келді.

“Шыңғыс ханның бөлуі” және оның мұрагерлерінің “бөлулері” көшпелілерде және кейбір өзге халықтарда құқықтық сана-сезімнің, дүниетаным мен идеологияның жоғарғы дәрежелері болды.

Көптеген еуразиялық халықтардың, ең алдымен көшпелі халықтардың қоғамдық санасында болған, шартты түрде идеялық-психологиялық “революция” деп атауға болатын идеологиялық және психологиялық төңкерістің орасан зор болғаны сондай, олар ірі болғанымен, оқиғалардың үйреншікті даму шеңберінен шықпайтын құбылыстардың аумағынан асып, жаңа дүниетанымның қалыптасуына бастады.

Шыңғыс ханның, оның руы мен ата-бабаларының шыққан тегі туралы аңыздар, мысалы, адамзаттың шығу тегі туралы мұсылмандық түсініктерге және осы арқылы мұсылмандық әлем бейнесіне енгізілді. Мұсылмандардың тарихи шығармаларындағы адамзат баласының пайда болуы тарихы, әдетте, адамның жаратылуы мен пайғамбарлардың тарихынан басталып, Оғыз туралы аңыздар циклімен, түрік-моңғол тайпаларының шежіресімен, Шыңғыс хан тұқымының шежіресімен және көшпелі әлемнің халық, тайпа, руларының одан әрі тармақтануларымен толықтырылды. Мысалы, Рашид ад-Диннің “Жылнамалар жинағы” және тағы басқа мұсылмандық тарихи еңбектер осындай.

Ислам дінін ұстанбайтын көшпелі халықтар туралы айтудың да қажеті жоқ. Бұл орайда барынша назар аударуға лайықты, әрине, моңғолдардың өздері. Олардың ғаламдық ілімі біздің

заманымызға дейін жазбаша түрде жетті. Ол — “Моңғолдардың құпия тарихы”². Шығыстанушылар бұрыннан бері осы ескерткіштің қай жанрға жататыны туралы пікір таластырып жүр. Оны моңғол эпосының жазбаға түскен түрі деп жазғандар да болды. Басқа пікірлер де айтылды³. “Құпия тарихтың” әдебиеттанудағы формальды топтастыру тұрғысынан жанрлық мәнін қозғамай-ақ, біз осы моңғол сөз өнерінің туындысын жаңа моңғол дүниетанымның жинақтап баяндалуы деп қана айтамыз. Кей тұстарында ол гректер мен римдіктердің мифологиялық циклдеулерімен үндес келеді.

Мұсылман емес отырықшы халықтардың идеологиясы да қамтылды. Осы негізде кейбір ежелгі діни-идеологиялық жүйелер де белгілі дәрежеде өзгертілді.

Сонымен, бірқатар көшпелі халықтарда шамандық, буддалық, мұсылмандық және басқа концепциялар мен шыңғыстық доктринаның бірігуі арқылы іс жүзінде жаңа қиялдық дүниетаным, жаңа идеология қалыптасты, мұның өзі әлеуметтік жік-жікке бөлінген қоғам жағдайында үстем таптардың санасы мен психологиясын билеп қана қоймай, сонымен қоса қоғамдық даму заңдарына сәйкес қалың көпшілік халықты да рухани тұрғыдан бағындырды. Өйткені тек қана “көкте құдай, жерде Шыңғыс хан” болды. Татар-моңғолдардың үстем топтары мен тікелей өндіруші көпшілік идеологияларының арақатысы туралы мәселенің маңыздылығы айқын болғанымен, бірақ ол шын мәнінде зерттелген жоқ. Олардың

² Козин С. А. Сокровенное сказание. М.; Л., 1941.

³ В. В. Бартольд пен Б. Я. Владимирцов арасындағы осы мәселе бойынша пікірталас пен жаңа әдебиетті қараңыз: Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Соч. М., 1963. Т. 1. С. 90—91; Владимирцов Б. Я. Общественный строй монголов; Козин С. А. Сокровенное сказание, әсіресе 29—75-бб.

толық сәйкестігі туралы сөз қозғаудың қажеті де жоқ. Алайда, бұл мәселенің зерттелуі әлі алда.

Осы жағдайда жаңа діннің қалыптасуы туралы айтуға толық негіздеме бар деп ойлаймыз. Бұл дін татар-моңғол жаулап алуларынан туындаған дүниетаным мен идеологияның құрамдас бөлігі болды. Осы дүниетанымдық және идеологиялық түсініктердің жаңа кешенін біз *шыңғысизм* деп атадық. Шыңғысизм терминін оның тар мағынасында біз жаңа дінге қатысты да және төменде нақтырақ айтылатын осы құбылыстың басқа аспектілеріне қатысты да қолданамыз.

Татар-моңғолдар бағындырған орасан зор аумақтардың және сол жерлерді мекен ететін халықтардың өміріндегі шыңғысизмнің тағдыры бірдей болған жоқ. Біреулер одан батыл түрде бас тартты және жек көрді, біреулер өздерінің дәстүрлі дүниетанымдық және идеялық-психологиялық схемаларына қосып, кейбір тұстарын ғана қабылдады, ал енді біреулер үшін ол жоғары сатыдағы философия іспетті болды, яғни кеңістіктік тұрғыдан қарағанда шыңғысизм біртекті болмады. Халықтардың рухани өміріндегі оның үлес салмағы уақыт өте келе өзгеріп тұрды.

Түрік-моңғол халықтарының өмірінде дәстүрлі діни сенімдердің орны соншалық аз болғандығы туралы аз жазылған жоқ. Бұл жағдай ғылыми орталарда татар-моңғолдардың дінге еріктілігі және оның себептері туралы түсініктерді тудырды. Шын мәнінде олардың дінге еріктілігі саяси қару және дипломатиялық құрал болды. Қажетті тұстарда татар-моңғолдар конфессиялық қарама-қайшылықтарды себеп тұтып, қатыгез репрессияларға барған. Әлбетте, барлық жақтардағыдай, осындай қақтығыстардың негізінде материалдық тұрғыдағы себептер жатты, мұның өзі идеялық-діни сипаттағы қайшылықтардың барлық көріністеріне тән. Бұлай дегеніміз татар-моңғолдардың осы тұрғыда ерекше еместігін көрсетеді. Бірақ олар жүргізген идеялық-діни саясаттың өзіне тән ерекшеліктері де болды. Бұл

орайда олардың негізгі міндеті кең мағынадағы шыңғысизмді бағындырылған халықтар арасына енгізіп, тарату болды. Сондықтан татар-моңғолдар ерекше жаратылған және таңдаулы халық, олардың әлемдік билік жүргізуге құқықтары бар дегенді орнықтыруға негізделген шыңғысизм оған бағынған немесе өзіне қолайлы түрі мен көлемінде оның құрамына енген кез келген идеологиялық жүйемен үйлесіп отырды.

Ал сол шыңғысизмді қалай дін ретінде қарастыруға болады? Егер шыңғысизм Шыңғыс ханның шығу тегі мен іс-әрекеттері туралы аңыздарға және түрлі тілдерде жазылған көптеген дереккөздердің тарихи тұрғыдан анық хабарларына негізделген болса, сонымен қатар Шыңғыс ханның арғы және бергі ата-бабаларының шығу тегі туралы аңыз болғанымен, тарихи шындыққа біршама сәйкес келетін аңыздарға негізделген болса — онда шыңғысизмнің өзі кей тұстарында шынайы, ал кей тұстарында жартылай аңыз немесе аңызға айналған, бірақ соған қарамастан ұлы “ғаламды сілкіндірушінің” тарихы болып келеді, одан артық ештеңе де емес емес пе?! Өйткені, түрік-моңғол халықтары Шыңғыс хан шежіресінің шынайылығына сенді, ал оның замандастары мен кейінгілер оның нақты тарихи тұлға екенін білді ғой!

Алға озыңқырап, буддистер Будданың, зороастрлар Зороастрдың, христиандар Иса пайғамбардың шынайылығына сенгені туралы айта кетейік. Мұсылмандар да ислам дінінің негізін қалаушы және діннің өзі Мұхаммедтің атымен аталған Мұхаммед пайғамбардың тарихи тұлға екенін, оның өмірде болғанына күмәндану орынсыз екенін білген. Мысалдарды көбейте түсуге болады. Дегенмен, олар тарихи тұлға ретінде өмір сүрді ме, жоқ па, олардың ілімдері діни ілімге, яғни дінге айналды. Бірақ басты мәселе мұнда да емес.

Түрік-моңғол халықтары Шыңғыс хан ұрпақтарының шынайы немесе жалған генеалогиялық тарихын әлемнің жараты-

лысы туралы түсініктерінің ортасына қояды, ал оның орталық тұлғасы Моңғол империясының негізін қалаушының өзі болады. Шыңғысизм ықпалының астында қалған түрік-моңғол халықтары үшін Шыңғыс хан заманынан бергі тарих — “жаңа дәуір” тарихы, ал Шыңғыс ханға дейінгі тарих “жаңа дәуірге дейінгі” тарих деп танылды. Шыңғыс хан кезеңі олар үшін уақыт өлшемінің бастау нүктесі, яғни дәуір болды. Түрік-моңғол ру, тайпа және халықтарының генеалогиялық түсініктері Шыңғыс хан тұқымының генеалогиялық тарихы туралы деректермен байланыстырылды. Түрік-моңғол тайпалары шежіресіндегі “алғытайпаларының” шежірелері “кейінгі” тайпалар және Шыңғыс хан, оның ата-бабалары мен кейінгі ұрпақтарының шежірелерімен біртұтастандырылып, Еуразияның тиісті көшпелі тайпаларының барлығына орын табылған “мінсіз пирамиданы” құрады. Шыңғысизм үшін осы пирамида адам тегі қалыптасуының маңызды фазасы, адамзат орталығы болды, ал адамзаттың діні немесе нақты тарихтары бойынша белгілі басқа бөліктерінің маңызы мәнсіз болып шықты.

Адамзат құрылымының пайда болуы мен қалыптасуы ру-тайпалық ұғыну терминдерімен баяндалған осы жаңа генеалогиялық кешен бүкіл адамзат пен ғаламның жаратылуы туралы көзқарастардың қалыптасуына негіз болды. Ол жаңа дін ғимаратының жоғарғы қабаты және қосымша құрылыстары тәрізді болған түрік-моңғол шаманизмінің дәстүрлі элементтерімен толықтырылды. Осы арқылы космогониялық миф жаратылды, яғни қиялдағы дүниетаным мен идеология қалыптасты. Осылайша жаңа дін пайда болды.

Айтылғандардың барлығы Шыңғыс хан туралы дереккөздер мен аңыздардың мәліметтері оның тарихы екендігіне немесе өмірбаянының сенімді көріністерін баяндайтындығына қайшы келмейді. Шыңғысизмнің конфессия ретіндегі де, әмбебап идеологиялық-дүниетанымдық тұжырымдама және прагматикалық

доктрина ретіндегі де “зұлымдығы” сонда, ол өз құрылымының шынайы-тарихи қабаттарымен “бүркемеленген” еді. Шыңғысизмнің қалыптасуына толық ұқсастықты ислам дінінің құрылуы тарихынан көре аламыз. Олардың рәсімделуіндегі маңызды айырмашылық — екінші жағдайда “әуелі сөз”, содан кейін іс-әрекеттер болғаны, ал біріншісінде — “қылыпш”, яғни іс-әрекеттер, ал содан кейін барып “сөз” болғандығында. Егер алғашқы мұсылмандар іліммен жігерленіп, әлемді дүр сілкіндірсе, татар-моңғолдар әлемді өзінше қайта пішіп, ілімді жасады және оны меңгерді. Егер адамзат құрылымы мен ондағы өз орындары туралы татар-моңғолдардың бастапқы ой қорлары әрекеттің басталуына жеткілікті болса, ал оның аяқталуы үшін ғаламдық доктрина қажет болды. Шыңғысизм тарихы — орталық ойы “әлемдік үстемдік” болған жалған идеологияның, фантастикалық дүниетанымның туу тарихы. Және де егер татар-моңғолдар жаңа мұраттық әлемді қалыптастырудағы өз миссияларын толық ұғынбаған болса, онда бұған олардың “сөзден” “істерінің” озып отырғандығы кінәлы. Мұны олар түсінген жоқ, жаулап алуларының соңына дейін, Моңғол империясы күйреп, “моңғолша әлем” белгілерінің жоғалуына дейін түсінген жоқ. Татар-моңғол шапқыншылықтарының салдарын жоюмен айналысқан адамзат шыңғысизм-конфессияны “байқамай” да қалды. Ислам немесе ламаизм сияқты шыңғысизмнің кейбір элементтерін өз құрамына енгізген басқа әмбебап идеологиялық-дүниетанымдық жүйелердің қарсыластығы оның жаппай ұғынылуына мүмкіндік туғызды. Оның өз “долбарлығы” мен ксенофобия оның таралу жолында бөгет құрды. Татар-моңғолдардың “практикалық әрекеттерінің” нәтижелерін зерттеуге ден қойған қазіргі ғалымдар да шыңғысизмді біртұтас ілім ретінде ілікке алмады. Сөйтіп ол адам ойының тарихында зайырлы құбылыс күйінде қалды. Шыңғысизмді рухани тұрғыдан ұғыну талаптары жасалса да, оның бұл аспектісі жалпы идеологиялық жүйелілігі

мен тұтастығы жоқ татар-моңғолдардың әлемдік қырғынының қосымшасы ретінде көрсетілді. Сондықтан шыңғысизм әлі күнге дейін көбіне оқиғалық тарих сияқты. Егер татар-моңғолдар үшін де ол әлемнің идеалдық тарихына толық енген нақты оқиғалық тарих болса, онда идеалдық тарихтың өзі татар-моңғолдардың алдамшы ойы үшін ең сенімді тарих болған, бұл барлық діндерге тән және шыңғысизм-дінін ғылыми тұрғыдан түсінуге кедергі болмауы керек. Сонымен, шыңғысизмді конфессия ретінде қабылдау және Шыңғыс хан мен татар-моңғолдар тарихының нақтылығы бір-бірін жоққа шығармайды және бір-біріне қайшы келмейді. Пайда болуы, дамуы және жойылуы дереккөздерде жақсы көрсетілген шыңғысизмнің конфессиялық тарихын зерттеу — тек қана осы феноменді айқындап қоймай, мүмкін, ұқсас далалық және далалық емес, мысалы, грек-рим мифологиялық циклдік жүйелерді тануға көмектеседі, өйткені шыңғысизм дегеніміз — бұл анық пен аңызды типтік циклдеу. Мұндай зерттеудің әдіснамалық тұжырымдарының құндылығы даусыз.

Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары уақытындағы түрік-моңғол халықтарынан дін мен діни-шіркеулік ұйымды іздеу — татар-моңғол шапқыншылықтарының орасан зор апатты салдарының ортасында жылжытушы идеологиялық күш деп қабылдана алмайтын және заңды түрде татар-моңғолдардың әскери қуаты мен олардың идеялық-діни әлеуеті арасындағы түсініксіз қайшылық туралы ойды туғызатын шамандықтың елеусіз элементтерінен басқа ештеңені көрсетпейді, соған байланысты оның шешімі татар-моңғолдардың рухани қуаттылығын дұрыс іздестірмегендікте жатыр. Ал шынында татар-моңғолдардың діні өте қуатты болды, оның негізі ертеректе әлемнің түрік-моңғолдық бейнесінің өзегі болған, демек оған дейінгі дәуірлерде де көшпелі елдердің иллюзиялық, фантастикалық дүниетанымы мен идеологиясының да негізі болған генеалогиялық мифтер

болды. Шежіре-мифтер құрамы бойынша күрделі конустарды құрайтынын атап өтейік. Егер осындай конустың төменгі жағында өмір сүріп жатқан ұрпақтар мен олардың нақты ата-бабалары көрсетілсе, конус жоғарылаған сайын санамаланып жатқан ата-бабалар тізбегі қиындай түседі, ал ең жоғарысында айқын қиял орналасады. Сол төменгі қатардың шынайылығы шежірелерді әлемнің қалыптасуы мен қызмет етуінің жалған идеологиялық-дүниетанымдық жүйесі деп ұғынуға кедергі болды деп ойлаймыз. Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының тарихи әрекеттерінің барысында шыңғысизм болып қалыптасқан, шаманизм элементтерімен толықтырылған осы мифтер өздерінің жаңа жүйесінде татар-моңғолдар үшін олардың әскери қуатына тең күдіретті рухани күш болды. Бірақ шыңғысизм тек қана дін болған жоқ. Шыңғысизм дүниетаным, идеология, философия, қоғамдық құрылыс пен әлеуметтік институттар құрылымын мақұлдау, құқықтық және саяси жүйе, мәдениеттану ілімі, ағарту негізі, жанұя мен қоғамдағы құлықты реттеу құралы болды... Ал бұл тұрғыда ол өзге діндерден ерекшеленген жоқ.

Түрік-моңғол халықтарының тарихындағы шыңғысизмнің маңызын көрсету үшін тек баршаға мәлім фактілердің бір-екеуін еске түсірелік. Шыңғысизм Шыңғыс хан ұрпағының жоғарғы билікке ие болу құқығын дәріптеді. Соның ішінде бұл “хан” атағы тек Шыңғыс хан ұрпақтарының шексіз құқығында болуынан көрінді. Шыңғыс тұқымы еместердің хан атағын иеленуге әрекеттенулері түрік-моңғол және басқа да халықтардың санасында құқыққа қарсы, тіпті бейәдеп қылық болып саналды. Мұндай кесім оны жүзеге асырғысы келген кісіні құқықтан тыс қойғандай болды. “Қарадан шығып хан болу осыдан бастап тоқтатылсын!”⁴. Осындай ұранмен өзі де жалған Шыңғыс

⁴ Утемиш-хаджи ибн Маулана Мухаммад Дості. Чингиз-наме. Рук. ИВ АН РУз., № 1552, л. 476.

ұрпағы болған Алтын Орда ханы Өзбектің жақтастары қийат Исатай мен сыжұт Алатай хан билігін “озбырлықпен алмақшы” болған оның қарсыласы, Шыңғыс ұрпағы емес Тоқ-Бұғаны өлтіреді.

Сондықтан тарихи дамудың табиғи барысы Шыңғыс ұрпақтарын жоғарғы биліктен ығыстыруға алып келген жағдайларда тарихи тәжірибе жоғарғы биліктің тек Шыңғыс тұқымына ғана тиістілігі туралы постулатты айналып өту жолдарының бірнеше тәсілін қалыптастырды.

Нақты билікті иеленіп кеткен Шыңғыс тұқымы еместер, мысалы, Әмір Темір, Едіге және басқалар Шыңғыс тұқымынан шыққан, қолдан қойылған хандардың атынан билік жүргізуге мәжбүр болды.

Басқадай жағдайларда мұндай билеушілер өздерінің Шыңғыс хан немесе оның ата-бабалары не ұрпақтарының бірінен шыққаны туралы аңыздар құрастырған. Осындай аңыздарды алтынордалық хандар Өзбек, жалған-Келдібек, моғолстандық хандар Тұғлық-Темір мен Хызыр-Қожа, Әмір Темір (алайда ол хан атағын алуға батпады), қоқандық хандар және басқалар қолданды.

Тіпті Шыңғыс хан тұқымының шежіресіндегі орны бойынша ешбір құқыққа ие болмаған кейбір Шыңғыс ұрпақтары Шыңғыс ұрпағы шежірелерін өздеріне қолайлы түрде өзгертіп, егер қарсы болғандарға жалған уәждерді қабылдатуға күштері жеткілікті болса, өз мақсаттарына жеткен болатын. Кері жағдайда олар өлтірілген.

Шайбан ұрпақтарының тарихында да олардың аумақтық дәмеленулері кездеседі, олар бұның өзін Шайбан ханның Шыңғыс ұрпақтарының тарихында ерекше орын алғандығымен, “Шыңғыс хан бөлуімен”, яғни шыңғысизммен негіздейді.

Түрік-моңғол және басқа халықтардың тарихында жазбаша және ауызша дереккөздер айғақтайтын осы сынды фактілер

көп. Сонымен, шыңғысизм тарихы оған қарсы күресті белгілі жағдайларда және тек шыңғысизмнің құралдарымен ғана жүргізуге мүмкіндік беретін қуатының куәліктерін береді. Бұл өз кезегінде оның қызметін зерттеуге нақты-диалектикалық тұрғыдан келуді талап етеді.

Шамасы, шыңғысизм түрік-моңғол халықтарының тарихында айрықша қайталанбас құбылыс болмаған. Кезеңдік және типологиялық тұрғыда онымен бір қатарға Оғыз туралы аңыздарды қоюға болады. Бізге жеткен түрінде бұл цикл шыңғысизм тәрізді эпикалық деңгейге дейін өзгерген ертеректегі саяси және діни-идеялық тұжырымдама болып келеді⁵. Бұрынғы өткен заманда далаларда “оғызизмнің” болғаны туралы үлкен сеніммен айта аламыз. “Оғызизмнің” құлдырауы мен әлсіреуіне осы шыңғысизмнің біраз мөлшерде кінәлі болуы мүмкін, өйткені Шыңғыс хан халықтарды жаппай қырып-жойып, “ажыратқан” далаларда “оғызизм” шыңғысизмнің бәсекелесі болғандықтан, шыңғысизмнің оған қарсы конфессиялық төзімсіздігі заңды және орынды болды.

Еуразия далаларының алапат күйзелістері әрқашан немесе көп жағдайларда шыңғысизмнің пайда болуы сияқты идеологиялық төңкерістермен жарыса жүргенін жоққа шығаруға болмайды. Егер бұл осылай болса, ал біз мұның солай екеніне сенімдіміз, онда зерттеушілердің алдынан орасан зор күш салуды талап ететін, сонымен бірге түрік-моңғол және басқа далалық көшпелі халықтардың өткендегі саяси, мәдени, рухани сырларын білгізетін кең зерттеу объектісі ашылады. Мұндай зерттеу бағдарламала-

⁵ Оғыз және ол туралы аңыздар циклі жайында қараңыз: Кононов А. Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази, хана хивинского. М.; Л., 1958;. Шербак А. М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. М., 1959; Книга моего деда Коркута: Огузский георический эпос / Пер. акад. Бартольда В. В. М.; Л., 1962.

рын жүзеге асыру, әлбетте, дереккөздерді зерттеудің жаңа әдістерін талап етіп, көшпелілікті зерттеудің ерекше тарихи-ғылыми бағытына айналуы мүмкін.

Бір ғажабы, шыңғысизм тарихи феномен ретінде өзін-өзі бүгінге дейін жойған жоқ. XX ғасыр тарихы белгілі бір саяси топтар мен күштердің оны қазіргі саяси тәжірибеде қолдану мысалдарын көрсетеді. Мұның өзі шыңғысизмді зерттеудің тек тарихи-танымдық мәні бар екенін ғана емес, сонымен бірге қазіргі күнде де саяси және басқа тұрғыдан өзекті (тіпті көкейкесті) екенін көрсетеді.

Төменде келтірілген мәліметтер XVI және одан кейінгі ғасырлардағы Қазақстан және көршілес елдер мен халықтар тарихының кейбір шындықтарын түсіндіру мақсатын көздейді. Олар, бұл шындықтар, көбінесе өмірге шыңғысизм арқылы келіп, сонымен бірге оның нақты көрінісі болып табылды. Бұл арада атауының құрамына “орда” деген сөз кіретін көшпелілер бірлестіктерін ойға алып отырмыз. Қазірге дейін олардың тарихында анық емес жайлар көп: атаулардың шығу тегі, пайда болу және құру уақыты, аумағының мөлшері мен шекарасы, өзара қарым-қатынастарының түрі, олар держава болды ма әлде географиялық ұғым ғана болды ма, қала берсе, олардың кейбіреулері жалпы өмір сүрді ме және т.с.с. Шығыстану және тарих ғылымдарының жалпы жетістіктерін ескере отырып және, ең алдымен, ішінара әлі ғылыми айналымға түспеген шығыс дереккөздерінің деректері негізінде кейбір ордалар атауының этимологиясына түсінік беру талпынысы жасалып отыр. Этимологиялық түсіндіру қажеттілігіне қарай кеңейтілген хронологиялық шеңбердегі Дешті Қыпшақ тарихының аясында жүзеге аспақ. Жолай кейбір ордалар тарихының біршама арнайы аспектілері қарастырылады.

“Орда” сөзінің шығу тарихынан. Орда, басқаша айтылуы — орду сөзі түрік-моңғол тілдері үшін ортақ және бұл

тілдердің сөздігінде байырғы сөз болып есептеледі. Оның бастапқы мәні — “үй”, “ханның үйі”, “сарай үйі”, “салтанат үйі”, осыдан “ханның билеушінің резиденциясы, ордасы” деген жаңа мағына пайда болған⁶.

Түрік-моңғолдар ортасындағы көп әйел алушылық жағдайында әр әйелге жеке үй беруді дұрыс санағандықтан, “орда” сөзі, тіпті, “әйел” деген секілді метафоралық мағынаға ие болды.

Хан ордасының жанында, далада әдетте саудагерлер, қолөнершілер мен ортағасырлық “қызмет көрсету саласының” басқа да өкілдері өздерінің отбасыларымен, қызметшілерімен, барлық шаруашылықтарымен бірге жүрді. Олар хан ордасымен үнемі бірге көшіп жүріп, оның жанында кейде өте үлкен “көшпелі қала” құрайтын. Мұндай көшпелі қалалар “орда-базар” деп аталатын, әлбетте, базар сөзінің шығыстық мағынасында. Өйткені Шығыста базарлар тек сауда-саттық орны ғана емес, сонымен қатар түрлі бұйымдарды, мысалы, тағам өнімдерін шығаратын орын болған, бұл Еуропада да кездесіп тұратын жай. Көшпелі билеушілердің соғыстарында орда-базар далалық жорықтардың себебі және мыңдаған шақырым қашықтыққа шейін алып кетілетін бағалы олжа болатын⁷. Осылайша күтпеген жерден алыс шалғайларда, бұрын-соңды қала болмаған жерлерде ке-

⁶ Древнетюркский словарь. Л., 1969. С. 370; Севортян Э. В. Этимологический словарь языков: (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). М., 1974. С. 470—472.

⁷ Орыс жылнамасында, мысалы былай делінген: “В лето 6989 (1481 ж. — В. Ю.). Поиде князь Андрей Васильевич углецкий к берегу на Угру против царя Ахмата да с ним брат его князь Борис Васильевич своими дворами. И слышав то царь Ахмат, что князь великий смирился з братьею, и убояся братьи великого князя и побежа от Угры месяца сентября в 15 день, не дождався короля... Тое же зимы слышав царь Ивак Шибанский, что царь Ахмат идет с Руси, а воивал землю Литовскую, полону и богатства бесчисленно, и приде царь

нет жаңа қалалар пайда болатын. Олар көшпеліліктен шығып, кәдімгі отырықшы тұрғындар қалаларына айнала алатын. Бәлкім, алғаш орыс жаһанкездері барғанға дейін кейбір Сібір қалаларының тағдыры осындай болған шығар.

Кейде “орда” терминінің “ханның, билеушінің ордасы” деген мағынасы оған семантикалық мәні бірдей, бірақ стилі бойынша мейлінше жоғары “сарай” сөзі қосылуы арқылы күшейтіледі. Мысалы, Әмір Темірдің жорық ордасы „Сарай-орда” немесе “Орда-Сарай” деп аталған. Сондай-ақ ол “Биік Орда”⁸, немесе “Ұлы Орда”⁹ деп те аталған.

Ивак в Ногаи, а с ним силы 1000 казаков. И взял с собою щурью свою из Ногаи Мусу мырзу да Ямтурьчен мырза, а с ним пятнадцать тысяч казаков, и перевезезя Волгу на горную сторону, а уже осень. И поиде на переем на Ахмата царя и перенял след его за Доном, и поиде после Ахмата по вестем. И как Ахмат разделился своими ити салтаны, на зимовище приде и ста зимовати расплощася. А царь Ивак приде на него силою своею безвестно с мырзами месяца генваря в 6 день. Приде не него на утре изноровася, а царь Ахмат еще спит. А царь Ивак сам вскочи в Белу вежу цареву Ахматову и уби его своими руками. А силы межи собою не билися. А шибаны с нагаи наяаша ахматову орду грабити меж Доном и Волгою, на Донцу на Малом близ Азова. И стояль царь Ивак 5 дней на ахматове орде и поиде прочь, а ордобазар (сиреткен біз. — В. Ю.) с собою поведе в Тюмень, не грабя, а добра и скота и полону литовскаго бесчисленно поимал и за Волгу перевел” (қараңыз: Устюжский летописный свод: (Архангелогородский летописец). М.; Л., 1950. С. 93–94).

⁸ *Низам ад-Дин Шами. Зафар-наме // Материалы по истории киргизов и Киргизии. М., 1973. Вып. 1. С. 108 (бұдан әрі қарай: МИКК, 1); Шараф-ад-Дин Али Йазди. Зафар-наме // Сонда. 139-б. Абд ар-Разақ Самарканди. Матла' ас-са' дайн ва маджма' ал-бахрайн // Сонда. 156-б.*

⁹ *Му'ин ад-Дин Натанзи. Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини // Сонда. 126-б.*

Орда сөзіне кейбір түрік-моңғол тілдеріндегі “неке үй”¹⁰ деген мағына беретін *өргә* (*өрге*) сөзі синоним болатын. Өргә сөзінің “хан ордасы” деген мағынада қолданылуы, мысалы, МХР астанасы Улан-Батордың бұрын қала хан ордасы тұрған жерге салынуына байланысты “Урга” деп аталуында көрініс табады.

Орда сөзінің басқа синонимі ретінде түркі тілдерінде сол ұйді, немесе кез келген стационарлық тұрғын жайды белгілейтін, яғни орыстың “дом” сөзінің баламасы болатын *эв/өй/үй* деген түркі сөзі алынған. Мысалы, Жетісу өңірінде Ұлығ-Иф, яғни Ұлұғ-Әв (немесе Ұлұғ-Өй/Ұлұғ-үй) — Үлкен немесе Ұлы Орда деп аталған Шыңғыс ұрпағының ордасы белгілі болған¹¹.

Түркі негізіндегі семантикалық даму процесінде *орда* сөзі *өрге* және *өй* сөздері секілді көптеген қосымша мағыналармен толықтырылды. Келесілерін атап өтейік: “әскер, жасақ”, “нөкер”, “сарай, қамал”, “қоныс, қос, лагерь”, “сарай” немесе “билеуші резиденциясы”, “киіз үйдегі отбасы”, “ақсүйектер әйелдерінің тұрағы (үй)”, “ошақ” және басқалары¹². Сол сияқты *өргә* сөзі де “павильон, үлкен үй, қамал, биік орын, храм, тақ, тұрақ, түнейтін орын, күннің шығуы” және т.б. білдіреді¹³. “Өй” сөзінің “тұрғын үй, бөлме”, “үй шаруашылығы”, “тұрақ, тұратын орын”, “отбасы”, “қатын, әйел” және т.б. мағыналары пайда болды¹⁴.

¹⁰ *Севортыян Э. В. Этимологический словарь. С. 546–547.*

¹¹ Сонда. 470–472-бб.

¹² Сонда. 546–547-бб.

¹³ Сонда. 513–515-бб.

¹⁴ *Орда, өргә, өй сөздерінің этимологиясын табу әрекеттері туралы қараңыз: Севортыян Э. В. Этимологический словарь... С. 470–472, 513–515, 546–547.*

Мамандар орда, өргә және өй сөздерінің көптеген әр түрлі этимологиялық мағыналарын ұсынды. Олардың пікірлері де сөздің әуелгі мағынасына, шығу тегіне, фонетикалық тарихына қатысты бір жерден шықпады¹⁵. Алайда біз ерекше дәлел тапқанша бұл сөздердің бастапқы мағынасын “үй, киіз үй” деп алғанды жөн көрдік. Мұндай шешім олардың семантикалық дамуының барлық жолдарын қанағаттандыратын дәрежеде түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл арада тек өй сөзі киіз үйдің жалпы аталуы, ал орда және өрге — олардың арнайыландырылған түрлерінің атаулары.

Түрік-моңғол тілдеріндегі бұл сөздердің, әсіресе орда сөзінің мағыналық көп мәнділігі олардың түсіндірілуінде елеулі қиындықтар туғызады, сонымен қатар ол қиындықтар шығыс дереккөздерін орыс тіліне және басқа тілдерге аудару кезінде өзінің семантикалық өрісі бойынша дәлме-дәл емес және өзге мәдени-тарихи тұрғыдағы ассоциациялар туғызатын сөз-ұғымдармен берілуімен қиындай түседі.

Түрік-моңғол тілдерінен орда сөзі орыс тіліне, одан, ең алдымен орталық- және батысеуропалық тілдерге енді. Кейбір тілдердің бұл сөзді өз беттерінше қабылдауы да мүмкін. Орыс тіліне ол “хан үйі, хан шатыры, хан резиденциясы” деген мағынада және “далалық көшпелі бірлестік, көшпелі держава” деген мағынада да кірді. Орыс тіліндегі “Ордаға бару” тіркесі осыдан шыққан. Ұзақ жылдар бойына Русьта Орда деп Алтын Орданы түсінген. Хан ордасымен бірге көшіп жүрген тайпалар

¹⁵ Орыс тіліндегі “Орда” сөзінің мағынасы туралы мына еңбектерді қараңыз: Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. М., 1956. Т. 2. С. 690. (И—О); Преображенский А. Г. Этимологический словарь русского языка. М., 1958. С. 657; Ожегов С. И. Словарь русского языка М., 1960. С. 447; Фасмер М. Этимологический словарь русского языка... М., 1971. Т. 3. (Муза-Сят). С. 150.

да орда немесе ордалар деп аталып кеткен. Хан ордасымен бірге көшіп жүрген бірлестіктерді орыстарға тән түсінікпен қабылдау кірме сөздің ішіне “көшпелі тайпа”, “тобыр, қалың топ, топыр” мағыналарын да енгізді. Осыдан “банда” сөзінің қазіргі мағынасына дейін де алыс емес.

“Тобыр, қалың топ, топыр” деген мағына алғашқы қоғамдастық тарихы мамандарының орда сөзін құрылымы беймәлім ежелгі адамдар ұжымдарын, басқаша айтқанда “алғашқы қауым адамдарының табырын” білдіру үшін қолдануларына негіз болды.

Орда сөзінің оны пайдаланған орыс және басқа тілдердегі осыншама кең ауқымды қолданылуы оның осы тілдердегі көнелігі туралы жалған түсінік қалыптастырады. Шындығында ол тек моңғол заманынан кейін ғана осы тілдерге кірді.

Ғылыми әдебиетте де, аудармаларда да, зерттеулерде де орда сөзі оның түрік-моңғолдық мағынасында да, орыс және басқа еуропалық тілдердегі мағынасында да жиі қолданылады. Орда сөзі семантикасының қазіргі кезде дербестенген осы екі даму жолының бір-бірімен өзара байланысуының салдарынан оны әдебиетте түсіндірудің қиындықтары көбейе түсті. Осы қиындықтармен шығыстану Алтын Орданы және басқа ордаларды зерттеуде барынша мол мөлшерде кездеседі. Айтылғандар орда сөзін ғылыми әдебиетте пайдалануда белгілі бір шектеуші қағидат қолданылуы қажет екендігін көрсетеді. Орыс және басқа ғылыми мәтіндеріндегі орда сөзі зерттеліп отырған шығыс мәтіндерінде қолданған жағдайлармен ғана шектеулі болуға тиіс. Әрине, мұндай шектеулерді Алтын Орда, Ақ Орда және тағы басқа осы сынды атау-терминдерді қолданғанда қоюдың қажеті жоқ.

Ақ, Көк, Боз, Алтын Ордалар. Аталған Ордалар төңірегіндегі талас әлі күнге дейін жалғасуда. Кейде пікір таласының арқауы ендігі шешілген проблемалардың өзі болады, бірақ бұл шешімдер не мақұлданбайды, не кейбір авторларға әлдебір себеп-

термен белгісіз болып қалады, бір жағынан нақты дәйектің жетіспеушілігі ұзаққа созылған пікірталастың себебі болып жатады. Ал Боз Орда туралы мәселеге келсек, бұл тіпті жаңа проблема. Бұрын Боз Орда туралы жалпы ештеңе де белгілі болған жоқ, оның болғандығы туралы мәселе әдебиетте қойылған да емес.

Қозғалған проблеманы зерттеуде ілгері жылжу бұрын пайдаланылмаған, жаңа дереккөздерін айқындап, тартуға және ғылыми айналымға ендігі енгізілген деректерді тереңірек талдауға келіп тіреледі.

Ақ, Көк және Алтын Ордалар тарихы бойынша сондай дереккөзінің бірі, мәліметтері әлі қолданылмаған, XVI ғасырда Хорезмде Өтеміс қажы ибн Маулана Мұхаммед Досты жазған түркі тілді тарихи шығарма — “Шыңғыс-наме” (“Шыңғыс кітабы”) болып табылады¹⁶. Өтеміс қажының Ақ, Көк және Боз Ордалар туралы хабарларын В. В. Бартольд тіркегенімен¹⁷, ол оны Ақ және Көк Ордалар проблемасымен байланыстырған да жоқ, түсіндірген де жоқ. Ол, сондай-ақ, Боз Ордаға да ешқандай мән берген жоқ. Бұл мәліметтер кейінгі кездерде де мамандардың назарына ілікпеді және зерттеулерде пайдаланылмады.

¹⁶ Автор және оның шығармасы туралы қараңыз: Бартольд В. В. Отчет о командировке в Туркестан // Соч. М., 1973. Т. 8. С. 164–169; История Казахской ССР: С древнейших времен до наших дней. Алма-Ата, 1979. Т. 2. С. 379. Жоғарыда аталған “Шыңғыс-наменің” қолжазбасын В. В. Бартольд та пайдаланған. “Шыңғыс-наменің” басқа қолжазбасы туралы қараңыз: Валидов А. З. Восточные рукописи в Ферганской области // Записки Восточного отделения Императорского Русского Археологического Общества. Пг., 1915. Т. 22. Вып. 3–4. С. 320.

¹⁷ Қараңыз: Бартольд В. В. Отчет о командировке в Туркестан.

Ал, “Шыңғыс-наменің” деректері Ақ, Көк, Алтын Ордалардың тарихымен байланысты мәселелерді шешу үшін ерекше маңызды. “Шыңғыс-наме” Шыңғыс ұрпақтары мен Дешті Қыпшақ тайпалары өкілдерінің Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары жайында және Еуразия даласындағы тайпалар мен рулар туралы айтқандары негізінде жазылған, яғни мұнда көшпелілердің ауызша тарихи білімі қағазға түсірілген. Жазба дереккөздерін Өтеміс қажы пайдаланбаған дерлік. Бұл шығармада даланың ауызша тарихи дәстүрі XVI ғасырда, яғни Шыңғыс уақытынан кейінгі үш ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін қандай болса, сондай күйінде тіркелген. “Шыңғыс-наме” — бұл тек қана өзіндік ерекшелігі бар тарихи еңбек қана емес, сонымен бірге шыңғысизм идеологиясының Шайбан ұрпақтарының нұсқасындағы ескерткіші, бұл оны біз үшін ерекше құнды етеді. “Шыңғыс-наме” мәліметтеріне жасалған талдау XIV ғасырда Дешті Қыпшақта Батудың ұрпақтарының қырда тарих сахнасынан кетіп, олардың орнына Шайбан мен Тоқа-Темір ұрпақтарының бәсекелес топтары келген кезде де шыңғысизм идеяларының қаншалықты жаны сірі және өміршең болғандығын анық көрсетеді. Өтеміс қажының Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының әрекеттеріне үнемі жүгінуі XVI ғасырдағы шыңғысизмді түрлі аспектілерде, яғни қоғамдық-саяси, әлеуметтік-жіктелу, құқықтық, моральдық-этикалық, мәдениеттік және жалпы идеологиялық, дүниетанымдық аспектіде талдауға мүмкіндік береді. Тектес дереккөздер, мысалы, Мұхаммед Шайбани хандікі деп саналатын “Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме” (XVI ғ.), Қадырғали би Жалайырдың “Жылнамалар жинағы” (XVII ғ.), Әбілғазының “Шаджарайи түрк ва моғол” және басқаларының мәліметтерімен бірлестікте “Шыңғыс-наменің” деректері көшпелілердің айқын дәрежеде қалыптасқан және рәсімделген далалық ауызша тарихи білімін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл далалық

ауызша тарихи білімді д а л а н ы ң а у ы з ш а т а р и х - т а н у ы деп атауға болар еді, өйткені “тарихнама” термині ауызша дәстүрге қатысты алғанда онша нақты болмас еді.

Ақ және Көк Ордалар туралы “Шыңғыс-намеде” берілген мәліметтер Дешті Қыпшақтағы жоғары билікті Батуға беру жөніндегі әңгімеде келтіріледі. Жошы өлгеннен кейін оның тұңғыш ұлы Орда-Ежен мен екінші ұлы Батудың арасында Жошы ұлысына қайсысының хан болуы керектігі жөнінде дау шығып, ағайынды екеуі билікті бір-біріне ұсынатыны айтылады. Ақыры олар Шыңғыс ханға барып, одан өздеріне төрелік айтуын сұрайды: “Бір анадан туған екі ұл және басқа аналардан туған 17 ұл, бәрі бірге Ұлы ханның қабылдауына барады. Олар өздерінің ханына (аталарына) қызметке келген кезде, ол (Шыңғыс) үш үй (өрге): алтын босағалы ақ үйді — Сайын ханға (Бату. — В. Ю.), күміс босағалы көк үйді — Еженге (Орда-Ежен. — В. Ю.), болат босағалы боз үйді — Шайбанға (Жошының бесінші ұлы. — В. Ю.) тіккізді”.

Қысқасы, Шайбан хан оғландары Тоқтамыс хан, Темір-Құтлы¹⁸ және Орыс хан¹⁹ оғандарының алдында үш жай бойынша былай деп мақтанады: “Біз сендерден артықпыз”. Біріншісі, бұл — орда. [Олар]: “Атамыз Жошы ханның өлімінен кейін біздің әкелеріміз ұлы бабамыз Шыңғыс ханға барғанда, ол Ежен мен Сайыннан соң біздің әкеміз Шайбан

¹⁸ Темір-Құтлының атын В. Бартольд “Гур-Қытай” деп қате оқыған (қараңыз: Бартольд В. В. Отчет о командировке в Туркестан. С. 168).

¹⁹ Аталған хандар — Жошының 13-ұлы Тоқа-Темірдің ұрпақтары. Бұлардың ішінде Тоқтамыс Алтын Орданы билеп, Ақ Орда мен Көк Орданы біріктірді; Темір-Құтлы (Темір-Құтлық) Астрахан хандары әулетінің негізін қалады; Орыс хан — Жошы ұлысының сол қанатының билеушілерінің бірі; қазақ хандары әулетінің атасы, аз уақыт Алтын Ордаға хан болды.

ханға да орда салды: ал сендердің әкелеріңе [жабулы] арба да салмады”²⁰.

Сонымен Шыңғыс хан үш немересін басқаларынан жоғары қойып, олардың бір-бірінің арасындағы дәрежелерін анықтады: ақ түс және алтын Батудың белгіленген үлкендігінің айғағы болды, көк түс және күміс Орда-Еженнің — Батуға бағыныштылығын, боз түс және болат — Шайбанның Батуға да, Орда-Еженге де бағыныштылығын көрсетті. Мұнда түс пен металл рәмізінен түрік-моңғол халықтарының құндылық түсініктерінің сатысы айқын көрінеді: бірінші орында ақ түс пен алтын, екінші орында — көк пен күміс, үшінші орында боз бен болат²¹. Ақ пен алтын, көк пен күміс, боз бен болат сөз жұптары өзара үндесіп келеді. Бұл үндестік мәтіннің поэтикалық әуезділігі мен салтанаттылығын күшейтіп қана қоймайды, сонымен бірге байырғылығы қиындықпен танылатын эпикалық-лексикалық еліктеме-штампытарын да айқындай түседі. Бұл мысалдар түс белгілеу символикасы дүниенің төрт құбыласы бойынша анықтауға емес, әлеуметтік жіктелуге байланысты болуымен қызықты. Түркологияда біріншісі қисынсыз деңгей-

²⁰ Тәләгән/телеген сөзін біз (жабулы) арба деп аудардық. В. В. Бартольд оны “шатыр” деп аударған (Бартольд В. В. Отчет о командировке в Туркестан: С. 168. Бүкіл дәйексөз мына қолжазбадан алынды: Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. л. 38 а-б). Осы дәйексөзден автордың Шайбан ұрпақтарының жағында екені байқалады, Шайбан ұрпақтарын ұлықтап, олардың жауы Тоқа-Темір ұрпақтарын кемітіп отырады. Әке сөзі бұл арада атасы деген мағынада қолданылған. Тоқтамыс, Темір-Құтлы және Орыстың бір атадан өсіп-өнгенін мойындай отырып, автор осынысымен Орыстың да Тоқа-Темірдің баласы екенін құптайды.

²¹ Келтірілген мысал XVI ғасырдағы Қыпшақ даласы көшпелілерінің пулат/пулад немесе фолад/фулад демей болат/булат деп қолданғанын куәландырады.

де кең танылып, “сәнге” айналды. Бұл мәселе нақты материалға негізделген терең зерттеуді қажет етеді, ал бұл материал әдетте, түс белгілерінің дүниенің төрт құбыласы бойынша белгілену символикасының ерекшеленуін теріске шығарады.

Келтірілген үзіндінің анық аңыз әңгімесін тарихи шынайы деп түсінсек, оны басқа мәліметтермен салыстырғанда мынадай ақпарат алуға болады:

1. Ақ Орда мен Көк Орданың тура мағынасы — ақ және көк түсті киіз үйлер²². Киіз үйлерді Шыңғыс ханның өзі қойғызғандықтан, бұл жай дәріптеліп, саяси-құқықтық дәстүр құруға негіз болды. Олар Жошы қайтыс болғаннан кейін, Шыңғыстың өліміне дейін, яғни 1227 жылы қойылған. Қалай болғанда да ол Батудың 1236 жылы Батыс жорығынан бұрын болды, оны біз Орда-Еженнің “Біз жат жұртқа кетіп бара жатырмыз” деген сөздерінен көре аламыз²³.

2. Киіз үйлердің түстері Жошының үш ұлының дәрежесін, сонымен қатар олардың Жошы ұлысындағы иеліктерін белгіледі: Орда-Еженнің ордасы шығыста орналасқан, сондықтан “Көк Орда” термині ұлыстың шығыс бөлігіне, оның сол қанатына, ал “Ақ Орда” — батыс, оң қанатына қатысты айтылу керек. Батыс жорығынан кейін Дунайға шейін жеткен Жошы

²² Орыс жылнамаларында алтынордалық хандардың ақ үйлері/ақ ордалары кейде белая вежа деп аталды. Мысалы, жоғарыда “Устюмский жылнамалар жинағынан” келтірілген дәйексөзді қараңыз. Көк Ордаға қатысты айтсақ, бар болғаны 150 жыл бұрын А. Левшин аңғалдықпен “В Русских летописях оно (Аральское море. — В. Ю.) именуется Синим, от чего и монголы-татары, около его кочевавшие, назывались у нас Синею Ордою” деп жазды (қараңыз: Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832. Ч. I; Известия географические. С. 71).

²³ Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме, 38а п.

ұрпағы ұлысының жері емес, Жошының Шыңғыстан алған, Жайықтан Ертіске дейін созылған ұлыс аумағы үлестірілді. Бұл өз кезегімен Батудың ордасы — Ақ Үй бастапқыда Жайықтан шығысқа қарай, ал Еженнің ордасы, Көк Үй — Ертістің (Сырдарияның, Алакөлдің, Емідің) жағасында орналасқан, яғни “Ақ Орда” және “Көк Орда” терминдері державаның немесе тіпті географиялық аудандардың ресми атаулары ретінде де әлі қолданылмаған және ауыспалы метафоралық мәнге ие болып, Көк Орда — Ежен үлесін, Жошы ұлысының сол қанатын, ал Ақ Орда — Бату үлесін, Жошы ұлысының оң қанатын белгілеу үшін пайдаланылған.

3. Батыс жорығынан кейін Жошы ұрпағының ұлысы өлшеусіз өсті және Бату мен Орда-Ежен иеліктері арасындағы шекара батысқа қарай ығысып кетті. Нәтижесінде Ақ және Көк Ордалардың жаңа аумақтық нұсқалары белгіленді, олардың екі түрлі географиялық бейнесі пайда болды және олардың мөлшері мен шекаралары жөнінде екі ассоциациялар жүйесі белгілене бастады, олардың біріншісі Батыс жорығына дейінгі кезеңге жатады, ал екіншісі жорықтан кейін қалыптасқан. Ақ және Көк Ордалар тек кей кездерде ғана жазбаша еңбектердің беттеріне түскені болмаса, ресми белгілеу болмағандықтан, негізінен ресми іс жүргізуде қолданылмай, далалық ауызша тарихи дәстүрде сақталған. Автордың есептеу нүктесі ретінде осы екі жүйенің қайсысын қолданғанына байланысты дереккөздерінде Ақ және Көк Ордалардың алғашқы және кейінгі бейнелерінің бір-біріне сәйкестігінің нәтижесі ретінде қайшылықтар туындайтын. Осы айтылғанның барлығы жазбаша деректемелерде “Ақ Орда” және “Көк Орда” терминдерінің көрінеу жүйесіз және тіпті кездейсоқ қолданылғандығын түсіндіреді; ал қазіргі кейбір мамандар болса қазіргі кездегідей мағына, мазмұн және нақты тарихи, аумақтық-саяси мәнді негізге ала-

ды да, олардың қызмет етулерінің мүлдем басқа көрінісін көргілері келеді.

Кейбір дереккөздер Ақ және Көк Орда туралы мәселені тіпті шиеленістіріп жіберді. Ең алдымен олардың қатарына Ақ және Көк Ордалардың орнын қателесіп ауыстырып жіберген, сондай-ақ Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған әулеттер туралы мәселені мүлдем шатастырған Му’ин ад-Дин Натанзидің “Ескендір анонимін” жатқызуға болады²⁴.

Шайбан мен оның ұрпақтарын шексіз дәріптеп жіберген Шайбан ұрпақтарының тарихнамасы да бұл ретте өз рөлін атқарды. Түрлі тарихнамалық шығыс шығармаларын ғылыми айналымға дәйексіз ендіру және солардың кейбірінің, мысалы, жаңағы “Ескендірдің анонимінің”, шығыстанудың соңғы жетістіктеріне сай қайта қаралуға тиіс Әбілғазының “Шаджара-йи түрк ва могулының” биік беделінің орынсыз сақталуы — Ақ және Көк Ордалар проблемасы жөніндегі пікірталаста және жалпы Дешті Қыпшақ тарихнамасында күні бүгінге дейін жағымсыз рөл атқарды және әлі атқарып келеді.

Алтын Орданың Ресей мен Батыста ғылыми зерттеле бастағанынан бері Ақ және Көк Ордалардың қай жерде болғаны туралы туындаған пікірталас жалғасып келіп, Көк Орда шығыста, ал Ақ Орда батыста болған деген тұжырыммен аяқталды²⁵.

²⁴ Му’ин ад-Дин Натанзи. Аноним Искандара // *Тизенгаузен В. Г.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: Извлечения из персидских сочинений. М.; Л., 1941. Т. 2. С. 126–138 (әрі қарай — СМИЗО). Му’ин ад-Дин Натанзидің Ақ Орда мен Көк Орда тарихын қате баяндауы мен бұрмалағаны туралы мысалы, қараңыз: *Сафаргалиев М. Г.* Распад Золотой Орды. Саранск. 1960. С. 14.

²⁵ *Греков Б. Д., Якубовский А. Ю.* Золотая Орда и ее падение. М.; Л., 1959; *Вяткин М.* Очерки по истории Казахской ССР. М., 1941 Т. 1: с древнейших времен до 1870 г.; *Иванов П. П.* Очерки по

Батыс жорығынан кейін Алтын Орда Ақ Ордамен теңдестіріліп кеткені анықталды. Бұл пікірді “Шыңғыс-наменің” деректері де растайды.

Алтын Орда — Жошы ұлысының орталығы, Ақ Орда — оның сол қанаты, ал Көк Орда — оң қанаты деп есептейтін А. В. Митрошкинаның пікірі өзгелерден оқшау түр²⁶.

истории Средней Азии. М., 1958; *Сафаргалиев М. Г.* Распад Золотой Орды; *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков. М., 1965; *Митрошкина А. Г.* Термин “Золотая Орда” // Труды Иркутского гос. ун-та им. А. А. Жданова. Т. 65. Вып. 4. Сер. языкознания. Иркутск, 1968. С. 25–32; *Богатова Г. А.* Золотая Орда // Русская речь. 1970. № 1; *Федоров-Давыдов Г. А.* “Аноним Искандера” и термины “Ак-Орда” и “Кок-Орда” // История, археология и этнография Средней Азии. М., 1968. С. 224–320; *Он же.* Общественный строй Золотой Орды. М., 1973; *Босворт К. Э.* Мусульманские династии / Пер. с англ. и примеч. П. А. Грязневича. М., 1971. С. 203–208; *Устюгов Н. В.* Научное наследие: Экономическое развитие, классовая борьба и культура в Русском государстве в XVII в. Народы Средней Азии и Приуралья в XIII–XVIII вв. М., 1974; *Егоров В. Л.* Государственное и административное устройство Золотой Орды // Вопросы истории. 1972. № 2; *Он же.* Золотая Орда перед Куликовской битвой // Куликовская битва: Сборник статей. М., 1980. С. 174–214; *Султанов Т. И.* О терминах Ак-Орда, Кок-Орда и Йүз-Орда // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. 1972. № 3. С. 71–74; *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI веков: (Вопросы политической и социально-экономической истории). Алма-Ата, 1977; *Мингулов Н. Н.* К некоторым вопросам изучения истории Ак-Орды // Казахстан в эпоху феодализма: (Проблемы этнополитической истории). Алма-Ата, 1981. С. 79–95. Бұрын осы мақаланың авторы да дәстүрдің ықпалымен Ақ Орданың мекенін шығыста, Көк Орданы батыста деп және Йүз Орданы Ақ Ордамен бірдей деп қабылдап келді.

²⁶ *Митрошкина А. Г.* Термин “Золотая Орда”. С. 26.

Пікірталастың қорытындылары шығарылды²⁷. Сондықтан да пікірталас нәтижелерін саралаусыз Ақ Орданың шығыстық мекені туралы пікір қайта көтеріліп, оның үстіне ол XIII ғасырдың ортасынан XV ғасырдың бірінші ширегіне дейін өмір сүрген мемлекет болды деп айтылатын жарияланымның жарық көруі күтпеген жағдай еді²⁸.

Қазіргі күнде Ақ және Көк Ордалар жөніндегі пікірталас негізінен олардың пайда болуы мен құру уақыты және Шайбан иелігінің орналасуы мен аталуына қатысты мәселелер шеңберіне ауысты. Ақ және Көк Ордалардың пайда болу уақыты туралы айтыстың егжей-тегжейіне кірмей, тек “Шыңғыс-наме” мәліметтері бойынша олар уақыты жағынан Жошы Ұлысымен шамалас және Батыс жорығына дейінгі уақыттан басталады, сондықтан олардың генезисі XIII ғасырдың ортасынан гөрі ертерек уақытпен белгілену керек екенін айтамыз. Ақ Орда Алтын Ордамен бірге күйреді, ал Көк Орда болса өзінің өмір сүруін XV ғасырдан көп бұрын, Орда-Еженнің алғашқы ізбасарларынан кейін-ақ тоқтатты. Орда-Еженнің ұрпақтары оның өзінен кейін де біраз уақыт билік басында тұрды, тіпті Дешті Қыпшақтағы Жошының өзге ұрпақтары хандарының тұсында да екінші дәрежеде әрекет етті, бірақ XIV ғасырдың өзінде-ақ Көк Орданың орнына алдыңғыларымен сәйкес келмейтін жаңа саяси құрылымдар келді. Бұрынғы Жошы Ұлысы сол қанатының саяси картасы да, оң қанатының картасы мен тарихы сияқты күрделі және құбылмалы бола бастады.

²⁷ Сафаргалиев М. Г. Распад Золотой Орды; Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй...; Егоров В. Л. Золотая Орда перед Куликовской битвой.

²⁸ Мингулов Н. Н. К некоторым вопросам изучения истории Ак-Орды.

Бату (1255) мен Орда-Ежен (1280) өлгенінен кейін көп ұзамай Ақ және Көк Ордалар Шыңғыс заңдары мен моңғол құқығының қалдықтары ретінде саяси-құқықтық абстракцияға айналды, яғни шыңғысизм құбылыстары ретінде әрекет етті. Дегенмен олар Дешті Қыпшақ тұрғындары мен көршілес халықтар жадында ұзақ сақталып, ғасырлар бойына нақтылы-саяси акцияларда құқық көзі болды.

Жоғарыда айтылғандай, Шайбан ұлысы туралы мәселе де жаңа пікірталастың өзегіне айналып, өрши түсті. “Шыңғыс-намедегі” Ақ, Көк, Боз үйлер туралы әңгіме Ақ және Көк Ордалардың орналасуы мен иерархиясы туралы да әңгіме болғандықтан, Ақ және Көк үйлердің қатарында Боз үйдің аталып өтуі де басшысы Шайбан болған ерекше Боз Орданың да өмірде болғанын көрсетеді. Шайбан Ұлысын Бату Ұлысының қиыр батысына орналастыра отырып, “Шыңғыс-наме” осы арқылы Боз Орданың батыстық, мүмкін Польшамен шекарада орналасуын көрсетеді. Алайда Боз Орда туралы басқа дерек-көздерде ештеме айтылмауы таңдандырады. Дегенмен, Жүз Орда туралы кейбір ескертпелер анығында Боз Орда атауының белгіленуі деп болжауға болады, өйткені араб графикасымен жазылғанда Боз Орда *بوز اوردا* боз орда, ал Жүз-Орда *يوز اوردا* йүз орда болып беріледі, яғни арабша жазылуында олардың айырмашылығы бір-бірінен бірінші сөздің алғашқы әрпінің астына қойылатын бір нүктенің артықтығына ғана байланысты. Тез жазылған мәтінде бір нүкте көбіне екіншісіне қосылып кетеді де, боз және йүз сөздерін ажырату қиын болып қалады.

Қалай болғанмен де, егер Боз Орда атауының қазіргі кезге дейін зерттелген шығыс шығармалары мен құжаттарында болмауы ол шынында да болмаған деп, “Шыңғыс-намеде” берілген мәліметтерді Шайбан ұрпақтарына жағу үшін жасалған

бұрмалаушылық деп күдіктенуге және оны шеттетуге болады дегенді білдірмейді. Мысалы, Жүз Орданың болғаны туралы біз осы атаудың бірен-саран ескертілулерінен ғана білетінімізді атауға болады. Бірақ мамандар мұндай орданың болғанына күмәнданбайды, сондықтан олардың арасында осы терминнің этимологиясы жайында талас болғаны бар.

Біз “Шыңғыс-намедегі” Боз Орда туралы мәліметтер XVI ғасырда ойдан шығарылуы мүмкін емес дейміз. Өйткені Өтеміс қажы “Шыңғыс-намеде” әрдайым осы әңгімелер өзбектер арасында кең тараған деп ескертіп отырады, оның өзбектер деп отырғаны — Дунайдан Ертіске дейін бүкіл Дешті Қыпшақты мекендейтін түркі тілді ру-тайпалар және олардың Хорезмге Шайбан ұрпақтарымен бірге таяуда келген бөлігі. Ал егер Өтеміс қажы Ақ, Көк және Боз Ордалар туралы әңгімелерде жалған сөз жіберсе, онда араларында Жошы ұрпағы ұлысының тарихын жетік білетіндері көп өзбектер оны ізінше әшкерелер еді. Өтеміс қажының өзі де Орта Азияда мәшһүр кісі болған, сондықтан оның тарапынан жалғандық жасалуы неғайбіл.

Сөйтіп, Боз үй туралы және сонымен бірге Шайбан мен Шайбан ұрпақтарының бөлек Ордасының болғандығы туралы хабар бірегей әрі ерекше құнды болып табылады. Боз Орданың болғаны туралы қандай да болсын айғақ табылуы мүмкін қазіргі мәлім дереккөздерді мұқият зерттеу және жаңа дереккөздер іздеу қажет.

Боз түс және Боз үйдің, ілгеріде айтылғандай, құндылық және әлеуметтік бағалауға қатысты моңғолдардың дүниетанымында ерекше орын алғанын көрсететін мысал — Шыңғыс ханның өзінің бақталасы Көкөшу шаманды өлтіру жағдайы: ол “сыртқы сарайдан артық боз үйді (ерекшелеген біз. — В. Ю.) алып келуге бұйырып, оны Теб-Тәңірінің төбесіне қойғызды, ал содан кейін көлікті жабдықтауға әмір беріп, бұл жерден

көшіп кетті”²⁹. Осы әңгімеден “боз үйдің” моңғолдардың құндылықтар сатысында алар орнының төмен екендігі аңғарылады. Бәлкім, халық аңыздары мен Өтеміс қажы әңгімесінің жұртқа жаппай мәлім болмауының себебі де осыдан болар, өйткені Шайбан ұрпақтары өз беделдеріне нұқсан келтірмеу үшін Шыңғыс ханның Шайбанға Боз Үй-Орданы беруі туралы деректі жасырғанды дұрыс көрген.

Шығыс Дешті Қыпшақтың, яғни XIII—XVI ғасырлардағы Қазақстанның ішкі, оқиғалық тарихын біз өте аз білеміз. Егер Шайбан мен Тоқа-Темір ұлыстарының ерекше атаулары болса, онда Жошының басқа ұлдары да қандайда бір атауы бар ұлыс билігінің басында тұрған. Осыған орай, ілгеріде біз Жошының Орда-Ежен, Бату және Шайбаннан басқа ұлдарының әрқайсысының ұлысы Жүз-Орда деп аталған болуы мүмкін деген болжам жасаймыз. Бірақ бұл болжам, әрине, кейбір ұлыстардың өзіндік арнайы атауы болуын жоққа шығармайды.

Н. Н. Мингулов “Көк Орда” терминімен әуел баста Шайбанның ұлысы аталды және ол Алтын Орда мен Орда-Еженнің Ақ Ордасы арасындағы аумақта орналасты деп есептейді. Бұл XVII ғасырдың екінші жартысында Әбілғазыда таңғаларлықтай дәл көрсетілген³⁰, мұның себебі, тегінде, Әбілғазының хиуалық Шайбан ұрпақтарының Арал теңізінен солтүстікке қарай Жайық бойына дейінгі жерлерге таласы барын жақсы білетіндігімен түсіндіруге болады, ол осы өңірдің бірталай жерінде біраз уақыт жүрген болатын. Махмұд ибн Уәлидің “Бахр әл-асрары” Шайбанның ұлы Баһадүр Ақ Орда деп те аталған-

²⁹ Козин С. А. Сокровенное сказание. С. 178. 496, 567; боро хошліліг “серая юрта”. Сондай-ақ қараңыз: Кычанов Е. И. Жизнь Темучжина, думавшего покорить мир. М., 1973. С. 99.

³⁰ Мингулов Н. Н. К некоторым вопросам изучения истории Ак-Орды: С. 83, 84, 95.

мыс делінетін Жүз Орданың аумағында көшіп-қонып жүрді дейді. “Фирдаус әл-икбал” бойынша Шайбан иеліктері дәл Көк Орда³¹ деп аталатындай. Сонымен, Шайбан ұлысы бірде Көк Ордаға, бірде Ақ Ордаға, ал тағы бір жерлерде Ақ Ордаға теңдес Жүз Ордаға орналастырылады, бірде оған арнайы Боз Орда деген атау беріледі, ал бірде Көк Орда деген Шайбан ұлысының төл атауы деп нығарлайды.

Егер дереккөздердің біржақтылығы мен нақты қателіктерін алып тастасақ, онда осы қарама-қайшылықтардың бәрі Ақ және Көк Ордалардың пайда болу уақыты мен орналасуына және екеуінің бір-бірімен сәйкестендірілуіне қатысты ілгеріде айтылған екі көзқарастың көріністері. Бұған Шайбан ұлысының орны туралы дереккөздердің бұлыңғыр ескертпелері қосылды. Олар Шайбан ұрпақтары тарихнамасының көптеген шығармаларынан туындаған. Бірқатар нақтылы-тарихи себептер бойынша Шайбан мен оның ұрпақтарына арналған шығыс еңбектері көп жазылды және Жошының басқа ұлдары ұрпақтарына арналған шығармалар мүлдем дерлік болмады. Шайбан ұрпақтарын жақтайтын авторлардың әрқайсысы Шайбан ұрпақтарын өзінше ұлықтауға ұмтылып, жалған көрініс жасап, Жошының үш ұлы — Бату, Орда-Ежен және Шайбанды Шыңғыс ханның өзі ерекшелеген, сондықтан да олар Жошы ұрпақтарының арасында ерекше орынға ие болды, Дешті Қыпшақ тарихында айрықша рөл атқарды деп көрсетеді. Егер бұл Бату мен Орда-Еженге қатысты дұрыс айтылса, онда Шайбанға қатысты мұндай тұжырым қосымша дәлелдеуді қажет етеді. Бұл үшін Шайбанның тарихы тарихи тұрғыдан сенімді түрде дәлелденіп жазылған, Шайбан ұрпақтарын жақтаған беталыс еңсерілетін арнайы зерттеу қажет.

³¹ Мингулов Н. Н. К некоторым вопросам изучения истории Ак-Орды: С. 85.

Оған қоса дереккөздер де, қазіргі заман авторлары да, әдетте, бір жағынан, Жошы Ұлысын, Бату Ұлысын, Орда-Ежен Ұлысын, Шайбан Ұлысын, Тоқа-Темір Ұлысын және Жошының басқа балаларының Ұлыстарын, екінші жағынан, Жошы ұрпақтарының Ұлысын, Бату ұрпақтарының Ұлысын, Орда-Ежен ұрпақтарының Ұлысын, Шайбан ұрпақтарының Ұлысын, Тоқа-Темір ұрпақтарының Ұлысын және Жошының басқа балалары ұрпақтарының Ұлыстарын ажыратпайды. Оның үстіне соңғыларының ұлыстары азды-көпті болса да тұрақты және тұтас күйінде өмір сүрді ме!? Бұл тұрғыдан Шайбан мен оның ұрпақтарының ұлыстары жөніндегі мәліметтерді атап айтуға болады. Дереккөздер оларды Жошы Ұлысының қиыр шығысынан қиыр батысына дейін әр түрлі аудандарына орналастырады. Шайбан Ұлысының өзі оның көзі тірісінде-ақ бір орыннан екінші орынға, батыстан шығысқа, Жайық өзені мен оның арғы жағына қоныс аударып отырған деген деректер бар. Алтын Ордадағы аласапыран кезінде (1360—1380) Шайбан ұрпақтарының бірқатары Еділ мен Дон аралығына қоныс аударды. Шайбан ұрпақтары аздаған уақыт, тіпті, Алтын Орданың хандары да болды. Мұның мәнісі, Дешті Қыпшақ аумағындағы зерттеуге келетін Жошы ұрпақтары Ұлыстарының бәрінің тарихи өзгерістер динамикасын ыждағатпен, уақыт пен кеңістікке қатысты нақты зерттемейінше, XIII—XIV және XVI—XVIII ғасырлардағы Қазақстанның, жалпы сол кездегі бүкіл Дешті Қыпшақ тарихын зерттеуде қомақты оң өзгерісті күту қиын деген сөз. Жоғарыда көрсетілген зерттеу әдістемесін пайдаланбайынша, қазіргі заман авторының қорытындылары оның өз қалауынан ғана шығатыны түсінікті.

Барлық айтылғандардың аясында “Шыңғыс-наменің” Боз Орда туралы мәліметін асыра бағалау қиын.

Батудың Ұлысына “Алтын Орда” деген атты орыстардың бергені ертеден белгілі. Бұл аталымның этимологиясы

В. Г. Тизенгаузеннің “Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының” бірінші томы жарияланғаннан кейін анықталды. Түрік-моңғол халықтарының жоғарғы ханға “алтын үй” тігетін салты жақсы мәлім. “Алтын үй” керейіттердің Ванханында³², Шыңғыс ханда, Хулагидтерде және басқа дала билеушілерінде де болды. Бұл туралы “Шыңғыс-намедегі” Батудың Алтын босағалы ақ үйі туралы мәліметі де айтады. Рас, үйдің өзі түгел алтыннан болмаған, бірақ, ең бастысы, алтынды иелену құқығы Батуға берілген. Кейін мұндай үйді Өзбек хан (1312–1341) тіккізген деп есептеледі. Оны Ибн Баттута былай суреттеген: “... жұмада, намаздан кейін ол (Өзбек хан. — В. Ю.) “алтын шатыр” деп аталатын, әшекейленген, таңғажайып шатырға келіп отырады. Ол алтын жапырақшалармен қапталған ағаш шыбықтарынан [тұрады]. Үйдің ортасында алтынмен апталып, күміспен күптелген ағаш тақ; оның аяқтары таза күмістен жасалған, ал үсті қымбат тастармен көмкерілген”³³.

Алтын Үй туралы, яғни Алтын Орда туралы Русьта ол пайда болғаннан кейін дереу мәлім болды. Бірақ “Алтын Орда” атауын бірқатар себептермен тек XVI ғасырдың аяғында ғана қолдана бастады³⁴. Орыстар енді “Ордаға” емес, “Алтын Ордаға” барды, яғни хан ордасының атауы державаның атауы ретінде пайымдалды. Бірақ тарихшылар әлі күнге дейін кейде “Алтын

³² Козин С. А. Сокровенное сказание. С. 139. 457; алтан терме — “золотая юрта” или “золотой терем”, бұл сөз тіркесін С. А. Козин осылай деп аударған.

³³ Тизенгаузен В. Г. СМИЗО. СПб., Т. 1: Извлечения из сочинений арабских. С. 290.

³⁴ Богатова Г. А. Золотая Орда. С. 76; Егоров В. Л. Государственное и административное устройство Золотой Орды. С. 34.

Орда” атауы әу бастан бар және ол Батудың заманынан басталады деген қателікке ұрынып қалады.

Егер Алтын Үйдің болуы мен “Алтын Орда” сөзінің шығу тәркіні нақты анықталған болса, онда үйдің өзінің соңғы тағдыры әлі күнге дейін белгісіз болып келеді. Оның қалай ғайып болғаны жөніндегі әңгімені біз “Шыңғыс-намеден” таптық. Ол орыс дереккөздерінде Тайдула деп аталатын ханшаның билік жүргізген кезінде Алтын Ордадағы аласапыран уақытында болған. “Шыңғыс-наме” ол жөнінде: “Тай-Тоғлы бегім (яғни Тайдула. — В. Ю.) Хызыр ханды шақырып алып [оны] Сайын тағына отырғызғанда некелесу үйі ретінде Өзбек хан мен Жәнібек ханнан қалған алтын үйді тіккізді. Айтушылар бегім шашын қара түске боятып, Хызыр ханға тұрмысқа шығуға ниет қылды дейді. Хан да [оған] үйленуге кет әрі болмайды. Бірақ оған оның өзінің найман [тайпасынан] Құтлығ-Бұға деген бегі қарсы болады. “... Үйленбе!” — деді. Соның сөзін тыңдап, ол үйленбеді.

Бегім оның өзіне үйленбейтінін сезгеннен кейін, бұрынғы ізеті мен құрметін азайта бастады. Бұған ызаланған хан алтын үйді бұзып, [алтынын] қазақтарына үлестіріп бермек болады. [Мұны] естіген бегім ханға кісі жіберіп: “Олай жасамасын...” дейді. [Хызыр хан] оның сөзін тыңдамай, бұзып үлестіріп береді. Бегім ханның мұнысына кектеніп, ішкі бектерін жинап алып, ханды қуалап жібереді. Хан қайтып Ақкөлге келеді”³⁵. Бұл арада айтылып отырған Хызыр хан Қазақстан аумағындағы көп хандардың бірі болса керек. Сондай-ақ Ақкөл көлі де Қазақстан жерінде екені белгілі³⁶.

³⁵ Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. 53а-б п.

³⁶ Қазақстанның Ақкөл көлі (Анкөл — атаудың бұрмаланғаны) туралы, мысалға қараңыз: Книга Большому Чертежу. М.; Л., 1950. С. 95. Бұл жерде “кочевье Казацкия орды” болды делінген // Сонда.

Бұдан кейін Хызыр хан қайтадан әскер жинап, Тайдулаға қарсы жорыққа аттанады және екінші рет Алтын Ордада хан болады³⁷. “Сарай түбінде ұрыс болды. Базаршы³⁸ мен бегім қолға түсті. Бегімді жабық шанаға отырғызып, оны мықтап бекітіп тастады және асау айғырды жегіп, беті ауған жаққа жіберді. Бұл айғыр шананы алып қашып, бегім өлгенше ой мен қырға соқты. [Сондықтан] өзбектер: “Тай-Доғлы бегімді Хызыр хан өлтірді” дейді. Оның жағдайы осындай³⁹. Тайдула осылай мерт болды, Өзбектің Алтын Үйі осылай құрыды.

Жүз Орда. “Бахр әл-асрарда” “Жүз Орда” деген ерекше термин белгіленген: “Шайбан ханның баласы Баһадурды алатын болсақ, ...ол әкесінің орнына бүкіл ел мен ұлыстың үстінен билік жүргізе бастады. Ол өзіне қарасты ең жақын туысқандарына, тайпаларға және төрт қаушынға жиналуға бұйрық беріп, Жүз Орда деген атымен де белгілі Ақ Орданы қыстау мен жайлау үшін таңдап алды⁴⁰. “Бахр әл-асрардың” басқа бір қолжазбасында Жүз Орда турасында тағы да бір дерек бар: “[Баһадур] қыстау мен жайлауға Жүз Орда деген де атпен белгілі болған Ақ Орданы таңдап алды және хан балалары

³⁷ Хызыр ханның Алтын Ордаға екінші рет хан болғанын орыс жылнамалары да айғақтайды. Қараңыз: Егоров В. Л. Золотая Орда перед Куликовской битвой. С. 184. Дегенмен, әр басқа екі Хызыр ханның болуы да мүмкін.

³⁸ Базаршы — Алтын Орданың Тайдула таққа отырғызған жаңа ханы.

³⁹ Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме, 53а п.

⁴⁰ Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков: (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) (бұдан әрі — МИКХ). Алма-Ата, 1969. С. 347. *Каучин* — сөзбе-сөз алғанда “қонақ” дегенді білдіреді. Бұл атаумен баяғы Шыңғыс хан Жошыға бөліп берген нақты моңғолдарды (4000 адам) білдіретін тәрізді.

(сөзбе-сөз: “хан ұлы”. — В. Ю.) деген атпен белгілі Тоқай-Темір ханның ұрпақтарына бағынып, бойсұнуды өзінің өмірлік бұлжымас парызым деп есептеді және бағыну шеңберінен аяғын шығарған жоқ⁴¹.

Белгілі себептермен “Жүз Орда” термині ендігі жерде зерттеушілердің назарын аударды. Ол түріктің йүз “жүз”, “жүздік” және орда сөздерінен тұрады. Пікір алмасу болды. Б. А. Ахмедов оны “жүз орда” деп аударды⁴². Грамматикалық жағынан аудармасы дұрыс, бірақ ол болуы мүмкін жалғыз аударма емес. Егер де *Ақ Орда*, *Көк Орда*, *Боз Орда*, *Алтын Орда* атауларының құрамына көңіл аударсақ, онда олардың үлгісін анықтау қиын емес: осы сөз тіркестерінде орталық сөз осы орданың ерекше қасиеттерін көрсететін детерминатив-анықтауыш қосылған орда сөзі. *Жүз Орда* сөз тіркесі де осы қағидатқа сай құрылған: мұнда да анықтауыш есебінде жүз сөзі тіркескен сол бір орда. Анықтауышы “жүз” деп аударыла алмайды, өйткені бұл жағдайда “жүз үй” болып қалады, ал бұл арада тек бір ғана үй-орда жөнінде айтылып тұр. Қойылған шарттарға “Жүздік—Орда” деген аударма сәйкес келеді, мұны кезінде баспа бетінде айтқанбыз⁴³. Осы аудармамен енді Г. А. Федоров-Давыдов та келісті⁴⁴. Ертеректе ол “жүз орда” деген аударманы қабылдаған болатын⁴⁵.

⁴¹ МИКХ. С. 327, сондай-ақ 551-б. 81-ескертпе. Осы үзіндінің парсылық мәтіні мына кітапқа кіргізілген: *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. С. 192, 301-ескертпе.

⁴² Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. С. 163.

⁴³ Біздің мына кітапқа жазылған рецензиямызды қараңыз: Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. 1966. № 2. С. 87; сондай-ақ біздің “Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар” деген мақаламызды қараңыз, мына кіт.: МИКХ. С. 327.

⁴⁴ Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй... С. 144

⁴⁵ Федоров-Давыдов Г. А. “Аноним Искандера”... С. 230.

Бірақ не себепті Тоқа-Темір Ұлысы “Жүздік Орда” атауын алды? Оның шығуы жөнінде кезінде Шыңғыс хан Жошының қарауына бөліп берген 4000 моңғол-жауынгерден⁴⁶ Тоқа-Темір өзінің меншігіне 100 үй отбасын алған болар деген жорамал айтуға болады. Моңғолдардың негізгі құрамын Шыңғыс хан, әрине, Бату мен Орда-Еженге берген. Ал Жошының қалған ұлдарының әрқайсысы моңғолдардан тек 100 үй отбасын алғанға ұқсайды. Түріктің атақты адамдарына жүз үй отбасын бөліп беру дәстүрінің бары көне түріктің руна ескерткіштерінен де белгілі⁴⁷.

Бұл институт Жошы Ұлысында да әрекет еткен деуге болады. Сондықтан “Жүз Орда” деп тек Тоқа-Темір Ұлысы ғана емес, сонымен қатар дәрежелері Тоқа-Темірмен тең Жошының басқа ұлдарының ұлыстары да аталуы мүмкін. Егер де осы айтылған дұрыс болса, онда *Жүз Орда* термині және, мүмкін, оның қысқарған жүз түрі *Дешті Қыпшақта Ақ Орда*, *Көк Ордалармен* қатар байырғы ұғым болып шығады. Ал түрік халықтарында оның байырғылығы, кем дегенде, б. з. бірінші мыңжылдығының ортасына дейін барады.

Жүз-Орда атауының басқаша түсінігін Т. И. Сұлтанов ұсынды. Оның пікірінше, *йүз/жүз* сөзі *Жүз-Орда* терминінде “жүз” деген тура мағынасында емес, “негізгі, басты Орда” деген метафоралық мағынада қолданылған, нәтижесінде “Ақ Орда” терминінің логикалық жағынан айқын сипаттамасы шығады⁴⁸.

⁴⁶ Рашид ад-Диннің “Жами’ ат-тауарихының” мәліметі. Басқа дереккөздер Жошыға бөлінген моңғолдар туралы басқа цифрларды айтады, қалай дегенде де олардың саны көп болмаған.

⁴⁷ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности: Тексты и исследования. М.; Л., 1951. С. 76–77; Малов С. Е. Енисейская письменность тюрков. М.; Л., 1952. С. 84–90.

⁴⁸ Сұлтанов Т. И. О терминах Ак-Орда, Кок-Орда и Йүз-Орда // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. 1972. № 3 С. 73–74.

Басқа да кейбір зерттеушілер сияқты Т. И. Сұлтанов та “Бахр әл-асрар” авторының Жүз Орда мен Ақ Орданы нақты мағынада теңдестіретінін талассыз шындық деп қабылдайды. Алайда Махмұд ибн Уәли Тоқа-Темір Ұлысы оның, Тоқа-Темірдің, уақытында Ақ Орда жерінде орналасқаны туралы ғана айтқысы келген, басқа ештеңе емес. Біздің пікірімізше, Махмұд ибн Уәлидің айтқандарынан Жүз Орда мен Ақ Орда ол үшін синонимдер және тең дәрежелі категориялар болған деген ұғым шықпайды. Айтпақшы, Махмұд ибн Уәли де осы топтағы дереккөздер келіп тірелетін, Ақ Орданы шығыста орналастырған “Ескендір анонимінің” қате дәстүрін жалғастырған болып шығады.

“Бахр әл-асрардың” Тоқа-Темір ұрпақтары “хан оғлы”, “ханзада”, “хан ұлы” деген атаққа ие болған дегені ескерілмей қалған. Парсы тілді мәтінде осы түрік титул-сөз тіркесінің қолданылуының ерекше терең мәні болды. Бұл термин *Дешті Қыпшақтағы Шыңғыс ұрпақтарының* номенклатура сатысындағы әбден белгілі бір дәрежедегі таксон болды. Шартты түрде оны “принц” титулымен беруге болады. “Бахр әл-асрардың” авторы осылай дегенде Шыңғыс пен құрылтайлардың шешімі бойынша *Дешті Қыпшақта Тоқа-Темірдің* де және оның ұрпақтарының да хан лауазымын иемденуге құқығы болмағандығын атап көрсеткісі келген.

Егер Еуропада “принц” титулы және оған ұқсас басқа да атаулар мемлекет билігіне немесе әкесі не ата-бабасының жоғары лауазымына мұрагерлік жолмен ие болу құқығына нұсқаса, онда бұл жердегі “хан оғлы” атағы олардың мұндай құқығы нақ болмағандығын көрсетеді. Олардың еншісі — жоғары билеуші болу үмітінсіз “ханзада” болып қалу еді.

“Бахр әл-асрарда” Тоқа-Темір кейін хан деп аталғанымен, ол шын мәнінде хан болған емес. “Бахр әл-асрар” аштархандық, яғни түптеп келгенде Тоқа-Темір ұрпақтарының тарих-

намасы болғандықтан, осы жайт Тоқа-Темір иеленбеген дүниені иеленді деп оған қосып жазып жібере беретіндігін түсіндіретін сияқты. Осыған қарамастан, Тоқа-Темір ұрпақтарының “дәрменсіз” тарихнамасына Шайбан ұрпақтары тарихнамасы ықпалының күштілігі сондай, Махмұд ибн Уәли, өзінің қателескенін сірә сезбей, Тоқа-Темір Ұлысындағы Шайбан ұрпағы Баһадурдың іс-әрекеттері туралы бейне оны өз иелігінде жүргендей сезінген деп айтады.

Осылайша *Жүз Орда* сөзінің мағынасы “негізгі, бас Орда” деп берілуі өзінің дәлелдік күшінен айырылады.

Тоқа-Темір ұрпақтары Қазақ хандығын (хандықтарын) басқарған кезде, *йүз/жүз* сөзі, шамасы, оның белгіленуі болса керек⁴⁹.

Реті келгенде айта кетейік, *Жүз Орда* атауында *йүз/жүз* сөзінің нақты этимологиялық дыбысталуын көрсететін нақ *ju* графикалық түрінде берілуі *жүз* сөзін арабтың ‘бөлік’ деген мағынаны білдіретін *جز* *джүз* немесе *جزو* *джүзв* деген сөзіне телу мүмкіндігі туралы мәселені жоққа шығарады⁵⁰.

Қорытындылай келе осы айтылғандарға қосарымыз, “жүз”, “жүздік” сан есімі, оның туындылары мен оның негізінде пайда болған лексикаландырылған сөз тіркестері, онымен барабар басқа да сан есімдер сияқты түрік этнонимиясының, түрік-

⁴⁹ А. Левшин былай деп жазды: “Орда сөзін қазақтар Юз сөзімен білдіреді, оның анығырақ аудармасы жүз немесе жүздік, осыдан барып Ұлы Юз, үлкен жүздік; Орта Юз, орта жүздік, тағы да басқа. Юз сөзінің түрік тілінде сонымен қатар басқаша мағынасы да бар” (қараңыз: Левшин А. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казачьих орд и степей. СПб., 1832. Ч. 2: Исторические известия. С. 65).

⁵⁰ Қараңыз: [Юдин В. П.] Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар // МИКХ. С. 328. Осы пікірді Т. И. Сұлтанов құптады (қараңыз: Сұлтанов Т. И. О времени образования казахских жузов. С. 68).

моңғол бірлестіктерінің, одақтарының, халықтарының ру-тайпалық ұйымының құрылымдық-сатылық терминологиясының абстрактылы номенклатурасының, қоғамдық-саяси және әскери-әкімшілік терминологиясының қалыптасуына біршама белсенді түрде қатысты.

1. *Жүз*, “жүздік”. Бұл сөз бәрінен бұрын әскери-тактикалық бірлік — “жүздіктің” белгіленуі болған, сол секілді құрамына жүз шарауашылықты (үйді) немесе жүз жауынгер шығаруға не асырауға міндетті әкімшілік-шаруашылық бөлімшені білдіретін болды. Бұл құбылыс бұрынғы ерте заманнан басталады және ол түрік-моңғол және Еуразия даласының басқа да халықтарында ондық жүйеге негізделген құрылымдар басым болуымен байланысты.

Нақты жағдайларда қалыптасып отырған рулық-тайпалық құрылымдармен байланысты “жүздік” сөзінің қайта пайымдалуы есебінде “жүз” сөзі ру-тайпалық ұжымның атауы ретінде қолданылатын, яғни этноним болатын. Ру немесе тайпа есебінде осы жүз және басқа да фонетикалық нұсқалар бірқатар халықтардың тарихынан да кездеседі⁵¹.

Бұл сөздің, жоғарыда айтылғандай, қазақ халқы бөлінген құрамдас бөлік деген мағынаға ие болуын оның семантикалық дамуының ерекше жолы деп білу керек.

2. *Жүздік*. Бұл — оғыз-түрікмендерде түрікмен ру-тайпалық құрылымы иерархиясының бір деңгейін көрсететін термин болды. Әбілғазы былай дейді: “Оғыз ханның алты ұлының

⁵¹ Радлов В. В. К вопросу об уйгурах. СПб., 1893. С. 128; Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. Год шестой. СПб., 1896. Вып. 3—4. С. 343, 386, 390, 422—424, 427; Сұлтанов Т. И. Кочевые племена Приаралья в XV—XVII вв.: (Вопросы этнической и социальной истории). М., 1982. С. 34.

заңды әйелдерінен туған жиырма төрт немересі бар еді. Күн хан оларды екі-екіден бөлек үйлерге орналастырды, сонда олар он екі бөлік құрады. Осы он екі бөліктен өсіп-өнген ұрпақты “жүздік” деп атаған. Себебі, кез келген заттың бет жағы — жүзі — қарсы жағынан жақсы болады, демек “жүздік” дегендеріміз елге, немесе халыққа қарай жүзін қаратқандар⁵². Осы орайда Әбілғазының жүз сөзіне берген талдауы жөнінде А. Н. Кононов: “бұл термин, Әбілғазы ойлағандай, “бет” деген мағынамен емес, “жүз” мағынасымен тікелей байланысты” деп әділ жазған⁵³.

3. Жүзбегі “жүздікбегі”, “жүздікті басқаратын бек”. Әскери және қоғамдық-әкімшілік атақтардың мынадай өрлеме қатарындағы белгілі лауазым (шен): *онбегі*, *жүзбегі*, *қосынбегі*, *мыңбегі*, *түменбегі*. Құрамына *бек* сөзі кіретін, бұдан да басқа толып жатқан атақ-мансаптар бар, мысалы: *тубегі* (ту ұстаушы), *құсбегі* (бұл сөзді қосбегі деп оқып, әскерилерді азық-түлікпен, пәтермен қамтамасыз етуші деп, яғни квартирмейстер деп аудару керек деген де көзқарас бар) және басқалар.

Бірақ кейбір деректемелерде “жүзбегі” терминінің ол әрқашан *жүзбегі* немесе оған синонимдес сөздермен аударылуға тиіс екендігіне күмән туғызатындай болып қолданылуы ұшырасады. Мысалы, түрік тілді “Таварих-и гузида-йи нұсрат-наме” шығармасында “Оғыз (Оқуз) тау жүзбегі Күшшы-жүзбегі”⁵⁴, немесе “Чакмақ (Чикмақ)-жүзбегі”⁵⁵ сияқты сөз тіркестері кездеседі. Аталған адамдардың мәнмәтіннен мәлім болатын атақ-дәрежесінің жоғарылығы оларды әдеттегі *жүзбегілер* қатарына

⁵² Кононов А. Н. Родословная туркмен: Сочинение Абу-л-Гази, хана хивинского. М.; Л., 1958. С. 52.

⁵³ Сонда. 94-б. 107-еск.

⁵⁴ Таварих-и гузида-йи нусрат-наме // МИКХ. С. 31.

⁵⁵ Сонда. 22, 29-66.

қосқызбайды. Тегінде, бұл адамдардың шынайы қоғамдық, әкімшілік немесе әскери мәртебесі басқаша болса керек, оны әлі де анықтау қажет. Келтірілген мысалдардағы *жүзбегі* сөзі семантикасының өзгеруіне параллельді *онбегі* сөзінің түрікмендер тіліндегі өзгеруінен табуға болады, мұнда ол “бастық” деген ұғымды білдіретін болды⁵⁶.

“Жүз” сөзі мен оның туындыларының мағыналарын талқылаудан бұл сөздің нақты мағынасын және семантикалық қозғалыстардың себептерін анықтау әрбір ерекше жағдайда бөлек қарауды және нақты мәтіннамалық және тарихи талдауды қажет етеді деген қорытынды шығаруға болады.

Айтылғандарды қорытындылай келіп, *жүздер* проблемасын шешуді алға жылжытуға талпынған Ю. А. Зуевтің еңбегінен мынадай дәйексөз келтірейік: “Аталған мәселеге қатысты пікірталасқа ғылыми басылымдарда аз орын берілген жоқ, бірақ нақтылы жазбаша куәліктердің болмауына байланысты ортақ бір пікірге қол жетпеді. Осы себепті *жүздердің* бұрынғы тарихын және олардың семантикасын қалпына келтіру тәжірибелерінің көпшілігі тарихи құжаттардағы мәнмәтінді толық келтірмей, “жүз” сөзімен азды-көпті үндес келетін фонетикалық параллельдерді іздеп табуға негізделеді, сондықтан мұндай жолмен жасалған қорытындылардың ғылыми дәлелділігі жоқ⁵⁷.

Шынында, Ю. А. Зуев өз дәлелдеуін негіздейтін В. В. Вельяминов-Зерновтың еңбегі жарық көргеннен кейін,

⁵⁶ Бартольд В. В. Очерк истории туркменского народа // Соч. М., 1963. Т. 1. Ч. 1. С. 600, 610, 618; Кононов А. Н. Родословная туркмен. С. 67, 101.

⁵⁷ Зуев Ю. А. Историческая проекция казахских генеалогических преданий: (К вопросу о пережитках триальной организации у кочевых народов Центральной Азии) // Казахстан в эпоху феодализма: (Проблемы этнополитической истории). Алма-Ата, 1981. С. 63.

йүз/жүз терминінің дереккөздерде қолданылуының табылған жаңа айғақтары оншалық көп емес, бірақ олар бар және ғылыми айналымға енген, мысалы біз келтіріп отырған “Жүз орда” атауының дереккөздерде қолданылуы жөніндегі мәліметтер. Сондықтан жүздер мәселесін шешуде белгілі бір алға жылжу байқалып отыр деп тұжырым жасау орынды болмақ.

“Тарихи құжаттардағы жүз сөзімен азды-көпті үндес келетін фонетикалық параллельдерді” іздеуге келетін болсақ, онда мамандар бәрінен бұрын фонетикалық үндестікті емес, йүз/жүз сөзінің өзін іздейді және оның семантикасының қазақтың “жүз” сөзінің тән ерекшелігі жағына өзгеруінен іздейді. Бірақ олар өз зерттеулерінде фонетикалық параллельдерден де қашпайды, қайта оларды тарихи фонетика мен семасиология ережелерін сақтай отырып қарастырады. Ю. А. Зуевтің еңбегі осындай, сөз жоқ, заңды, зерттеу тәсілін қолданудың мысалы бола алады.

Кейбір бөлігі қызығушылық тудыратын өз болжамдары мен тұжырымдамаларына әбден ден қойған Ю. А. Зуевтің жүздер проблемасын зерттеулердің көбісінде зерттелетін дереккөздердің мәнмәтіні келтірілмейді деуі әрі әділетсіз, әрі нақты емес.

Үлкен, Орта, Кіші Ордалар. Мұндай атаулар проблемасында бірнеше аспектілер белгіленеді. Біріншіден, олар не себепті үлкен, орта, кіші деп аталды, яғни осы детерминативтердің мағынасы әу баста қандай болды және кейін қалай өзгерді. Екіншіден, бұл атаулар қашан пайда болды. Үшіншіден, әр түрлі нақты жағдайларда олардың саны қанша болды.

Бұл мәселелерді анықтау үшін, әрине, неғұрлым ерте кезге, олардың пайда болған уақытына назар аудару қажет. Бұл орайда проблеманың жоғарыда аталған барлық аспектілері нақты көріністерінде моңғолдардан кейінгі уақыт шеңберінде қанағаттанарлық шешімін табуы мүмкін екені айқындалады. Нақ осындай мәселелермен ертерек кездің зерттеушісі де ұшырасады, бірақ жалпы алғанда, моңғолдарға дейінгі уақытта да олар татар-

моңғолдардың жаулап алуынан кейінгі уақыттағыдай шешімін табады.

Ең басты орда-тұрақ және орда-бірлестіктерге қосымша үлкен, орта, кіші сөздері олардың пайда болу уақыты бойынша емес, әр түрлі жағдайдағы үстемдік-бағыныштылық жүйесіндегі иерархиясын көрсететінін айту керек. Ордалардың немесе жүздердің пайда болған сәтінен бастап мұндай реттіліктің себепші емес, ілеспе ғана байланысы болуы мүмкін⁵⁸.

Мысалы, Шағатай ұрпақтарының Іле өзені алабындағы басты, үлкен тұрағы Ұлыг-Иф⁵⁹ (Ұлұг-Әв), Үлкен Орда, Үлкен Үй деп аталған. Бұл атаудың мағынасы сонда, Шағатай ұрпақтарының басқа тұрақтарының арасында бұл негізгі басты тұрақ болды. Шағатайдың басқа ұрпақтарының ордалары орта, кіші орда және сол тәріздес атауға ие болды ма, болмаса оларды басқарған Шағатай ұрпақтарының есімдерімен аталды ма, бізге ол жағы белгісіз және ол маңызды да емес, өйткені Ұлыг-Иф Шағатайдың басқа ұрпақтары ордаларының үстінен қарағандығынан аталғаны мәлім.

⁵⁸ Біз өзіміздің бір мақаламызда: “... қазақ жүздерінің өзара орналасуында, тегінде, қазақ хандарының билігінің Қазақстан аумағында тарауының реттілігі көрініс тапқан болуы керек...” деген дәл емес ой айттық (қараңыз: Юдин В. П. [Рец. на кн.]: Мушинов А. М. Описание уйгурских рукописей Института народов Азии АН СССР. М., 1962 // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1965. Вып. 2. С. 82): Біз қазір де Ұлы, Орта, Кіші жүздердің уақыттық пайда болуының осындай реттілігінің болуы мүмкін деп ойлаймыз, бірақ Ұлы, Орта, Кіші деп аталуда ең бастысы биліктік-саяси дәрежеленуі болды.

⁵⁹ *Juwaini Ala-ad-Din ata Malir. The history of the World Conqueror, translated from the text of Mirza Muhammad Qazvini by John Andrew Boyle. Manchester University Press, 1958. V. 2. P. 504, 507, 536, 538, 563, 586, 612.*

Алтын Орданың кейінгі хандарының тұрағы Үлкен Орда деп аталды. Бұл жағдайда “үлкен” сөзі “ұлы” сөзінің мағынасын берді, себебі бұл орданы билеген хандар, басқа толып жатқан орда-тұрақтарға қатысты алғанда саяси үстемдікте болуды көздеген.

XVI ғасырдың 50-ші жылдары Еділден Ертіске дейінгі далада көшіп-қонып жүрген Ноғай Ордасы ыдырады. Соның нәтижесінде Үлкен Ноғай, Кіші Ноғай (Қази Ұлысы), Алтыұл Ноғай Ұлыстары, кейінірек басқа ноғай ордалары бөлініп шықты. Алтыұл Ноғай Ұлысын орыстар “Улус Шести Братьев” деп атайды⁶⁰. Кейін осылар жаңа екі ноғай ордасын құрады. Олардың біреуін *Үлкен*, екіншісін *Кіші Ноғай Ордасы* деп атады. Тағы біреуі ерекше атаумен *Алтыұл Ордасы*, басқаша *Жем бойлық Орда* деп аталды. Үлкен Ноғай Ордасының *Ұлы Ноғай Ордасы* деп аталуының себебі оның билеушісі Исмаил мырзаның билігінің Едігеден тараған бірге туған басқа бауырлары — ноғай мырзалары арасында жоғары деп есептелуінен еді. Дегенмен, *Кіші Ноғай Ордасы* да, *Алтыұл Ұлысы* да және басқа да ордалар шын мәнісінде Үлкен Ордаға тәуелсіз болды, бірақ солай бола тұрса да, бәрінің ішіндегі дәрежесі үлкені бәрібір *Үлкен Ноғай Ордасы* деп есептелінді.

Сонымен, жоғарыда келтірілген мысалдардан түрік-моңғол бірлестігінде басқа бірнеше ордалар және жоғары билігін осылар мойындайтын тек қана жалғыз үлкен орда болатындығын көреміз. Үлкен Орда мен Кіші Ордалар да болды. Бірақ та үш орданың — Үлкен, Орта, Кіші Ордалардың болуы да мүмкін

⁶⁰ Сафаргалиев М. Г. Ногайская Орда во второй половине XVI века // Сборник научных работ. Мордовский гос. пед. ин-т им. А. И. Полежаева. Саранск, 1949. С. 32–56; Он же. Распад Золотой Орды; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках: (Сборник документов и материалов). Алма-Ата, 1961. С. 3, 13 и сл.

еді. Қандай бір жағдайда олардың есімдерін байланыстыратын үш орданың болуы ірі көшпелі бірлестіктер ұйымы құрылымындағы тек жеке бір оқиға ғана болды. Мұндай бірлестіктердің ұйымдық жүйесін ашу үшін бірлестіктер құрамы бойынша тек үш құрамдыны ғана емес, әр түрлісін де талдау қажет. Қандай да бір ерекше атаумен аталған бір Орданың билігін екінші бір ордалардың мойындауында олардың иерархиясының көрінуі міндет емес. Ордалардың өзгелерден басымдығына келсек, ол билеуші әулеттің адамдарының жасының үлкендігі бойынша түрік-моңғол халықтарының дәстүріне сай қалыптасты. Әйтсе де мұнда жершілдік те, кейде дүниеден озған билеуші ұлығ ханның/қағанның, не бидің өсиет-тапсырмасы да үлкен рөл атқарады, яғни Шыңғыс хан орнатпақ болған принциптер негізінде, сондай-ақ кейде Шыңғыс хан өсиетіне қарама-қарсы негізде, бірақ оның атының, “алтын” тұқымының беделі негізінде жүзеге асырылған.

Үлкен, Орта, Кіші ордалардың атауы олардың құрамындағы жан (адам) санымен байланысты болмағанын мойындау керек. Істің нақты жағдайы олай деп ойлауға келмейді.

Дешті Қыпшақта Тоқа-Темір ұрпақтарының тұрақ-ордасын және, тегінде, *Йүз-Орда* төңірегіне топтасқан тайпаларды білдіретін *йүз/жүз* терминінің қолданылуы себептерін жоғарыда айтқанбыз.

Кейіннен жүздің үш бөлікке бөлінуіне байланысты оны толықтырушы *Үлкен, Орта, Кіші жүздер*, орыс дереккөздері бойынша Үлкен, Орта, Кіші Қазақ Ордалары атаулары қолданыла бастаған.

Қазақ этносының үш жүзге бөлінуі ежелден бар деген пікір Қазақстан тарихшылары арасында көптен айтылып келеді⁶¹.

⁶¹ Мысалы, А. Левшин былай деп жазған: “Біз бұл арада қазақ халқының қашан және қалайша бөлінгенін айтпай тұрып, олардың үш

Мұның өзі қазақ тайпаларының генеалогиясына, Хақназар, Тәуке және басқа хандар туралы аңыздарға негізделеді. Тіпті, соңғы кезге дейін дереккөздерде жүздер анық айтылған алғашқы жыл 1731 жыл делінетін⁶². Біз ондай жыл деп 1616 жылды атауға болатынын анықтай алдық⁶³. Одан беріде бұдан ерте уақыт әзірге табыла қойған жоқ. Бірақ дереккөздерді одан әрі тереңірек зерттей түссек, оң нәтижелерге жетуге мүмкіндік бар секілді. “Үш жүздің” аудармасы “триста” екенін еске түсірейік. Міне, осы сан қазақтар туралы айтылатын дереккөздерде көбірек ұшырасады. Мәселен, Бабыр қазақ ханы Қасымның үш жүз мың әскері болғандығы туралы жазған⁶⁴. Парсы тіліндегі деректердің бірінде қазақ ханы мен 300 сұлтанның Орта Азияға келгені туралы мәлімет берілген. Мұндай мысал-

Ордаға бөлінгені туралы айтамыз. Өкінішке қарай, біз үшін бұл құпия күйінде қалады, оны анықтайтын қолымызда ешқандай дереккөз жоқ. Біздің бұл жөніндегі бар білетіміз халықтың аңызымен шектеледі. Онда қазақтың мықты хандарының бірі өзінің бар халқын үшке бөліп, үш ұлына береді. Үлкен ұлдың еншісі — Үлкен Орда, ортаншысыныңкі — Орта Орда, кішісінікі — Кіші Орда деп аталған”, — деп жазды. Сөйтіп мұнда орда/жүз атауларының аталуы сол ордаларды басқарған адамдардың жастарына байланысты деген халық пікірі тіркелген (қараңыз: Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. СПб., 1832. Ч. 2: Исторические известия. С. 65).

⁶² Востров В. В., Муканов М. С. Родоплеменной состав и расселение казахов: (конец XIX — начало XX в.). Алма-Ата, 1968. С. 10.

⁶³ МИКХ. С. 243. Прим. 17. Біздің бұл пікірімізді Т. И. Сұлтанов та қабылдады: Сұлтанов Т. И. О времени образования казахских жузов // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока. XI годичная научная сессия ЛО ИВ АН СССР: (краткие сообщения и автоаннотации). М., 1975. Т. 1. С. 69. Он же. Кочевые племена Приаралья в XV—XVIII вв. С. 84.

⁶⁴ Бабур-наме: Записки Бабура. Ташкент, 1958. С. 22.

дарды көптеп келтіруге болады. Біздің ойымызша, ортаазиялық авторлар үш жүз сөзін қазақтардың саны ретінде пайымдаған сияқты. Әлбетте, дереккөздерде нақты жағдайларда қазақтар санының басқа мөлшерін көрсететіні де байқалады. Шама-сы, “үш жүз” ұғымын беретін санның бәрі бірдей “үш жүз” мағынасын бермегенге ұқсайды. Соған қарамастан, дереккөздерде кездесетін үш жүз, үш жүздік сан есімдері қазақтар туралы айтылғанда, кейде қазақтың “үш жүз” ұғымын қайта пайымдаудың өзіндік аудармасы болған болса керек. Осы жолда іздестіру жұмысын жалғастырған жөн. Ол 1616 жылға дейін де жүздердің болғандығы туралы тікелей мағлұматтарға жеткізе алады.

Егер осы идеядан шығарсақ, жалпы біртұтас жүздің жеке жүздерге бөлінуі басталған кезде жүздер қанша болған, екеу ме, әлде үшеу ме?

Дегенмен М. Красовскийдің пікірімен келісе отырып А. П. Чулошников айтқан қарсы пікір де бар. Оның пікірі бойынша, әуелдегі біртұтас қазақ халқынан үш жүз бөлініп шыққан жоқ, керісінше осы ертеректегі бір-біріне тәуелсіз үш бөліктен біртұтас қазақ халқы құралған. Бұл бөліктердің әуелде жүз болуы немесе жаңадан құрылған бір халықтың құрамды бөлегі жүз болуы мүмкін. Бұл орайда бастапқыда Ұлы жүз бен Орта жүз біріккен, ал біраз уақыт өткен соң барып оларға Кіші жүз қосылған деп ұйғарылады⁶⁵. Не біз А. П. Чулошниковты дұрыс түсінбей отырмыз, болмаса былай деп пайымдау керек сияқты: бастап біріккен жүздер алдын ала өздеріне қандай да бір тайпаларды қосып алатынын “жоспарлап”, ол үшін

⁶⁵ Чулошников А. П. Очерки по истории Казах-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Оренбург, 1924. Ч. 1: Древнее время и средние века. С. 104, 135, 136, 256, 257.

Кіші жүз атауын әдейі кейінге сақтаған ба? Мұндай пайымдаудың сандырақ екенін мынадан да көруге болады: өйткені басында екі тайпа біріккен болса, олар өздерін Үлкен және Кіші орда (жүз) деп атауға тиісті ғой. Басқаша жағдайда, бастапқы екі жүздің көсемдерінде пайғамбарға тән көрегендік болған деуге тура келер еді. Әділеттілік үшін мойындау керек, А. П. Чулошниковтың пайымдауларында жаңсақтық негізгі мәселеде емес, тек сөзге байланысты ғана болуы мүмкін. Шынында да әуелде Үлкен және Кіші жүз деп аталған екі тайпаның бірігуі ғажап емес, оларға үшінші топ қосылып, оның кейін Орта жүз деген атау алуы әбден орынды сияқты.

Дегенмен, мұндай пайымдауды қабылдау қиын. А. П. Чулошников үш жүздің одағының құрылуы 1580 жылы өлтірілген Хақназар ханның тұсында болған дейді. Ал Ұлы жүз туралы алғаш 1616 жылы ғана айтылады. Егер қазақ халқының құрылымында үш жүздің болғанын ескерсек, онда сақтық үшін 1616 жылы Кіші жүз де болған деп қараған орынды. Айтқандай Т. И. Сұлтанов нақ осындай сақтық танытады⁶⁶.

Орта жүз туралы хабар 1616 жылдан бастап бар, бірақ бұл хабар ол соның алдында пайда болған деу қиын болатындай сипатта. Бұған А. П. Чулошников бұл хабар әлі ғылыми әдебиетке енбей тұрғанда жазғанын қосуға болады. А. П. Чулошников үшін оның заманындағы белгілі дереккөз бойынша (1731 ж.) жүздер туралы айтылған деректің уақыты мен Хақназар хан туралы аңыз-әңгімелер дерегінің арасы өте алшақ, осы екі аралықта өте көп оқиғалардың болуы да мүмкін ғой. Мұндай болжамдар үшін бұл күнде хронологиялық мүмкіндіктер шеңбері шегіне жете тарылған. Бұдан соң 1616 жылы Ұлы

⁶⁶ Сұлтанов Т. И. Кочевые племена Приаралья в XV—XVIII вв. С. 84

жүздің болғаны туралы деректің табылуының өзі-ақ жеткілікті ескерту болмай ма?

1598 жылы Тәуекел хан өлген соң, қазаққа оның інісі Есім хан болды. Онымен бірге сол кезде Баһадур деген де қазақ ханы деп есептелінді. Мұхаммадиар бен Араб қатағанның “Мұсаххир әл-билад” шығармасымен ұқсас парсы тіліндегі “Тарих-и Шайбани” шығармасында Баһадур хан 1603 жылы күзде Есім ханмен бірігіп, қарақалпақтардың Түркістанды билеуге қойған жалған Шайбанид Абд әл-Ғаффар сұлтанға қарсы соғысып, жеңгені туралы дерек бар. Абд әл-Ғаффар сұлтан Түркістанды, Сайрамды, Ташкентті, Ақсуқентті, Андижанды басып алады. Баһадур мен Есім 1605 жылдың көктемінде Ташкент түбіндегі Қарақамыста жалған-Абд әл-Ғаффарға тосыннан шабуыл жасап, Есім Абд әл-Ғаффарды өлтіреді. Қазақтар Сырдария бойындағы қалаларды, Ташкент пен Ферғананы қайтадан өзіне қаратады⁶⁷. 1617 жылғы орыс құжаттары: “Топин мемлекетіндегі адамдар оларға: Топин мемлекетінде екі патша бар, біреуінің аты Есім (Ишим), ал екіншісінің аты

⁶⁷ Та’рих-и Шайбани. Рук. ИВ АН РУз., № 1505, л. 656; Юдин В. П. “Та’рих-и Шайбани” как источник по истории казахского и каракалпакского народа XVI—XVII вв. // Тезисы докладов научной конференции профессорско-преподавательского состава, посвященной XXIV съезду КПСС. Мин-во высш. и сред. спец. образования КазССР, Казахский ордена Трудового Красного Знамени гос. ун-т им. Кирова. Алма-Ата, 1971. С. 155—157; Абусеитова М. Х. О ташкентском и ленинградском списках “Мусаххир ал-билад” // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока. XIII годичная научная сессия ЛО ИВ АН СССР: (краткие сообщения). М., 1977. С. 70—74; Она же. “Мусаххир ал-билад” Мухаммад-Йар бен Араб Катагана как источник по истории Казахстана XVI века // Письменные памятники Востока: история, филология. М., 1979. С. 3—12.

Батыр дейді. Олар және ол мемлекет туралы нағыз Қазақ Ордасы деп айтатын көрінеді...”⁶⁸.

Сондай-ақ Есім хан мен Баһадурдан басқа “Бахр әл-асрар” бойынша 1613/14 жылдар шамасында Ташкентте Тұрсын-Мұхаммед хандық құрған⁶⁹. Бұл оқиғалар туралы парсы тілінде өлеңмен жазылған Сухайланың “Имамқұлы хан-наме” шығармасында толығырақ айтылған. Шамасы, бұл “Бахр әл-асрар” үшін дереккөз болған секілді. Осы “Имамқұлы хан-намеде” жазылғандай, Тұрсын-Мұхаммед Аштархан хандарының ұрпағы Имамқұлы ханға көмек көрсетіп, соның нәтижесінде Есім ханды және қазақтың басқа билеушілерін талқандайды. Олар Ферғанадан және Сырдария бойындағы кейбір иеліктерінен айырылады⁷⁰. Ал Есім хан өзінің туысқандарымен бірге амалсыз Шығыс Түркістанға кетуге мәжбүр болады⁷¹. Ол Шығыс Түркістанға Моғолия ханы Шах Шуджа ад-Дин Ахмад өлген соң шамамен 1617 жылы⁷² келіп, осында Шығыс Түркістанда

⁶⁸ Материалы по истории русско-монгольских отношений: Русско-монгольские отношения. 1607–1636: Сборник документов. М., 1959. С. 57, 66 (әрі қарай МИРМО).

⁶⁹ Султанов Т. И. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. С. 119.

⁷⁰ Сухайла. Имамкули-хан-наме. Рук. ИМ АН РУз., № 89, л. 89а и сл.

⁷¹ Шығыс Түркістандағы Есім хан туралы қараңыз: Шах-Махмуд ибн мирза Фазил Чура. Хроника /Критический текст, перевод, комментарии, исследование и указатели О. Ф. Акимускина. М., 1976. С. 202–204; Та’рих-и Кашгар. Рук. ЛО ИВ АН РФ, С. 576, л. 79а–80а, 85а; В 2472, л. 100а–101б, 107б; МИКХ. С: 337, 339–345, 382–384, 414–415, 417–418.

⁷² Та’рих-и Кашгар, С 576, л. 78а; В 2472, л. 99а; 1026 г. х. =1617 г. н. э.

алты жылдай тұрып, шамамен 1623 жылы⁷³ қайтадан Ташкентке оралады. Есім хан қайтып оралған соң, 1628 жыл шамасында Тұрсын-Мұхаммедті өлтіріп, Сырдария бойындағы иеліктеріне қайта орнығады.

Ферғанада Есім ханмен бір кезде қазақ билеушісі Абылай сұлтан билік жүргізді. Орыс құжаттарында оны “Саврандық Қазақ ордасының патшасы... Аблахан”⁷⁴ деп атаған. Оның Аблахан деп аталу себебі, оны Қазақстан мен Орта Азия тұрғындарының осылай ұлықтауынан. Орыстар оған патша деп ат берді. Русьте патша атауы татар-моңғол хандарына, сондай-ақ бұрынғы Моңғол империясының кейбір бөліктерінің билеуші хандарына, оның ішінде ортаазиялық және қазақ хандарына берілген. 1616 жылдың шамасында “Бұхара патшасы Имамқұлы Савран патшасы Аблаханды оның қалаларынан қуып шыққандықтан, ол Қазақ ордасына қашып кетеді де, оның орнына Савранда және басқа да қалаларда өзін қолдайтын Тұрсын ханзаданы (яғни Тұрсын-Мұхаммед ханды. — В. Ю.) отырғызады⁷⁵. Осы жоғарыда айтылғандар негізінде Абылайдың хан болғандығына күмән болмауға тиіс. Сухайла өзінің “Имамқұлы хан-наме” шығармасында сондай-ақ XVII ғасырдың алғашқы жиырма жылында қазақтың хандары деп Әлиді, Назарды, Күшікті... атаған.

Міне, осылайша XVII ғасырдың оныншы-жиырмамыншы жылдарында қазақтарда бір кезде Есім, Баһадур, Абылай, Тұрсын-Мұхаммед деген хандар болған, оның сыртында Әли, Күшік, Назар⁷⁶ дегендер де хан аталған. Мұндай бір мезгілде

⁷³ Махмуд бен Вали. Бахр ал-асрар... // МИКХ. С. 245, 550.

⁷⁴ МИРМО. С. 45.

⁷⁵ Сонда. 49-б.

⁷⁶ Кейбір қазақ хандары туралы мәліметті қараңыз: Султанов Т. И. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. С. 111–121.

көптеген хандардың билік жүргізуі қазақ халқы тек бірнеше саяси бөлшектерге бөлінгенде ғана жүзеге аспақ. XVI ғасырдың аяғы — XVII ғасырдың басындағы саяси хал-ахуалдарға қарағанда қазақ халқы біртұтас болмаған сияқты. Сондықтан да “Қазақ хандығы”, “билікті басып алу”, “ұлығ хан” деген сияқты атауларды сол кезге қарай болды деу орынсыз, тіпті болмаған күнде, абайсыз айтылған сөз болмақ. Кейбір деректерде ханды сұлтан, ал сұлтанды хан деп атайтыны да жағдайды қиындата түседі. Бір сөзбен айтқанда, сол уақыттағы жағдайларды пайымдай отырып, XVI ғасырдың аяғына таман жүздердің өмір сүргенін үлкен сеніммен айтуға болады. Дереккөздердің мәліметтері жүздердің пайда болу мерзімі шын мәнісінде Хақназар ханның билігі кезімен сәйкес келеді деген қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Алайда Керей мен Жәнібек екеуі де хан болғанын, ал Қасым хан тақ билігі үшін Бұрындық ханмен таласқанын ескерсек, жоғарыда айтылған қорытындыны да соңғы сөз деу қиын.

Қалай болғанда да, тарихшының XVI ғасырдың аяғында жүздер болды деп айтуына толық негізі бар, бірақ осыны ескере отырып, жүздердің бұдан да ертеректе болғандығы туралы деректерді табу ықтималдығы көп болғандықтан, іздестіру жұмыстарын жүргізе беруге міндетті.

Жоғарыдағы айтылғандарға қосатынымыз, қазіргі уақытта қазақ халқының XV—XVIII ғасырлардағы тарихы туралы мәліметтердің көп жиналғаны сондай, қазақ тарихына қазақтардың бөлек-бөлек топтары дамуының үзік-үзік процесі деп қарау мүмкін емес, ал мұның өзі М. Красовский мен А. П. Чулошниковтың көзқарастарына тірек болған негізді жоққа шығарады.

В. В. Бартольд пен басқа да тарихшылардың пікірлеріне ілесе отырып, қазақ халқының үш жүзге бөліну себебін “Қазақстандағы географиялық-климаттық белгілерге негізделген ша-

руашылық-экономикалық аудандастыру жағдайына байланысты болған” деп есептейміз⁷⁷. Жалпы экологиялық факторлар елдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайларымен ұштасып, жүздердің пайда болуына және соның нәтижесі ретінде өмірдің неғұрлым орнықты өрлеуіне жағдай жасады деп ойлаймыз.

Жүздердің пайда болған уақыты мен себептері жөніндегі әртүрлі көзқарастармен толық танысу үшін оқырманға проблеманың шолуларын қарауды ұсынамыз⁷⁸.

Үш жүздің пайда болу себептерін қарастыру нәтижесінде жаңа болжам пайда болды. Оның авторы бұл болжамын тайпалар мен халықтардың көшпелі одақтары ұйымының ежелгі үштік жүйесіне негіздейді: “Сырттай қарағанда үштік ұйым институты үш рулық одақпен немесе үш рудың әрқайсысы бір руға қатысты қайын ата руы және екіншісіне қатысты күйеу руы болатын тайпалардың тұйықтама байланысына ұқсас. Алайда мұнда байланыс орталық қаған руына қатысты өзге екі ру тарапынан ғана болады, олар қаған руымен қыз алысқанымен, бір-бірінен дербес болады. Бұл руаралық қыз алысып, қыз берісетін, біз этностық триумвират деп атап отырған жүйе ежелгі Азия көшпелілерінің сол қанат — орталық — оң қанат деп бөлінетін әскери-тактикалық ұйымы жүйесіне қосылады.

Әлбетте, тым байырғы замандарға қатысты хабарлар мен моңғол дәуірінен кейінгі құбылыстар арасына тура параллель

⁷⁷ Юдин В. П. [Рец. на кн.]: Мугинов А. М. Описание уйгурских рукописей... С. 82.

⁷⁸ Вяткин М. Очерки истории Казахской ССР. М., 1941. Т. 1: с древнейших времен до 1870 г. С. 97—102; Востров В. В., Муканов М. С. Родоплеменной состав и расселение казахов. С. 8—23; Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974. С. 5—28.

жүргізуге болмайды. Бірақ дәстүрлердің аса қуатты факторын жоққа шығаруға да болмайды. Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы кезеңінде, бұрынғы дәстүрдің мұрагері болып шыққан олардың кертартпа күші әскери-тайпалық ұйымның үштік жүйесі түрінде көрінді, дегенмен бұл уақытта ол жүйенің мазмұны тек бұрынғы әлеуметтік институттардың әлсіз жаңғырығы іспетті ғана болатын”⁷⁹.

Моңғол заманынан кейінгі кезеңдегі тайпалардың үштік ұйымы тұжырымдамасын жасанды түрде қайта құрастырылған және ойдан шығарылған деп есептейтінімізді бірден айтуға болады. Және, үштік жүйенің көне заманда да, моңғол заманына дейінгі уақытта да болғаны күмәнді деп есептейміз, олар “иә”, “жоқ” деген қандай бір таңдаусыз тарихтың нақты фактілерін толығырақ қамтыған жүйелік-құрылымдық сипаттағы дәлелдеуді талап етеді.

Ю. А. Зуев көтерген проблема әжептәуір күрделі. Мұны оның жорамалының қазірдің өзінде зерттеу жұмыстарында қолданылуынан-ақ көруге болады. В. В. Востров пен М. С. Мұқанов сол арқылы қазақ халқының үштік құрамдылық өзгешелігін, яғни қазақтың үш жүзінің шығу тегі мен өмірде болғандығын түсіндіргісі келеді. Олар моңғолдарға дейінгі және кейінгі этностық тарихтың құбылыстары арасына тура параллель жүргізудің мүмкін еместігі туралы ескертпе жасағандарымен, Ю. А. Зуев сияқты, бұлар да осыған қарамастан, сондай-ақ үштік ұйымның нақты өмірде болғанына немесе оның сарқыншағына айғақ табу мүм-

⁷⁹ Бұл болжамды Ю. А. Зуев айтқан. Қараңыз: Зуев Ю. А. Древнетюркские генеалогические предания как источник по ранней истории тюрков: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. Алма-Ата, 1967; Он же. Историческая проекция казахских генеалогических преданий. С. 67–68.

кіндіктерінің болмауына қарамастан, оны қару етіп қолданады. Сондықтан да қазақ халқының үш жүзге бөлінуінің негізгі себебі ретінде, олар бәрібір әлеуметтік және басқа да себептермен ықпалы күшейе түскен табиғи-экологиялық және шаруашылық-экономикалық факторларды атайды.

Сондықтан жорамалға қатысты мәселенің оң болсын, сол болсын, бірақ дұрыс шешілуі ежелгі замандардағы және орта ғасырлардағы көшпелі түрік-моңғол және Еуразияның басқа да халықтарының қоғамдық құрылысының мәнін анықтау үшін пайдалы болады.

Біріншіден, Дешті Қыпшақ халықтарының тарихында моңғолдардан кейінгі уақытта тайпалардың үштік ұйымының ешқандай жүйелерінің, дәстүрлерінің немесе жаңғырығының болмағанын атап өтеміз, сол секілді одан бұрынғы дәуірлерде де оның болғанына күмәнмен қараймыз. Үштік ұйымның айғағы болуға тиісті фактілер, біздің түсінігімізде, жалпы әдейі іріктелініп, ерекше түрде ұғындырылған. Бұл ерікті не еріксіз түрде ме, ол енді басқа мәселе.

Екіншіден, үштік ұйым институтының болғандығын дәлелдеу үшін Ю. А. Зуев түрік-моңғолдың оннан астам “үш дегерминанты бар этнонимдерін”⁸⁰ келтіреді. Келтірілген мысалдар өте күшті әсер қалдырады, бірақ онда тек үш сан есімінің қатысуымен жасалған этнонимдер ғана қарастырылады. Түрік-моңғолдарда этноним жасауда төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, отыз, қырық, жүз, мың, түмен және басқа сан есімдер де қатыса береді. Бұлардың кейбіреулері этнонимдердің құрамында үшке қарағанда сирек емес, тіпті жиірек болуы да

⁸⁰ Зуев Ю. А. Историческая проекция казахских генеалогических преданий. С. 63.

мүмкін. Бұған көз жеткізу үшін И. А. Аристовтың түрік халықтарының ру-тайпалық құрамы жөніндегі белгілі еңбектеріне назар аударсақ жеткілікті⁸¹. Үш сан есімі бар этнонимдер үштік ұйымның болғандығына айғақ болуы үшін осы сан есімді пайдалану арқылы жасалған түрік-моңғол этнонимдерінің бәрін, оның жүйелілігін анықтау мақсатында, жаппай тексеру керек және үш сан есімі бар этнонимнің жүйедегі ерекше орнын анықтау қажет. Осындай алдын ала жасалған тексеру жұмысынсыз үштік ұйымды да, *төрт*, *бес* және т. б басқалар негізінде жасалған ұйымды да табуға болады. Қысқасын айтқанда, үш сан есімі бар этнонимдердің тізімі мұндай тексеріс жасағанға дейін айғақтық күшке ие бола алмайды.

Үшіншіден, тайпалардың үштік ұйымының тамырын үш компонентті әскери ұйымның — сол қанат — орта — оң қанатынан көру де мүмкін емес, өйткені үш құрамды әскери ұйым тек соғыс кезінде әскерді орналастыру ретінде ғана пайда болып отырған. Бейбіт кезде мұндай ұйым болған жоқ, этностың немесе тайпалар бірлестігінің оң және сол қанаты болды, бірақ ортасы деген болған жоқ. Ханның немесе қағанның тұрағы өзінің мәні жөнінен, оған тиісті адамның саны және басқа сипаттары жөнінен де көшпелілердің әскерді әскери-тактикалық орналастыру орталығына әсте де тең тең келмейді. Бұл жерде әскери құрылысты әлеуметтік құрылысқа әкеліп салу да онша келісіп тұрған жоқ. Біздің пайымдауымызды жоққа шығару үшін ортаның болғандығын дәлелдейтін сенімді айғақ, яғни

⁸¹ Қараңыз, мысалы: Бравин Н., Беляев И. Указатель племенных имен к статье Н. А. Аристова “Заметки об этническом составе тюркских племен и сведения о их численности” // Записки Императорского Русского Географического Общества по отделению этнографии. СПб., 1903. Т. 28. Вып. 2. С. 1–32.

соғыссыз бейбіт кезде ортаның маңыздылығын дәлелдейтін айғақты зерттеу керек. Ал Моңғол империясы және моңғолдардан кейінгі кездегі далалық құрылымдар үштен де көп бірнеше ұлыстарға бөлінді. Және мәні жөнінен бірдей Орда-тұрақтар да (ставкалар да) үштен әлдеқайда көп болды. Моңғол империясында Жошының, Шағатайдың, Үгедейдің, Толының, Ирандағы Хулагуидтердің және басқалардың ұлыстары болды. Шамамен осындай жағдай — Моңғол империясы ұлыстарының ішінде де және ол құлағаннан кейін пайда болған саяси құрылымдардың ішінде де болды.

Төртіншіден, неліктен “қазақтарда үш жүзге бөліну болды және олардың арасындағы әлеуметтік-сатылық байланысы: Ұлы, Орта, Кіші болып үйлесім табады” деген сұрақтарға жауап беру керек. Неге үшеу (эфталиттердегідей жетеу, қидандардағыдай сегіз емес) және неге Ұлы — Орта — Кіші деген реттілік сақталады. Ноғай Ордасы Үлкен және Кіші Ноғай Ордалары болып неге бөлінді деген сұраққа жауап беру деген сөз Ноғай Ордасынан Алтыұл Ордасы, одан беріде басқалар неге бөлініп шықты деген сұраққа жауап беру, демек жоғарыда эфталиттер мен қидандар туралы қойылған сұрақтарға, сондай-ақ сол Дешті Қыпшақтағы көптеген басқа халықтар мен бірлестіктер туралы туындар осындай сұрақтарға жауап беру болар еді. Дешті Қыпшақ халықтарының арасында, шынында да, нақ қазақтар неге үшке бөлінді? Егер осы жағдайда жүйе (дәстүр не оның жаңғырығы) әрекет етсе, онда оның әрекеті неге әмбебап болмады және Дешті Қыпшақтың барлық түрік тілдес халықтарын түгел қамтымады? Біздің байқауымызша, мұның бұлай болуы нақты бір жағдайда нақты бір себептердің әрекет етуінен, сондықтан да оның нәтижесі нақты және өзгеше. Қазақ халқының үш жүзге бөлінуі — тек нақты тарихи себептер жиынтығы әрекетінің жеке бір жағдайы ғана. Оны біз жоғарыда түсіндіріп бақтық та.

Біз жүзге бөлінудің негізінде дәстүрлі идеологиялық жүйе де, некелік-ғұрыптық дәстүр де жатқан жоқ деп есептейміз. Қалай болғанда да, моңғолдардан кейінгі кезде Еуразия дала-сындағы этностардың құрылымы қалыптасуына аталған факторлардың ықпалын табу қиын. Көшпелі ұжымдардың үшке, төртке және одан да көпке бөлінуі бәрінен бұрын өмірдегі материалдық жағдайдың тегеурінімен жасалды және содан кейін ғана идеологиялық, анығында жалған идеологиялық мәнде ұғынылып, адамдардың санасында басымдық және байырғылық құқыққа ие болды. Осы типтегі жалған идеологиялық қайта пайымдауға халықтық-этимологиялық түсіндіру, демек, өтірік этимологиялық түсіндіру қабаттасты, немесе, басқаша айтқанда, жалған идеологиялық негіздеу жалған халықтық этимологияның құрамдасына айналды. Қазіргі уақытта кейбір зерттеушілердің басы артық “интеллектуализмі” ертеде болған және тарихтың дереккөздік мәліметтерімен қамтамасыз етілуі кемшін оқиғалардан міндетті “идеялар ойынын” талмай іздеуі себеппен нәтиженің орнын ауыстыруға, лажсыздан қондырғы құбылыстардан базистік құбылыстар шығаруға ұрындырады.

Ю. А. Зуев “бұл проблеманы шешуде белгілі бір атауды іздеудің емес, халықтың құрамындағы этностық компоненттердің тарихи рөлін анықтаудың нақты мәні бар”⁸² деп есептейді. Шынында да, атауды іздеу негізгі мақсат болмауы керек, ол туралы әлденеше рет айттық та. Алайда, дереккөздерден белгілі бір этностық компоненттер туралы дерек табу үшін оны іздеу керек, іздегенде тек олардың өзгертіліп аталған жағдайдағы атаулары бойынша, басқа атаулары немесе “этноним айырбастың” тек атаулары бойынша ғана, не атаулары өзгерген

⁸² Зуев Ю. А. Историческая проекция казахских генеалогических преданий. С. 63.

болса сол басқа атауы бойынша немесе сипаттама “этноним алмасулар”⁸³ бойынша іздеу керек, яғни бәрібір атаудан бастау керек. Дереккөздерден нақты этностық ұжым туралы нақты мәліметтер алудың басқа тәсілі бар ма!

“Этностық компоненттердің тарихи рөлі” деген түсінік нені білдіреді? Олардың халық (этнос) болып қалыптасқанға дейінгі тарихтағы рөлін бе? Ю. А. Зуевтің еңбегіне сүйенсек сөз болып отырғаны осы. Алайда, қаншалықты уақыт өлшемінде? Егер де, айталық, найман, арғын, қыпшақ, жалайыр, қоңырат және басқа да компоненттердің моңғол кезеңіне дейінгі хәм одан кейінгі рөлі зерттелетін болса, онда олардың қазақ этносына кіргеніне дейін солармен аттас ұжымдардың көп болғандығын қайтпекпіз? Басқаша айтар болсақ, бізге деректер бойынша белгілі бірнеше топтан, мысалы арғын не найманның қайсысы кейінірек қазақ халқының құрамына кіргенін қалай анықтауымыз керек? Ю. А. Зуевтің мақаласында бұл сұрақтарға нақты жауап бар дей алмаймыз.

Және, ақыр соңында, Ю. А. Зуевтің жүздер проблемасын шешу үшін қазақ аңыз-әңгімелерін пайдалану керек дегені ортақ пікір мен тәжірибеге үйлес. Алайда, әдетте зерттеушілердің ауызша дереккөздерден өзі қорғамақ болған тезистерді растайтын мысалдарды ғана іздеп тауып, ал өз көзқарасына кереғар келетіндерін айналып өтіп, назар аудармайтынын айтпай кетуге болмайды. Ю. А. Зуевтің еңбектерінде аңыз-әңгімелерді пайдалану әдістемесі дәл осындай. Алайда, ауызша дереккөздер беретін деректерге тек осы қырынан қарасақ, кез келген пікірді дерлік жөн етіп көрсетуге болады. Біздің ескертпек ойымыз, ауызша жеткен аңыз-әңгімелердің берер деректерін пайдалану-

⁸³ Зуев Ю. А. Историческая проекция казахских генеалогических преданий. С. 77.

дың ғылыми әдістемесін дұрыс ойластыру керек. Яғни, болжамдарды “растайтын” деректерді ғана емес, оларға қайшы келетін деректерді де саралау әдістемесін жасау керек.

Біз айтпай кетуге болмайтын бірнеше ескертпелеріміз бен қарсылықтарымызды ғана келтірдік. Осы және туындауы мүмкін басқа да қарсылықтар мен сұрақтарға берілетін нақты жауап қана Ю. А. Зуевтің болжамын зерттеу жұмысына пайдалы басшылық ретінде қабылдауға мүмкіндік берер еді⁸⁴.

Біздің пайымдауымызша, жүздер проблемасының әлі де айқын анықталмаған кейбір аспектілерін әр түрлі сипаттағы деректемелердің нақты мәліметтерін мұқият талдау, талмай іздену, ғылыми айналымға жаңа деректемелерді енгізу арқылы ғана шешуге болады.

Мамай, Ноғай, Қырым және басқа Ордалар. Мамай Ордасы, Мұрат Ордасы тағы да көптеген осы іспетті ордалар бұларды іс жүзінде не жанама басқарған тұлғалардың есімдері бойынша пайда болды. Бұлардың көпшілігі оны басқарушылардың қазасына дейін ғана, аз ғұмыр кешті. Ондай ордалардың адамдары басқа қайсыбір орданың құрамына кіретін болды.

Қазақстан тарихында, Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелі бірлестіктері мен мемлекеттерінің тарихында әлі қаншама беймәлім

⁸⁴ Белгілі ауызша дереккөздерді пайдаланудың мұндай әдіснамасын бұдан 150 жыл бұрын А. Левшин қолданды: “...Әңгіменің рет-жөніндегі, оқиғалардың хронологиясындағы, шежіредегі, адамдар мен жер атауларындағы олардың (қазақ аңыздарының. — В. Ю.) айырмашылығы соншалық көп, ақиқат оқиғалар көптеген ойдан қосылғандармен көлегейленгендігі соншалық, оларға сүйенсек біз бүкіл осы шығарманы тарихи арман-қиялдар жинағына айналдырар едік. Мұндай қателікке ұрынбай, ілгеріде айтылған аңыздарды анық хабарлармен салыстыру үшін ғана есте ұстайтын боламыз” (қараңыз: Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей, СПб., 1832. Ч. 2. Исторические известия. С. 30–31).

сырлардың бар екенін көрсету үшін біз қийат тайпасының Теңіз-Бұға Ордасы туралы айтамыз. Теңіз-Бұға — Алтын Орданың сол қанатын билеген Жыр-Құтлының ұлы. Кейбір деректердің айтуынша, оны Орыс хан өлтірген. Жыр-Құтлы қийат Исатайдың ұлы. Ол деректер бойынша Иса-Гүрген немесе Иса-Курекең деген атпен де белгілі. Алтын Орда билеушісі Өзбек ханның күшті қолдаушысы болған. Өзбек хан қийат Исатайдың қызметі үшін Шайбан ұрпағынан өзге барлық Жошы ұрпақтарын Исатайға сыйға тартқан. Бұл Жошы ұрпақтарынан өзгеше қосын құрған қийат Исатай оларды қол астында құл мен малай есебінде ұстаған. Исатайдан кейін олар Жыр-Құтлыға, одан соң Теңіз-Бұғаның қол астына көшті.

“Шыңғыс-намедегі” деректер бойынша Алтын Ордадағы аласапыран кезі Бердібек ханның (1357–1359) таққа отыруынан басталады.

Оның тұсында, қийат Мамай Алтын Орданың бір бөлігін Қырымға бөліп әкетсе, енді бірін қийат Теңіз-Бұға Сырдарияның төменгі ағысына әкеткен. Осылайша атақты Мамай Ордасы және тарихшыларға әлі күнге дейін беймәлім болып келген Теңіз-Бұға Ордасы Қазақстан аумағында пайда болды.

Теңіз-Бұға Жошы ұрпақтарын өз әкесінің басына орнатқан мазар құрылысына қара жұмысшы есебінде пайдаланды. Бұдан әрі қарай “Шыңғыс-намеде” Жошы ұрпақтары ұйымдастырған мемлекеттік төңкеріс әңгімеленеді. Қысқаша мазмұны төмендегідей.

Жошы ұрпақтарына Теңіз-Бұғаның Ордасына жаушы келгені белгілі болады. Ордада кеңес өтеді. Оған Жошы ұрпақтарының бірі, қысқаша Ноғай деп атайтын Қара Ноғай есімді адамды шақырады. Оның енді бір есімі — *Алып-Атгучу-баһадур*, яғни Алып Атқыш батыр. Жошы ұрпақтарының арасында *Б-кри-Қожа-Ахмет* есімді тағы біреу бар еді. Оның екінші аты — *Сағышы-Артық-Сайшы-Оғлан*, яғни Кемеңгер

Сайшы-Оғлан. Осы Кемеңгер Сайшы-Оғлан басқа Жошы ұрпақтарына мән-жайды түсіндіреді. Оның айтуынша, жаушы Бердібек ханның қазасы туралы хабар әкелген. Осыған байланысты Теңіз-Бұға кеңес өткізеді. Осы кеңесте Теңіз-Бұға мен оның маңындағылар Қара Ноғайды үгіттейді. Егер де ол барлық Жошы ұрпақтарының көзін жоятын болса, оны хан көтереміз деп сендіреді. Қара Ноғай келіскендей болады.

Жошы ұрпақтары Теңіз-Бұғаның Ордасынан шыққан Қара Ноғайды қолға түсіреді. Қара Ноғайды хан етіп сайлауға Жошы ұрпақтары да уәде береді. Қара Ноғай Ордада болған кеңес туралы айтқанда оның сөздері Кемеңгер Сайшы-Оғланның айтқандарымен дәлме-дәл келеді.

Жошы ұрпақтары төңкеріс жасауға бел буып, келесі күні Теңіз-Бұғаны өлтіріп, ойларын жүзеге асырады. Қара Ноғай хан болып жарияланады. “Екеуі де, Маңғытайдың ұлы Хызыр хан мен Қара Ноғай бір айда хан болды. Хызыр хан Сарайда (Сайын хан) тағында хан болса, ал Қара Ноғай Сыр бойында сол қанатта билік құрды⁸⁵ .

“Қара Ноғай Сыр бойында үш жыл биледі...”⁸⁶ . Оның қазасынан кейін хан тағына інісі Тұғлы-Темір отырды. Оның қанша жыл билік құрғаны белгісіз. Тұғлы-Темір қайтыс болғаннан кейін хан тағына Бадық-оғланның ұлы Орыс хан отырды. Орыс хан — қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы.

Бұл әңгімедегі есімдер мен оқиғалардың тарихта болғанын Қадырғали би жалайырдың “Шежірелер жинағы” секілді деректеме растайды⁸⁷ . Бұл әңгімедегі Жошы ұрпақтарының

⁸⁵ Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме, 53а п.

⁸⁶ Сонда, л. 54а.

⁸⁷ *Кадыр-Али-бий джалаир*. Сборник летописей. Рук. Восточного отдела Научной библиотеки Казанского университета, шифр Т. 40 (старые шифры: Т. 969; Т. 5028). Өтеміс қажының “Шыңғыс-наме-

есімдерін біз Жошы шежіресінің Тоқа-Темір ұрпақтары бөлімінен кездестіреміз.

Сонымен Өтеміс қажы осы күнге дейін бізге мүлде дерлік беймәлім болып келген Сырдария бойындағы Қийат Теңіз-Бұға Ордасының құрылуы туралы деректер берді⁸⁸ . Қийат Мамай Ордасы туралы деректердің мол болуы орыс тарихшыларының және басқа да дереккөздерінің болуына байланысты. Алайда Алтын Ордадағы аласапыранмен бір уақытта Орта Азияда да аласапыран басталды. Бұл қатар кезең Әмір Темір мемлекетінің құрылуымен аяқталды. Сол себепті ортаазиялық дереккөздер, яғни Қазақстан тарихы бойынша қаралып отырған кездің негізгі дереккөзі Шығыс Дешті Қыпшақ даласында болған оқиғалар туралы мүлде аз ақпарат береді.

Аласапыран жылдарында дала түрлі тарихи оқиғаларға толы болды. Теңіз-Бұға Ордасының орнына Жошының Тоқа-Темірден тараған ұрпағы хандық билікке келді, бұл тармақ Орыс хан шыққан тармақ емес болатын. Бұл хандардың кейбіреуінің есімдері бізге басқа дереккөздерден де белгілі. Мәселен, Тұғлы-Темірдің (Тұғлық-Темірдің) хан болғаны бізге белгілі, алайда белгілі дереккөздерде ол Моғолстан ханы Шағатай ұрпағы Тұғлық-Темірмен шатастырылады. Өтеміс қажының Хиуа билеушісі

сіндегі” бұл әңгімедегі бар кейбір адамдар туралы мәліметтерді Қадырғали би жалайырдың “Жылнамалар жинағын” зерттеуден қараңыз: *Усманов М. А.* Татарские исторические источники XVII—XVIII вв.; “Сборник летописей”, “Дафтар-и Чингиз-наме”, “Таварих-и Булгария”, татарские шаджара. Изд-во Казанского ун-та, 1972. С. 33—96.

⁸⁸ Бұл оқиғаларды біз мына хабарламамызда өте қысқа сипаттадық: *Юдин В. П.* Об “узурпации” власти в Казахстане во 2-й половине XIV в. беком племени кийат левого крыла Золотой Орды Тенгиз-Бугуй // Материалы итоговой конференции профессорско-преподавательского состава. Изд-во КазГУ. 1974. С. 6—7.

Шайбан ұрпағы Дост-сұлтанның дәптеріндегі жазбаша дерекке сүйене отырып, Тұғлы-Темір есіміне берген түсіндірмесінде: “Бұл Тұғлы-Темір ұлы билеуші болды. Ол Самарқанд пен Бұхарға да билігін жүргізді”⁸⁹ делінеді. Демек, дәптердегі деректерде де “Шыңғыс-намедегі” Тұғлы-Темірді Моғолстан ханы Тұғлық-Темірмен бір деп біледі.

Алайда “Шыңғыс-намедегі” әңгіме даланың ауызша тарихнамасының бөлімі болғандықтан, Тұғлы-Темір мен моғолстандық Тұғлық-Темірдің арасындағы байланыс туралы ештеңе айтпайды.

Біз “Шыңғыс-наме” қазақ хандарының алдыңғы тарихынан тамаша әңгіме жеткізді деп айта аламыз. Ал тарихшылар алдағы уақытта бұл деректерді саралауы қажет.

Ноғай (Маңғыт), Қазақ, Қарақалпақ, Қалмақ тағы басқа осылар секілді Ордалар Дешті Қыпшақ көшпелілерінен жаңа этностардың қалыптасу процесінің нәтижесі ретінде өз атауларын алды. Жаңа этностар негізінен көшпелі өзбектер деп аталатын тайпалар мен рулардан құралды. Көшпелі өзбектер өз атауын Бату ханның соңғы ұрпақтарының бірі, Алтын Орда ханы Өзбектің есімімен байланысты алды. Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілері ғана емес, Батыс және Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындары да өзбек атанды. Бұл пікір Қазақстан мен Орта Азия тарихшыларының арасында біршама кең таралғанымен, шындыққа жанаспайды. Өзбек этнонимі бәрінен де дәл осы Шығыс Дешті Қыпшақта ұзақ сақталды, алайда бұл соған қарамастан оны Жошы Ұлысының Шығыс бөлігінің тұрғындарына ғана еншілеуге негіз бола алмайды.

Өзбектердің атауы мен олардың ордаларының пайда болуы жөнінде пікірталас ертеден бар, қазір де толастаған жоқ және

аяқталып бір тоқтамға келетін сыңайы да байқалмайды. Дешті Қыпшақ тұрғындарының “өзбек” аталуы лайықты бағасын алмай отырған, елең еткізерлік құбылыс екенін атап өтеміз. Мұнда Дунайдан Ертіске дейінгі аумақтағы үлкен этностың қалыптасу процесі көрініс береді. Бұл процесс шындыққа қаншалықты жақын, ол қанша уақытқа созылды, қай кезде тоқтады, тарих толқынына қаншалықты тереңдеді, рулар мен тайпалардың шоғырлануы қай дәрежеде болды, ол бұқара халықтың бәрін қамтыды ма, әлде тек билеуші топ өкілдерінің санасында ғана көрініс берді ме — бұлардың бәрі әлі жауабы берілмеген сұрақтар.

Дешті Қыпшақтағы үлкен өзбек қауымдастығының қалыптасу проблемасын шешудегі қол жеткен табыстарға қарамастан, оның зерттелуі проблеманың қойылуының өзіне деген бұрыс көзқараспен қатар теориялық және практикалық, объективтік және субъективтік сипаттағы елеулі қиындықтарға байланысты тоқырап тұрды. Ал проблеманың өзі ойдан құрастырылған жоқ. Бұл моңғол шапқыншылығы кезінде және одан кейін пайда болған моңғол қауымдастығының құрылуы проблемасына ұқсас. Мысалы, Рашид ад-Диннің “Жамиғат тауарихында” айтылатындай, моңғол қауымдастығының құрылуына тек моңғол тайпалары ғана емес, сонымен қатар түрік тайпалары да қатысқан және түрік тайпалары моңғол тайпаларынан көп, әрі негізгі бөлігін құраған.

Дәл осыған ұқсас қиындықтар атауында құралып жатқан халықтардың атауы бар басқа да ордаларды зерттеу кезінде ұшырасады. Әрбір осындай ордалардың пайда болуы туралы мәселені шешу — бұл осындай әрбір аттас халықтардың құрылу мәселесін шешу деген сөз. Осы жолда көп іс атқарылып, көлемді нақты нәтижеге қол жеткізілді, бірақ бұл проблематиканың толып жатқан жекелеген және ортақ мәселелері әлі де жете зерттеуді, тіпті, күн тәртібіне қоюды қажет етеді.

⁸⁹ Юдин В. П. Об “узурпации” власти... 1974. С. 6—7.

Қазақ Ордасының пайда болуы туралы, яғни, түптеп келгенде қазақ халқының қалыптасуы туралы бірер сөз айтпақпыз. Қазақтардың Дешті Қыпшақтағы үлкен өзбек қауымдас­тығының ерекше бөлігі болып табылатыны жайында бұрын жазылған болатын. Демек, қазақтардың бұған дейінгі тарихы Дешті Қыпшақтағы көшпелі өзбектер деп аталатындардың тарихымен ортақ. Қазақтардың тарихы Керей мен Жәнібектің бөлінуінен емес, тым ертеректен басталады деген пікір де айтылған. Олай болса олардың өзбектерден не себепті бөлінгенін ғана емес, соның көрінісі болған оқиғаларды анықтау қажет. Бәлкім, ондай оқиғалардың біразы жоғарыда біз келтірген Теңіз-Бұға мен Жошы ұрпақтары туралы әңгімеде болар.

Мынадай қарама-қайшылыққа қараңыз. Қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы Орыс қазақ халқы қазақ атанбай тұрып билік құрған. Ол өзбектерді билеген. Дәл осыны оның кейбір ұрпақтары туралы да айтуға болады. Тек Керей мен Жәнібек бөлініп шыққаннан кейін ғана қазақ деген сөз этнонимге айналды, ал қазақ хандары шындығында қазақтарға билік жүргізді. Осыдан кейін-ақ қазақ сөзі осы жаңа мағынасында Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудың ұлан-байтақ даласында кеңінен тарады. Шығыс Дешті Қыпшақтағы өзбектер қазақ атауын алып, мұның өзі олардың этностық тарихының кейбір қосымша процестерімен қабаттасты.

Сонымен, егер қазақ сөзінің этнонимге айналуы халықтың қалыптасуын білдірді деп негізге алар болсақ, онда қазақ хандарының әулеті қазақ халқының қалыптасуынан ертерек пайда болғандай болып шығады.

Бұл процестің сыртқы нобайы ендігі нақтыланды десек те, қазақ сөзінің бастапқы мағынасына қатысты сенімсіздік пен шатасу әлі де бар екенін көреміз. Сондай-ақ М. Красовский мен А. П. Чулошников және басқалар қазақ сөзі алғаш рет қашан этнонимге айналды дегенге білдірген күмән тағы бар.

Қазақ деген сөздің түпкі мағынасы туралы былай деуге болады: Қазақ сөзі этнонимге айналған уақытта қандай мағына білдіргенін анықтау үшін оның бүкіл “семантикалық” тарихын білу міндет емес. Пікірталасты доғару үшін этнонимнің түпкі семантикалық негізінде қандай нақты мағына тұрғанын білсек жеткілікті. Ал бұл мағына бұрыннан анықталған. Ол мағына қазақ өмір салтын ұстанған, қазақ салтында әрекет ететін, түрік халықтары ішінде қазақылық институты болып табылатын тұлғаны білдірген. Бұл сөздің аудармасы ретінде көп сөздер ұсынылған. Ол аудармалардың барлығын дұрыс деп те, бұрыс деп те айтуға болады. Аудармалар қазақ тіршілігінің кей қырларын дұрыс сипаттағанымен, басқа қырларын аша алмай, қалтарыста қалдырады. Басқаша сөзбен айтсақ, қазақ сөзін аудару мүмкін емес. Сондықтан да орыстар ол сөзді аудармастан, сол қалпында қабылдады.

Қазақ сөзі этноним ретінде алғаш рет қандай ұжымды атау үшін қолданылды дегенге келсек, бұл жөнінде қазіргі уақытта қандай да бір әрі-сәрілік болсын не күмәндану болсын орынсыз деп білеміз. Ондай ұжым Керей мен Жәнібек бөліне көшкенде соған қосылған адамдар мен біраз кейінірек Жетісудан оларға қосылғандар болатын. Қазақ деген жалқы есімнің этнонимге айналу тарихы осы бөлініп көшу оқиғасынан басталады.

Дешті Қыпшақ көшпелілерінің жеке тұлғалары не топтарын белгілеу (атау) үшін қазақ сөзін пайдаланудың басқа жағдайларының бәрі оның этнонимге айналуын көрсетпейді. Мұндай жағдайлар Керей мен Жәнібектің бөлініп көшіп кетуіне дейін де және одан кейін де болған. Біз осы мақаламызда басқа жағдайлар бойынша дереккөздерінен дәйексөз алғанның өзінде, екі түрлі жағдайда еріксізден қазақтардың түрік ұжымдары туралы куәлік келтірдік, бірақ бұлар қазақтар емес. Біріншісінде, бұл “Шыңғыс-намеден” алынған дәйексөздегі қазақтар, осы

қазақтар үшін Хызыр хан Өзбек ханның Алтын Үйін талқан-даған. Екіншісінде, бұлар — қазақ-шибандар және қазақ-ноғайлар, олар Шайбан ұрпағы Ибақпен (Ивак) бірігіп “Устюж-ный жылнамалар жинағынан” алынған дәйексөздегі алтынордалық хан Ахматтың Ақ үйіне (Белая вежа, Ақ тұрақ-орда) шабуыл жасағандар. Осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бірақ тек Керей мен Жәнібектің бөлініп көшуі ғана қазақ сөзіне этностық мазмұн беріп байытты. Кейде бөлініп көшудің мәнін тым асыра бағалауға болмайды деп айтып та, жазып та жүр. Алайда жете бағаламау да дұрыс емес. Себебі, Керей мен Жәнібектің бөлініп көшуінің қазақ халқының тарихында орасан зор мәні бар, оған қазақ атауын дәл осы көш алып берді. Бірақ, бұл осы оқиға халықтың қалыптасуының басы немесе салтанат құруы болды ма әлде процестің басқа бір фазасы болды ма? Бұл әлі жете зерттеуді қажет етеді. Дегенмен априори немесе кейбір фактілерден шығарып қарасақ, қазақ этносының өзінің қалыптасуының бастапқы кезеңдері қазақ атының қабылдануынан бұрын болды деуге мүмкіндік береді. Шығыста, соның ішінде ішінара Еуразия даласында да ұлыс типінде болып қалыптаса бастаған немесе қалыптасып болған этностардың ғасырлар бойы мұнда жинақтаушы атаусыз-ақ өмір сүргенін ұмытпау керек. Міндет жалпы қисындық немесе ой топшылаушылық алғышарттар негізіндегі эмоциялық пікірталасқа елікпей, оқиғалы тарихтың фактілері тасқынынан этностардың шоғырлану белгілерін көре білуге келіп тіреледі.

Сонымен этноним бойынша орда атының пайда болуы халықтың (этностың) шығу тегімен, пайда болуымен және қалыптасу жағдайларымен тікелей байланысты. Бұл Қазақ Ордасының атауы тарихынан барынша толық көрінеді.

Еділдік, Жайық сырты, Перекоп, Қырым, Залесск, Городецк, Жембойлық сияқты ордалардың атауларына қатысты

айтсақ, онда олардың пайда болуы белгілі бір аймақта белгілі бір көшпелі ұжымдардың оқшаулануымен және аумақтың осы ұжымдарға тән болып ерекшеленуімен байланысты. Бұндай атаулардың этимологиясы айқын және олардың проблемасы — бұл бәрінен бұрын атаудың проблемасы емес, ордалардың — этностық ұжымдардың ерекшеленуінің себебі мен уақыты және одан арғы тағдыры.

Енді Жембойлық, басқаша айтқанда, Алтыұл Ордасы тұрасында біраз сөз қозғайық.

Жембойлық атауының аудармасы — Жем өзенінің бойында тұратын адамдар, шынында да мұнда ноғайлардың осы тобы көшпелілерінің жайлауы болған. Жем-Бой немесе Жем-Бойы атауы оқшау атау емес, оған ұқсас атаулар біршама. Мысалы, Хафиз Таныштың “Шараф-наме-йи шахиында” Сырдария өзені *Талаш-Бой* (немесе *Талаш Бойы*) яғни “Талас өзені” деп аталады. Дәл осындай мысал *Өзбой* сөзінде де кездеседі. Бұл — Каспий теңізіне құятын Омударияның саласы. Бұндай мысалдар аз емес. Барлық жерде осы жағдайда бой сөзі “өзен” деген мағынаны береді және *дария, су, өзен*, т. б. сөздерінің синонимі болып табылады.

Зерттеуге өте қызықты нысан — көшпелілердің тұрғылықты жеріндегі ордалар атауларының тарихы. Бұл атаулар тек түрік топырағында немесе тек орыс тілінде, болмаса түрік тілінен орыс тіліне әдетте біршама қайта құрылып ауысқанда пайда болған. Керісінше ауысқандары да болған. Осындай орда атауларының тарихының өзі белгілі дәрежеде осы ордаларды құрушы жекелеген түрік ұжымдарының тарихы.

Бір қызығы, бұл ордалар татар-моңғол жаулап алуының салдары және “моңғолдық әлемнің” орнығуы ретінде, яғни саясат нәтижесі мен шыңғысизм идеологиясының жалғасы ретінде қалыптасқан орасан зор құрылымдардың күйреуі нәтижесінде

пайда болып отырды. Моңғол империясының және Шыңғыс ұрпақтары Ұлыстарының ыдырауы — бағынған халықтардың еркіндік үшін күресінің нәтижесі деген дұрыс. Шыңдығында, Шыңғыс ұрпақтарының Ұлысындағы, соның ішінде Жошы ұрпақтары Ұлысындағы ыдыратқыш күш тегеурінді болды. Әлеуметтік-экономикалық, демографиялық-экологиялық және басқа факторлар “Шыңғыс мұрасын” қиратты. Бірақ осы процестің өзінде парадокс жатыр. Сол баяғы Шыңғыс ұрпақтары басқарған Дешті Қыпшақтың және басқа да көптеген аймақтардың көшпелі халықтары “Шыңғыс мұрасына”, яғни шыңғысизмге қарсы шыңғысизмнің тәсілімен, құралымен күресуге тиіс болды және күресті де. Бұл жөнінде жоғарыда айттық та. Жошы ұрпақтарының ұлыстарын құлатуы барысында Жошы ұрпақтары өздерінің құқықтарын, Жошының басқа ұрпақтарын жолынан тайдырудағы өз құқығын бәрінен бұрын Жошы ұрпақтары тұқымының мүддесімен, “Шыңғыс ханның бөлуімен”, демек, шыңғысизмнің өзімен негіздеді. “Шыңғысизм шыңғысизмге қарсы” — міне, түрік халықтарының моңғол зорлығы мен езгісіне қарсы азаттық күресінің бір көрінісі осы болды. Дешті Қыпшақтағы моңғолдар мен Жошы ұрпақтары түркіленгеннен кейін бұл күрес ендігі жерде моңғолдарға қарсы емес, керісінше шыңғысизмнің жөн-жосықтарына қарсы күрес болды. Оның үстіне тарихи дамудың заңды жолымен келген басқа кез келген әлеуметтік және саяси күрестің бәрі дерлік шыңғысизмге қарсы ұрандармен, бірақ сонымен қатар шыңғысизм үшін де жүргізілді.

Мұның өзі өздерінің іс жүзіндегі қарекетінде шыңғысизмді басшылыққа алған Шыңғыс ұрпақтары мен билеуші топтар орда-державалардың басында қанша отырса, сонша уақытқа жалғасып келді.

Осыған орай Ноғай Ордасының іс жүзінде негізін қалаушы Едігенің тарихы көп жайды аңғартады. Русь және басқа да

бағындырылған елдер мен халықтарға қатысты ол шыңғысизмнің жөн-жосықтары негізінде және оның қалпына келтірілуі мен бекуі үшін әрекет жасады. Алтын Ордада саяси дербестікке және дара билікке қол жеткізуге әрекет жасай отырып, ол Жошы ұрпақтарына қарсы күресті және мұның өзі шыңғысизмге де қарсы күрес болды.

Едіге мен оның ұрпақтары Шыңғыс ұрпағына және шыңғысизмге қарсы күресте сыналған құралға жүгінді. Олар Едігенің шығу тегін исламның алғашқы қайраткерлерінен бастайтын аңызды ойлап тапты. Осы арқылы Едіге және оның ұрпақтары саййид немесе қожа мәртебесіне ие болған. Едігенің исламды далаға табандылықпен таратуына орай шыңғысизмге қарсы күресте ол осы конфессияны пайдаланды, сол арқылы өз беделін — жалған саййидтің беделін көтерді.

Алайда оның дәуірінде шыңғысизмді құртудың уақыты әлі тумаған еді. Едігенің өзі Жошы ұрпағынан өзі қойған хандардың атынан билік жүргізді. Бұл — шыңғысизмнің далада әлі де қуатты күш болғандығын көрсетеді. Дереккөздерде Едіге мен оның ұрпақтары туралы: олардың бірі — хан, бірі — би делінеді. Және бұл қанатты сөздерде хан — саяси алғы бет, үстеме, сәндік мүсін болды, ал би — нақты істерді шешуші, нақты билікті білдіруші болды деген ұғым қамтылды.

Едіге хандарды жиі ауыстырғанымен, олармен есептескен жоқ және бірталайын құртып отырды, соған қарамастан ол хандық билік институтынан бас тарта алмады. Осындай жағдай оның Ноғай Ордасының биі болған бірнеше ұрпағы тұсында да сақталды. Уақыт өте келе Едігенің ұрпақтары не дегенмен дәстүрді жеңіп, қолдан қойылған хандарды пайдаланудан бас тартты, яғни шыңғысизмді жеңе білді.

Бірақ Едіге бұл тұрғыда тек Шыңғыс ханның “алтын” тұқымының құдіреттілігіне тиісіп қойған жоқ. Ол далада шыңғы-

сизмнің саяси-құқықтық жүйесін жоюға негіз қалады. Байырғы “би” термині мен жаңа “нұрадин”, “кейкобад” (кейқуат), “тайбұға” титулдары шыңғысизмнің күйрегенін әйгілейтін терминдерге айналды.

Түрлі жағдай жөніндегі Едігенің өз шешімі ноғайлардың, сонымен қатар басқа кейбір көшпелі халықтардың әдеттегі құқығы соларға негізделген үлгіге айналды. “Едіге құқығы”, “Едіге ұрпақтары құқығы” Шыңғыс хан Йасасының, басқа Шыңғыс ұрпақтары йасаларының, бұларға қоса моңғол дәуіріне дейінгі әдеттегі құқық жинақтамасы үлгілерінің баламасы болды.

Жоғарыда аталып өткен терминдердің шығу тегі туралы арнайы айтуға лайық. “Нұрадин” — бұл *Нұр ад-Дин*, халық атауында Нұрадин, Едігенің ұлы, Ноғай Ордасы биі мұрагерінің лауазым титулы болып қалыптасты. “Кейкобад” — бұл да Едігенің ұлының есімі, Ноғай Ордасындағы “нұрадин” титулынан кейінгі адамның лауазым-титулы. “Тайбұға” — Тай-бұғы бидің есімі, Жошы ұрпақтары Ұлысының тарихында елеулі рөл атқарған би. “Хан” титулы Ноғай Ордасында айтылмайды, оның орнына ескі далалық титул “би” келді. Ол — ноғайлар арасындағы жоғарғы атақ иесі. Орыстар оны “князь” деген.

Былай қарағанда ноғайлардың қоғамдық құрылысында демократияландыру болған секілді. Бірақ олай болған жоқ. Едіге мен оның ұрпақтарының билігінің мәні де Шыңғыстың оны хан (қаған) деп жариялағанға дейінгі билігінің мәнімен тектес. Сонымен Ноғай Ордасында биліктің ұйымының ескі түріне қарай кері қозғалыс пайда болғаны байқалды. Себеп — Алтын Орданың және ноғайлардың өздерінің тарихында. Ноғай Ордасы Алтын Ордамен салыстырғанда ұйымдық жағынан неғұрлым қалыңқы болды. Мұнда, мысалы, қала деген мүлдем дерлік болмады. Ноғай қоғамының билеуші тобының санасында бұл өзгерістер бұрмаланып бейнеленді, олар оны “дала

еркіндігінің алтын ғасырына” оралу деп, шыңғысизм туы астында өткен тарихи дамудың өткен кезеңдерінде “бұзылған” ру-тайпалық құрылысты қалпына келтіру деп қабылдады. Алайда іс жүзінде бұл құбылыстар даладағы көшпелі өмір салтын бағдар тұтқан және қала бағдарына қарсы билеуші топтардың негізгі бөлігін қанағаттандыратын, әлеуметтік-экономикалық кертартпа қатынастарға оралу болатын. Ноғай Ордасы Дешті Қыпшақтағы көшпелі ұйымдардың ішіндегі ең “көшпелісі” болды. Бұл дәстүрдің идеологиялық көрінісі “ноғайлы” деп аталатын циклдегі эпостарда көрініс тапқан.

Жоғарыда аталған терминдердің енгізілуі жай әншейін сөз жасау ойыны емес еді. Бұл терминологиялық жүйенің қалыптасуында ноғай қоғамының санасындағы түбегейлі идеялық-психологиялық ілгерілеу негізіндегі шыңғысизмге қарсы жүргізілген ұзақ күрес процесі, оның жеңілісі, жаңа идеологияның қалыптасуы көрініс берді. Бұл жаңа идеология мен дүниетанымды “едігеизм” деп атауға болады. Мұның өзі “шыңғысизм” немесе “оғызизм” типіндегі кезекті далалық идеологиялық және дүниетанымдық төңкеріс болды.

* * *

Ордалар атауларының этимологияларын, олардың тарихының кейбір аспектілерін қарастырудан бастай отырып, біз мұндай ордалардың құрылуы, дамуы және жоғалуы — бұл адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды жойған таусылмайтын мағынасыз соғыстар тарихы ғана емес, сонымен қатар барлық халықтарға ортақ заңдылықтарға сүйенген рулардың, тайпалардың, ұлыстардың тарихы, соның өзінде нақты және өзіндік тарихы екенін көрсетпек болдық. Бұл этностардың бір бөлігі біздің еліміздің халықтарының құрамында қазір де өмір сүріп келеді. Демек, бұл адамдар тарихы!

Сонымен бірге біз дала халықтары тарихының сыртқы жағымен қатар ішкі, идеологиялық және дүниетанымдық тарихы бар екенін де көрсеткіміз келді. Егер далалық идеологиялық және дүниетанымдық төңкерістер кезең-кезеңімен қайталанған бір типті құбылыстар болған болса да, қалай дегенмен олардың әрқайсысының өзіне тән нақтылығы әрі ерекшелігі болды. Осынау “ішкі” тарихты зерттеп тани білу — бұрынғы көшпелілердің өткен тарихының мән-маңызын тереңірек түсінуге, рухани тұрғыдағы қайта құру кезеңімен қабаттасқан материалдық тұрғыдағы өзгерістерді ұғуға мұрындық болады.

Жекелеген ордалардың тарихынан алынған мысалдармен бірге далада болған жалпы тарихи процестің кейбір айрықша тән және нақты ерекшеліктерін көрсетуді мақсат тұттық.

XIV ғасырдағы Қазақ даласындағы биліктің тайпа билеріне және Тоқа-Темір ұрпақтарының белгісіз әулетіне өтуі

(Шығыс жазба деректемелері, далалық ауызша тарихнама және Қазақ хандығының алғы тарихы проблемасы жөнінде)

Біздің мақсатымыз — XIV ғасырдағы Қазақ даласындағы тарихтың кейбір оқиғаларын баяндау және осының мысалында ортағасырлық Қазақстан тарихында әлі қаншама жайларды анықтау керектігін көрсету. Осыған байланысты қолданбалы және теориялық деректанудың кейбір мәселелері алға тартылмақ.

XIV ғасырда Шығыс Дешті Қыпшақта тайпа билерінің, одан кейін ерекше хандар әулетінің — Жошының 13-інші ұлы Тоқа-Темір ұрпағының билігі орнықты. Бұл хандардың есімдері Темір ұрпақтарының және басқа кейбір тарихнамалардың шығармаларында бұрмаланып берілген. Бірақ оларда Тоқа-Темір ұрпағының ерекше әулет болғандығы жөнінде ешқандай мағлұмат берілмейді, шыққан тегі анықталмайды, жоғалып кету себебі түсіндірілмейді. Билердің жоғары билікке жетуі жөнінде тіпті ештеме айтылмайды.

Шығыс жазба деректемелерін ұзақ жылдар бойғы зерттеу нәтижесінде біз берер мәліметі жоғарыдағы проблеманы шешуге мүмкіндік туғызатын ерекше классификациялық топтың бар екенін анықтадық. Бұған біз Алтын Орда мен ол құлаған-

нан кейін пайда болған мемлекеттердің далалық ауызша тарихнамасын осы күнге жеткізген шығармаларды жатқыза-мыз. Бұл арада біз Дешті Қыпшақ көшпелілерінің ауызша тарихи білімін белгілеу үшін “ауызша тарихнама” терминін қолданып отырмыз¹.

Мұндай деректемелерге Мұхаммед Шайбани ханның еңбегі деп ұйғарылған “Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме” (XVI ғасырдың басы, Орта Азия), Өтеміс қажының “Шыңғыс-наме” (XVI ғ., Хиуа қаласы), Жалайыр Қадырғали бидің “Жылнамалар жинағы” (XVII ғ., Қасым қаласы), Әбілғазының “Шаджара-йи таракима” және “Шаджара-йи түрк ва могул” (XVII ғ., Хиуа қаласы) еңбектерін және басқа деректемелерді жатқызамыз.

Жоғарыда айтылған билер мен Тоқа-Темір ұрпағына қатысты мәселенің алғы тарихы Алтын Орданың ханы Тохтаның (Тоқта, Тоқтаға, Тоқтайға) заманынан басталады. Бұл ретте негізгі дереккөз қызметін іс жүзінде осы күнге дейін әлі ғылыми айналымға енгізілмеген “Шыңғыс-наме” атқарады. Бұған дейін В. В. Бартольд қана бұл шығарманың шағын үзінділерін аударып, ешқандай талдаусыз әңгімелеп берген.

“Шыңғыс-наме” бойынша Тохта (1290–1312) өзі өлгеннен кейін “Сайынның тағын” ұлы Елбасардан (Эль-Басардан) тартып алады деген үреймен өзінің ұлдары мен Сайын ханның, яғни Батудың басқа ұрпақтарын түгел қырып салады. Бірақ ол (Елбасар) әкесінен бұрын, 1309/10 жылы өліп қалады. Алтын Орданың жоғарғы билігі осыдан кейін Жошы ұрпағының бас-

¹ Кейінірек “тарихнама” терминінің ауызша дәстүрге қатысты шартты биязылығын ескертіп, автор “даланың ауызша тарихтануы” деген ұғымды кіргізді (қараңыз: Юдин В. П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия... С. 122).

қа балаларының біреуіне берілуге тиісті болады. Бұл Тохтаны қатты қапаландырады.

Бірде Византия ханшасы, Тохтаның інісі Тоғрұлдың жесірі (Тоғрұлды да Тохта өлтірген), әмеңгерлік жолмен қазір Тохтаның әйелі болып отырған Келін-Байалын өзінде Тоғрұлдың 14 жасар ұлы Өзбектің бар екенін мойындайды. Тохтадан қорқып, оны Шеркеш (Черкес) тауында жасырып өсірген еді. Тохта “қуанышты хабары үшін” Келін-Байалынға екі мың [адам] туман сыйлық беріп, Қийат Исатай мен Сыжут Алатай басқарған 40 мың адамды Өзбекті алып келуге жедел аттандырады. Бірақ олар Өзбекті алып жеткенше Тохта қайтыс болады.

Осы жағдайды пайдаланған Тохтаның аталығы Бажыр Тоқ-Бұға ұйғыр өзі шыққан ұйғыр тайпасының мықтылығына сүйеніп, қарадан шыққандардың, яғни Шыңғыс тұқымы еместердің хан бола алмайтынына қарамастан, өзін “ханмын” деп жариялайды. Келін-Байалын мен Тохтаның басқа әйелдерін әйел етіп алады. Тағы бір деректе (мұны Өтеміс қажының өзі дұрыс емес деп бағаласа да, “Шыңғыс-намеде” келтіруді қажет деп есептеген) Бажыр Тоқ-Бұғаны екі адамның есімі: бірі — Бажыр — ұйғыр тайпасынан, екіншісі Тоқ-Бұға нутин тайпасынан деп көрсетеді (?). Өтеміс қажының өзі “Бажыр — оның төл аты, ал Тоқ-Бұға — лақап аты” деп есептейді².

Өзбек пен оны әкеле жатқандар бұл оқиғаны жолда естиді. Олар Бажыр Тоқ-Бұғаға өздерінің бағынатындықтарын білдіріп шапқыншы жібереді де, өздері мұнда оның көзін қалай құрту-дың жолын іздейді. Бажыр Тоқ-Бұға да өз тарапынан бұларға: “Мен Өзбек келгенше біреулер бас көтеріп жүре ме деп қауіптенгендіктен, хандықты сақтап қалу қажет болғандықтан осылай істедім. Әйтпесе әміршімнің баласы тұрғанда мен хан

² Шыңғыс-наме, 46аб п.

болуды қалаушы ма едім. Тақсыр ием тезірек жетсін, хандық та, халық та — өзінікі”³ — деп жалған хабармен шапқыншы аттандырады да, өзі Өзбек пен оның жақтастарының келуін күтіп, олардың бәрін дереу құртудың қамына кіріседі.

Бажыр Тоқ-Бұғаның бұл ойын Сангусун деген біреу біліп қалып, Исатайға хабарлайды. Өзбек пен оның серіктестері сақтық шарасын жасап, Бажыр Тоқ-Бұғаның өзін өлтіреді. Өтеміс қажы бұл туралы былай дейді: “Олар хан ордасына кірісімен, бірден Бажыр Тоқ-Бұғаға ұмтылады. Ол тақтан тұрып үлгіремін дегенше, Исатай атылып барып, оның мойнын қылышпен шауып жібергенде, басы денесінен бір қадам жерге ұшып түседі. Алатай ұшып түскен басты қанжарына іліп алып, бар даусымен: “Міне, сендердің әміршілеріңнің басы! Тұрған жерлеріңнен тапжылмаңдар!” — деп айқай салады. Тұрғандар тұрған-тұрған жерінде қалады. Бұдан кейін күренді (ауылды) аралап алып жүріп: “Алдағы уақытта қарадан шығып хан болғысы келетіндердің көрер күні осы!”, — деп жар салады. Бажыр Тоқ-Бұғаны өлтіргеннен кейін, Өзбек хан хазіретті хан көтерді. Ол хан тағына отырды”⁴.

Өзбек хан (1312–1341) Жошы ұрпағынан шыққан оғандардың бәрін нөкерлерімен және басқа да адамдарымен бірге адал берілген қызметіне алғыс ретінде “қара сүйек” Қийат Исатайға “қосын” етіп берді. Өзбек хан мұны Жошының ұрпақтарының Шыңғыс хан тұқымының абыройын түсіріп, қарадан шыққанның билігін құлша мойындағандары үшін әдейі істепті-міс. Алатайға мың тайпасынан тұратын елді береді⁵. Өзіне сыйға берілген Жошы ұрпақтары ішінен Исатай тек Шайбан

³ Шыңғыс-наме, 47а п.

⁴ Шыңғыс-наме, 47б п.

⁵ Шыңғыс-наме, 48б п.

ұрпақтарына ғана бостандық беріп, олардың қарамағына қарлұқтар мен бұйрақ (буйрак) тайпаларынан құралған екі құрамды елді берді. Сөйтіп оларға кезінде Бату өзінің інісі, Жошының бесінші баласы Шайбанға сыйға берген үйді иеленіп, Шығыс Дешті Қыпшақтағы Ақкөл аймағына қоныстануға рұқсат етті.

Сондай-ақ Бердібек хан да (1312–1341) өзінің ұлдары мен Жошының басқа ұрпағын қырып салды. Соған орай ол Дешті Қыпшақта Керкин-Көтән хан деген лақап ат алды. Бұл мұны аталығы қаңлы Толыбайдың кезінде Жәнібек ханның (1341–1357) бұйрығымен өлтірілген қарақшы баласы Сәмейдің (Сұмайдың) кегін алу үшін Жошы ұрпағына әдейі айдап салуымен істеген секілді. Осы қырып-жою ел ішінде аласапыран тудырды: Қийат Мамай өзбектердің (ол кезде Дешті Қыпшақтың барлық көшпелі тұрғындары осылай аталатын) оң қанатын алып Қырымға, Исатайдың немересі Жыр-Құтлының баласы Қийат Теңіз-Бұға сол қанатын және Жошы ұрпақтарынан құралған қосынын алып, Сырдарияға кетті. Бұдан Шыңғыс хан шыққан боржігін тұқымының әйгілі қийат тайпасының Дешті Қыпшақта екіге бөлінгенін көруге болады. Бердібек хан Сарайда өзінің “жақын адамдарымен” ғана қалды⁶.

Өтеміс қажы Теңіз-Бұғаның Жошы әулетінен құралған қосынды қалай пайдаланғаны жөнінде қызықты әңгіме қалдырды. Ол былай деп жазды: “бұл Теңіз-Бұға арсыз да зұлым адам болды, — ол өзінің кеше ғана әміршісі болған кісінің балаларын қатыгездікпен, азаптап қорлады. Мысалы, ол әкесі Жыр-Құтлының басына мазар салғысы келгенде олар құрылысшы болсын деп, мазар салу жұмысына ешкімді қоспай, тек Жошы ұрпақтарын ғана осы жұмысқа жекті. Тіпті су тасу, кесек құю және оларды тасу жұмысын да соларға жасатты. Олар көп

⁶ Шыңғыс-наме, 50аб п.

азап шекті: біреулерінің арқасы жауыр болды, біреулерінің кеудесі, енді біреулерінің аяғы жараланды. Осылай деп айтады, бірақ шындығын бір Алла ғана біледі!

Мұның сыртында осы оғандар күн сайын ертеңгілік (Теңіз-Бұғаның үйінің) есігінің алдына келіп алқақотан отыратын. Ол әр кез қабылдау жасағанда сусын құйылған кесе қалай оған (Теңіз-Бұғаға) жетеді, солай оны марапаттаған күй тартылатын. Осыдан сырттағылар бекке кесенің жеткенін бірден біле қоятын. Содан оғандардың бәрі баскиімдерін алып, қашан бек кесесін ішіп болғанша, ойналған күй аяқталғанша тізерлеп отыратын. Тек содан кейін ғана олар баскиімдерін киіп, тізерлерін жазатын.

Мынандай да бір жайды айтады. Бірде қыстыгүні қақаған аязда осындай бір қабылдау болады. Кенет әуеннің үні естіледі. Оғандар белгіленген талап бойынша баскиімдерін алып, тізерлеп отырады. Аяз үдей түседі. Осы кезде Темір-Құтлық хан мен Орыс ханның әкелерінің туысы Хұсайын-оғлан дегеннің құлағының жартысынан астамы үсіп түседі. Сол күннен бастап оны “Шұнаққұлақ Хұсайын” деп атайтын болды”⁷.

Бірде Жошы ұрпақтары қыстыгүні ертеңгілік әдеттегідей Теңіз-Бұға үйінің есігінің алдында алқақотан отырған. Бек қабылдау ұйымдастырған-ды. Музыканттар әуен ойнап, жыршылар жыр айтып жатқан. “Бұрыл атқа мінген, қасқыр ішікпен қымтана оранған, атының да жабуы бар белгісіз біреу үйдің іргесіне таяу келіп, асығыс аттан түсті де, атын жабық арбаға байлай салып, садағы мен жебесін жүктің үстіне қойып, үйге кіріп кетті. Бәрі тыныштала қалды...”⁸ Біраздан кейін думан

⁷ Шыңғыс-наме, 51а п.

⁸ Шыңғыс-наме, 516 п.

тағы дүркірей жалғасты. “Алқақотан отырған оғандардың ішінде екі адам бар еді. Соның бірі ақылды, дана адам болатын. Оны Бүкрі Қожа-Ахмед деп атайтын. Кейбіреулер оны сондай-ақ Сағышы-Артық-Сайчы-оғлан деп те атайды. Екіншісі өз қатарында теңдесі жоқ алып, мерген және батыр адам еді. Оны Қара Ноғай деп атайтын”⁹. Біраз уақыт өткеннен кейін ұндақшы шығып, Теңіз-Бұғаның Қара Ноғайды шақырып жатқанын айтады. Үйдегілер тағы да тыныштала қалады. Бұдан кейін думан тағы да одан әрі жалғасады¹⁰.

Жошы ұрпақтары болып жатқан оқиғаны талдауға кіріседі. Бүкрі Қожа-Ахмед былай дейді: “Шапқыншы Бердібек ханның өлгендігі жөнінде хабар әкелді. Осыған байланысты Теңіз-Бұға Шығыс Дешті Қыпшақтың жоғарғы билігін өзі иеленуді ұйғарып, соған орай Ноғайды әзірге өтірік хан етіп ұстай тұрмақ, ал қалған бәрімізді ертеңгі көрініске келгенде қырып тастамақ”. Бүкрі Қожа-Ахмедтің ойынша Ноғай Теңіз-Бұғаның ұсынысын қабыл алған секілді. Сондықтан оларға Ноғайды есебін тауып ұстап алып, бар шындықты айтқызуға күштеп көндіруден басқа жол қалмайды. Егер ол шындықты айтса, онда Ноғайды хан көтеріп, өздері оның нөкері болуға келісетіндіктерін білдіріп, “келісім шартын” жасау, ал Теңіз-Бұғаны өлтіруді ойластыру керек деген ұйғарымға келеді.

Бәрі осылай болып шықты да. Кешкісін әдеттегідей бәрі үйді-үйіне тараған кезде олар Ноғайды ұстап алады. Ноғай шындығын айтады. Бүкрі Қожа-Ахмедтің айтқандары айны қатесіз келеді. Жошы ұрпақтары Қара Ноғаймен “келісім шартын” жасап, оны хан етіп жариялауға, өздері оның нөкері болуға уәде береді. Ноғай өз тарапынан “келісімді бұзбасқа” ант

⁹ Шыңғыс-наме, 516—52а п.

¹⁰ Шыңғыс-наме, 52а п.

ішеді¹¹. Келесі күні олар Теңіз-Бұғаны өлтіртіп, төңкеріс жасауды келісіп шешеді.

“Ертесіне оғандар әдеттегідей көрініске келгенде, кешегі Ноғайдың өзі айтқандай, оны үйге кіруге шақырады. Біраз уақыт өткеннен кейін қызметші шығып, қалғандарды да үйге кіруге шақырады. Бұлар бәрі де қаруларын ала кіреді. Олар есіктен батыл түрде кіріп барысымен, бірден қаруды іске қосады. Төрде, құрметті орында, Теңіз-Бұғаның қасында отырған Ноғай шалт қимылдап, бірден оны (Теңіз-Бұғаны) басып қалады, оғандар келіп, оның басын алады. Басты қанжарға қадап, сыртқа шығады да: “Енді ешкімге өлім жоқ! Өз орындарыңнан қозғалмаңдар!” — деп айқай салады.

Осыдан кейін жүрт біраз тынышталып, бәрі келісіммен Ноғайды ақ киізге отырғызып, хан көтереді.

Сөйтіп Маңғытайдың ұлы Хызыр хан мен Қара Ноғай екеуі бірдей бір айда хан болады. Тек Хызыр хан Сарайда хан болып, [Сайынның] тағына отырады, ал Қара Ноғай — Сыр бойында, Сол қанатқа билік жүргізеді¹². Қара Ноғай Түркістан уәлаяттарын басқарды. “Үш жылдан кейін ол қайтты. Оның орнына Тұғлы-Темір атты інісі хан болды. Сұлтандардың мақтаншы Хазрет Дост-сұлтанның қолындағы дәптерде “бұл Тұғлы-Темір ұлы билеуші болды, Самарқанд пен Бұхараны бірдей биледі” делінген. Бірақ оның қанша жыл билік құрғаны белгісіз. Одан кейін Бадық-оғлан ұлы Орыс хан болды”¹³.

“Шыңғыс-наме” бойынша баяндалған оқиғалар негізінен XIV ғасырдың бірінші жартысын қамтиды, билік басына қазақ хандары әулетінің негізін қалаған Орыс ханның келуімен аяқ-

¹¹ Шыңғыс-наме, 526 п.

¹² Шыңғыс-наме, 53а п.

¹³ Шыңғыс-наме, 54аб п.

талады. Осы уақыттан бастап Қазақ даласының тарихы Темір ұрпақтарының тарихнамасынан және басқа тарихнамалардан үзік-үзік болғанымен азды-көпті өз көрінісін бере бастайды. Алайда бұл шығармаларда бұдан бұрынғы тарих шатыстырылып берілген. “Ескендірдің анонимінде”, тіпті, кейбір жайлар қиял-ғажайып деңгейінде суреттеледі, оны деректеме зерттеушілер әлденеше рет көрсетті де. Бір ғажайып, соған қарамастан ол негізгі деректеме ретінде кеңінен пайдаланылып келеді.

Орыс хан билікке келгенге дейінгі дереккөз қорының осындай жағдайы “Шыңғыс-наме” мен даланың ауызша тарихнамасының басқа деректеріне қатысты да осы мәселені қоюды талап етеді. Соңғы тарихнаманың мәліметтерін тарихтың нақты анықталған фактілерімен салыстырғанда даланың ауызша тарихнамалық деректерінің дұрыс екені көрінеді. Оқиғалар мен оларда айтылатын адамдардың көбі өмірде болған адамдар. Мұның өзі осы тарихнамада айтылған белгісіз оқиғалар мен адамдардың болғандығы шындық деген тұжырым жасауға негіз болады.

Мысалы, Қийат Исатай Иса-бек, немесе Иса-гүрген деген атпен белгілі, Өзбек ханның қолдауына ие болған жан. Оның Жыр-Құтлы деген баласының болғандығын және оның Шығыс Дешті Қыпшақ тарихында елеулі рөл атқарғанын Жалайыр Қадырғали бидің “Жылнамалар жинағы” куәландырады: “Жәні[бек] хан өлгеннен кейін бәрі жан-жаққа тарап кетті. Осы аласапыран кезде Орыс хан өзінің әскерімен Алатауға кетті. Сол кезде, Жәнібек ханнан кейін бүкіл ұлыстың (сол қанаттың) биі Қийат Исатайдың баласы Жыр-Құтлы болды. Орыс хан Жыр-Құтлыны өлтірді. Баршасы Орыс ханның билігін мойындады”¹⁴. Осы оқиғаларды білгеннен кейін Жыр-Құтлы-

¹⁴ Сборник летописей, л. 60аб.

ның баласы Теңіз-Бұғаның тарихта болған адам екеніне еш күмән қалмайды. Осы арқылы XIV ғасырдың белгілі бір уақытында Шығыс Дешті Қыпшақта жоғарғы биліктің тайпа билерінің қолында болғандығы анықталады. Егер бұл шынымен солай болса, онда “Шыңғыс-наменің” осы адам [Теңіз-Бұға] және оның аталары мен ұрпақтары жөніндегі деректері Қазақстан тарихшылары үшін ерекше маңызды мәнге ие болады. Ол XIV ғасырдағы Қазақстан мәдениетін жаңаша ұғыну үшін аса қажет. Өйткені “Шыңғыс-наме” Қазақстан тұрғындарының тілін танытатын түркі тілінде жазылған, басқаша айтқанда, бұл дереккөзде болған оқиғалар сол тұрғындар қалай деп атаған болса солай деп аталады. Мұнда (“Шыңғыс-намеде”) Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тұрмыс-тіршілігі, әскери ісі, музыкасы, шаруашылығы және өмірдің басқа да көптеген қырлары туралы әңгімеленеді.

Сырдария жағасындағы Жыр-Құтлы мазарының салынуы туралы мәліметтің маңызы зор. Біз қазір бұл құрылыстың қай кезде, қандай жағдайда салынғанын білеміз. Қазіргі Көк-Кесене деп жүргеніміз осы мазар емес пе? А. Ю. Яубовскийдің жорамалындағыдай Сырдарияның төменгі жағында Ақ Орда деп аталатынның хандары да мазар салдырған болар, бірақ ендігі жерде анық білетініміз — тайпа билері де осындай мазарлар салдырған.

Қийат Исатайдың ұрпақтары Қазақ даласындағы ең жоғары дәрежелі ақсүйектердің құрамына енді. Мысалы, “Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме” олардың Шығыс Дешті Қыпшақтағы XV ғасырдың ең маңызды саяси оқиғаларына қатысқанын атап өтеді.

Тайпа билерінің билік жүргізген кезеңі, оларға бағынышты болған аумақты, олардың билігінің хронологиясын анықтау — осы мәселелердің бәрі нақтылауды қажет етеді. Тек бір ғана

жағдай күмәнсіз — мұның өзі Қазақ даласының тарихындағы өзіндік ерекшелігі бар кезең екендігі.

Тайпа билері билігінің түбіне Жошы ұрпақтары жасаған “төңкеріс” жетті. “Кіріптарлықтағы Жошы ұрпақтары”, “Құрылысшы Жошы ұрпақтары” оқиғасы Дешті Қыпшақтағы Шығыс ұрпақтарының хандық билігінің жүзеге асуы мен “тұрмысының” тарихындағы ерекше қызық факті. Осы авантюраның тарихы мен даланың ауызша тарихнамасының басқа да осындай “тараулары” біздің жазушыларымыздың көркем шығармаларына әбден негіз боларлықтай.

“Шыңғыс-наме” тайпа билерінің билігін құртқан Жошы ұрпақтарының аттарын да атайды. Олар — басқаларына басшы болған Бүкрі Қожа-Ахмед, Қара Ноғай. Қара Ноғай содан кейін хан болды, ол оның орнын мұрагерлік жолмен інісі Тұғлы-Темір басты. Бірақ осы тұлғалар тарихта болған адамдар ма? Қиялдан туған тұлғалар емес пе? Алайда басқа дереккөздер олардың да өмірде болған адамдар екенін растайды. Темір ұрпағының және басқа тарихнамалардың шығармаларынан біз Ноғай есімін, сондай-ақ оның Сасы-Ноғай, Тоқай және басқаша аталатын есімдерін табамыз. Кейбір дереккөздерде оны Алтын Орданың белгілі ханы Тохтамен шатыстырады. Осы кезді баяндайтын дереккөздердің бәрі Тұғлы-Темір деп оны өзінің төл атымен атайды. Бірақ кейбір шығармаларда оның Мауераннахрға жасаған екі жорығы туралы жазылған, ал мұның өзі әлгі дереккөздердің Дешті Қыпшақтың Тұғлы-Темірі мен Моғолстанның ханы Тұғлық-Темірді шатастырғанын көрсетеді. Мұның өзі Темір ұрпақтары тарихнамасының Орыс ханға дейінгі Дешті Қыпшақ тарихы бойынша тек күңгірт деректерді пайдаланғанын айғақтайды.

Темір ұрпағының тарихнамасы Қара Ноғай мен Тұғлы-Темірді Ақ Ордан шыққан Алтын Орда хандары деп атайды. Олар

Алтын Орданы (1360—1380) аласапыран кезеңде билеген секілді болып көрінеді. Шындығында, Шығыс Дешті Қыпшақтағы Жошы ұрпақтары Сарайдағы билікке таласты. Темір ұрпақтары мен оларға тәуелді тарихнамалар шығармаларында тағы бірнеше белгісіз есімдер аталады, мысалы, орыс дереккөздері бойынша олар — Тұғлы-Темірдің бауыры Мұрат-Қожа, Шахидің (Қара Ноғайдың әкесінің, немесе Қара Ноғайдың өзінің) ұлы Құтлық-Қожа. “Ескендірдің анонимі” тағы Сасы-Бұқаның баласы Ерзеннің, Ерзеннің баласы Мүбәрак-Қожаның, Мүбәрак-Қожаның бауыры Шымтайдың және басқалардың есімдерін атайды.

Бірақ бұл кісілердің шыққан тегін қалай анықтауға болады? Бұл жағдайда іздегенге бағыт беретін “Шыңғыс-наме” мәтінінде тайпалық билер билігін құлатуға қатысқандардың бірі — “Темір-Құтлық хан мен Орыс ханның әкелерінің тұқымынан еді” деген тіркес бар. Аталған екі ханның екеуінің де Жошының 13-ші ұлы Тоқа-Темірдің ұрпақтары екені қазір толық дәлелденген. Бәлкім, “төңкеріске” қатысқандардың қалғандары да осы Тоқа-Темір ұрпақтары шығар. Қазіргі таңда ғылыми айналымға енген Жошы ұрпақтарының генеалогиясын салыстырып көргенде, Бүкрі Қожа-Ахмедтің де, Қара Ноғайдың да, Тұғлы-Темірдің де, сондай-ақ Темір ұрпақтарының тарихнамасынан белгілі Алтын Орданың “ақордалық” басқа хандарының да, шынында, өмірде болған адамдар екені, олардың бәрі Тоқа-Темірдің баласы Бай-Темірдің (Баймұраның) ұрпақтары екені анықталды¹⁵. Бұлардың бәрі әлгі генеалогияда өздерінің төл аттарымен, немесе біршама өзгеріспен айтылған. Тіпті, Қара Ноғай немесе жәй Ноғайдың басқа шығармаларда неліктен Сасы-Ноғай аталатынына да түсіндірме табылады. Сөйтсек, Сасы-Ноғай деген кісі

аты (антропоним) екі есімнен: өзінің аты — Ноғай және әкесінің аты — Сасы есімдерінен құралған екен.

Осының арқасында XIV ғасырда Қазақ даласында Тоқа-Темірдің Баймұрасынан тараған, бір-бірімен түрлі дәрежедегі туыстық жақындылығы бар үлкен әулеттің өмір сүргенін айғақтар бұлтартпас фактілерді алға тартамыз.

Бұл әулет тарих сахнасынан қалай шығып қалды? Әзірге бұл сұраққа жауап жоқ. Бәлкім, әулеттің жойылуына Орыс себепші болған шығар. Дешті Қыпшақтағы, тіпті, осы Жошының бір ғана баласы ұрпақтарының өздерінің арасында жаулаудың болып тұрғаны әдеттегі құбылыс қой. Кейде осындай жаулаулар Жошы әулетінің бір тармағын жан қалдырмай қырып салуға дейін әкеп соғып жатты.

Біз бұл арада тайпа билері мен аталған Тоқа-Темір әулетінің Қазақ даласын билеген кезінің тарихы мәселелерін талдап жатпаймыз. Тек оның өте күрделі болғанын, билеуші топтардың ауысуының Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындары қоғамында болған терең процестер нәтижесі екенін ғана көрсетеміз, ал Қазақ даласының саяси картасы осы процестердің ықпалымен арагидік едәуір өзгерістерге ұшырап отырды.

Айтылғандарды қорытындылай келіп, Шығыс Дешті Қыпшақ тарихындағы қаралған кезең ерекше кезең болды деп айтамыз. Бұл кез — моңғолдардың түріктенуінің аяқталған кезі, Шығыс Дешті Қыпшақты да өз құрамына қосып алған Орда-Ежен ұрпақтарының биліктен айырылып, Алтын Орданың күйреген кезі. Бату ұрпақтарының жойылған кезі, Шайбан мен Тоқа-Темір ұрпақтарының тарих аренасына көтерілген кезі, Дешті Қыпшақ тайпалары топтарының ерекшеленіп, қазіргі халықтардың — осы күнгі қазақ, татар, башқұрт, қарақалпақ және басқа халықтардың қалыптасқан кезі болатын. Бұл кезеңнің саяси тарихы Шайбан мен Тоқа-Темір ұрпақтары күресінің туы астында өтті. Тоқа-Темірдің ұрпақтары Қазақ, Астра-

¹⁵ СМАЗО. Т. 2. С. 60; МИКХ. С. 42.

хань, Қазан, Қырым хандарының әулетін құрады. Шайбан ұрпағы кейінірек Орта Азияға ысырылып тасталды. Сібірдегі Шайбан ұрпағы Көшім хандығын орыс басқыншылары жойып жіберді. Түйіп айтқанда, XIV ғасыр қазақ және басқа ұлттық мемлекеттіліктерінің бастау тарихының ғасыры болды. XIII—XIV ғасырлардың тарихын ұқыптылықпен зерттемейінше, Қазақ хандығының пайда болуы тарихын түсіну мүмкін емес.

Солай болғанымен, осы кезеңнің саяси тарихы жеткілікті зерттелмеген. Кеңес тарихнамасында XIII—XIV ғасырлардағы Қазақ даласының оқиғалық тарихы дәйекті түрде байланыстырыла баяндалған бірде-бір жалпы еңбек жоқ. Саяси және этностық тарихты экономикалық және әлеуметтік тарихтың шеңберінен тыс ұғынуға болмайтынын айтудың өзі артық. Бірақ әлеуметтік-экономикалық тарих та этносаяси тарихты түсінбейінше толық түсінікті бола алмайды. Бұл жағдайды түсіндірудің мысалы мынау: Орыс хан — қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы. Бірақ оның хандығының жұртшылығы қазақ аталмай, неге өзбек аталады? Неліктен алдында хан болған ешкім жоқ ол Қазақ даласы тарихына кенеттен “жұлқына” кіреді? Темір ұрпақтарының тарихнамасы ұсынған, оны Жошының тұңғыш баласы Орда-Еженнен тарататын Орыс хан шежіресіне күмәнмен қарауға тура келеді. Іс жүзінде Қазақстанның XIII—XIV ғасырлардағы бүкіл тарихы осындай шатасқан мәселелерден тұрады.

Осының бәрі кейінгі Қазақ хандығы тарихын ұғындыратын XIII—XIV ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуде тек деректану саласындағы кең көлемді зерттеу негізінде ғана ілгерілеуге болатынын көрсетеді. Қазіргі таңда деректанушылар бұл бағытта елеулі жұмыс тындырды, бірақ мұның бәрі әлі жеткіліксіз.

Біздің айтқандарымызға қарап, Темір ұрпақтарының және негізінен сарайлық кез келген феодалдық тарихнаманың маңыздылығын жете бағаламайды деген тұжырым жасауға болар

еді. Бірақ бұл олай емес: Ресейге қосылғанға дейінгі Қазақстан тарихын зертеу үшін Шығыстың жазба дереккөздерінің маңызы жеткілікті нақты айтылған. Олар негізгісі болып табылады және олардың дерегінің аталған кезеңдегі Қазақстан тарихын пайымдау мүмкін емес.

Біз принципті түрде басқа дереккөздің бар екенін, оның берер мәліметінің маңызы өзгелерден кем еместігін, көп жағдайда бірегей екенін, сол себепті аса құнды екенін көрсетуге ұмтылды. Бұл — даланың ауызша тарихнамасы — өздерінің өткендері жөніндегі тарих субъектісінің өзінің жады. Қазақстан тарихын тек екі тарихнаманың — әдеттегі, жазбаша, яғни отырықшы халықтардың мәдениетінің жемісін және далалық ауызша тарихнаманы негізге ала отырып қана қайта жазуға болады.

Даланың ауызша тарихнамасы — бұл Дешті Қыпшақтың, біз үшін бәрінен бұрын Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелілерінің тарихи білімі, ол моңғолдардан кейінгі кезеңде көшпелілердің ортақ білімінен бөлініп үлгерген қалпында көрінеді. Сол себепті ол “ауызша дәстүр” терминімен де, “аңыз”, “әңгіме” сөздерімен де атауға келмейді. Даланың ауызша тарихнамасын мифологияға да, фольклорға да, мысалы, батырлық эпосқа да саюға болмайды, өйткені фольклордың өзі далалық ауызша тарихнамадан нәр алады.

Оны бейнелейтін шығармаларды даланың ауызша тарихнамасының дереккөзі деп атауға болар еді. Олар өзінше тарихи әңгімелердің жинағы — Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімінің “тараулары” іспеттес. Осы әңгіме-тараулар “кәрі сөз”, “ескі сөз”, “ежелгі әңгіме” деп аталады. Бұл дереккөздердің әдеттегі шығыс феодалдық сарай тарихнамаларынан және басқа тарихнамалардан өзгешелігі де осында. Бұларда даланың ауызша және шығыстың жазбаша тарихнамаларының элементтері түрлі-түрлі болып өріліп жатады.

Даланың ауызша тарихнамасы біршама өзгерістерге ұшырауымен сипатталады, бірақ жалпы тарихнаманың параметрлерімен ортақ болып келеді. Бұл тарихнаманың көрсетілген дереккөздерін зерттеу феномен ретінде де, жүйе ретінде, көшпелілер мәдениетінің даму деңгейінің көрсеткіші ретінде де Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімін анық білуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Даланың ауызша тарихнамасы — Еуразия халықтарының ауызша тарихнамасының тек жеке бір жағдайы ғана. Ал Еуразия халықтарының ауызша тарихнамасы өз кезегінде әлем халықтары ауызша тарихнамасының тек жеке бір оқиғасы болып есептеледі. Ауызша тарихнама дегеніміз бұл қоғамдық құбылыс ретінде дамыған тарихнамадағы әмбебап сатылық-типологиялық феномен деп айтуға әбден болады.

Ауызша тарихнаманың деректері тарих ғылымында жазбаша тарихнаманың мәліметтерінен бөлектемей өте жиі пайдаланылады. Мысалы, “Құпия шежіре” — моңғолдардың ауызша тарихнамасының жазбаша тіркелген ескерткіші. Конкистаға дейінгі инктер мемлекетінің тарихы ауызша тарихнаманың деректері негізінде жазылған. “Мунтахаб ат-тауарих-и Му’иниде”, басқаша айтқанда Му’ин ад-Дин Натанзидің “Ескендірдің анонимінде” ауызша және жазбаша тарихнама мәліметтерінің астып кеткені сондай, шығыстанушылардың жұмысына елеулі қиындықтар туғызып отыр. Онда ауызша тарихнаманың мағлұматтары жазбаша тарихнама дәстүрінің арқауына біліктілікпен кірістірілмеген. Ал мұның қарама-қайшылықты көбейткені сондай, одан шынайы тарихи процеске сәйкесетін шын мәніндегі бағалы ақпаратты тек арнайы зерттеу арқылы ғана ажыратып алуға болады. Белгілі тарихшы Мырза Мұхаммед Хайдардың “Тарих-и Рашиди” атты шығармасы едәуір көлемде ауызша тарихнаманың деректеріне негізделген. Көптеген араб, парсы және түрік тілдес авторлар еңбектерінің көпшілігінде біраз

үзінділері ауызша тарихнамадан шығады, болмаса соның тікелей хатқа түсуі болып жатады. Мысалдарды көптеп келтіруге болар еді.

Сонымен ауызша тарихнама жазбаша тарихнамадан өзгеше, өз алдына бір дүние, ол жазбаша тарихнамадан бірқатар ұқсастығымен және қайталанбас өзіндік болмысымен ерекшеленеді. Бұл бізге біріншісін зерттеу пәні мен әдістемесі екіншісінен ерекше проблема деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Сол себепті біз ауызша тарихнама — бұл дереккөзтану саласының ерекше көмекші тарих пәні деген ереже ұсынамыз. Оның міндеттері ауызша тарихнаманың деректерін тарихи зерттеулерде пайдалану үшін жинау, жүйелеу, жіктеу, талдау және пайдалану принциптерін белгілеу болуға тиіс. Ол өзіне ғана тән өзінің зерттеу әдістемесін жасауы керек. Бұл көмекші пән саласындағы жұмыстың соңғы түйіні ауызша тарихты толық болмысында қайта құру болуы қажет.

Дешті Қыпшақтың далалық ауызша тарихнамасына қатысты айтқанда мұның мәнісі оның деректерін жинау мен іріктеу әдістері мен принциптері белгіленуі керек және сол жинау мен іріктеудің өзінің жүзеге асырылуы керек деген сөз. Ең алдымен осы көмекші тарих пәнін басқа көмекші тарих пәндері қатарына қосатындай, жоғары оқу орындарының студенттері үшін оқу құралы және даланың ауызша тарихнамасы ескерткіштерін жинауды ұйымдастыру жөніндегі “Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының” мүшелері үшін көмекші құрал бола алатындай тұрғыда зерттеу жұмыстары жүргізілуге тиіс.

Жер астынан материалдық мәдениеттің ескерткіштерін тауып, солар арқылы халықтардың баяғыда өткенін қайта тірілтіп жататын археологтар сияқты деректанушылар да даланың ауызша тарихнамасын қайта тірілтуге, осынау ұмыт болған үлкен мәдениет саласын оны жасағандардың ұрпақтарына — қазақ, қарақал-

пақ және басқа халықтарға қайтару керек, олардың өздерінің даңқты өткендері жөніндегі жадыларын қайта жаңғыртуы қажет. Бұл — оңай міндет емес. Бірақ бұл зертеушілердің құрметті де, абыройлы міндеті.

Қосымша ескертпелер*

1. “Шыңғыс-наме” деректерінің нақтылық дәрежесі биік. Шығармада айтылатын тарихи оқиғалардың көпшілігін басқа дереккөздер растайды. “Шыңғыс-намеде” айтылатын тұлғалардың басым көпшілігі — Шыңғыс, Жошы, Сайын (Бату), Шайбан, Тохта, Тоғрұл, Елбасар, Өзбек, Жәнібек, Бердібек, Маңғытай, Бадық, Тұғлы-Темір, Орыс, Темір-Құтлық, Хызыр, Келін-Байалын, Исатай, Жыр-Құтлы, Алатай, Сангусун, Бажыр Тоқ-Бұға, Толыбай, Мамай — бәрі тарихта болған адамдар екені анық, күмәндандудың еш реті жоқ. Солай дей тұрғанмен, кейбір тұлғалар жөнінде түсіндірме беру қажет. Өйткені дереккөздердегі олар туралы мәліметтер не ғылыми айналымға түспеген, не біріне-бірі қарама-қайшы, не есімдері әр түрлі берілгендіктен, айқын анықталуы тиіс.

Маңғытай және оның ұлы Хызыр хан. Тарихта болған адамдар. Хызырдың шежіресі былай: Жошы, одан Шайбан, одан Қадақ, одан Тула-Бұқа, одан Маңғытай, одан Хызыр¹⁶. Хызыр хан — Бердібек ханнан кейінгі жиырма жылдық аласапыранда болған Алтын Орда хандарының бірі. “Жошы ұрпақтарының генеалогиясында”¹⁷ Хызырдың есімінің тұсына “хан” деген сөз жазылған, ал “Шыңғыс-намеде” оның есімі шын

*Бұл материалды автор “Уәлиханов оқуларында” жасаған баяндамасына қоспаған.

¹⁶ МИКХ. С. 37.

¹⁷ Бұл “Тауарих-и гузида-йи нусрат-намеде” берілген. Қараңыз: МИКХ. 33—48-66.

мәнінде болған хандардың қатарында айтылады. Осы арада “Жошы ұрпақтарының генеалогиясында” тағы бір Хызыр ханның есімі аталатынын да айту қажет. Оның ата-тек шежіресі мынандай: Жошы, одан Шайбан, одан Бахадур, одан Жошы-Бұқа, одан Бадағұл, одан Мыңтемір хан, одан Болат, одан Ибрахим, одан Хызыр хан¹⁸.

Екінші Хызыр хан бірінші Хызыр ханның замандасы болған. “Шыңғыс-намеде” Хызыр хан екі рет “Сайынның тағына” отырды делінеді¹⁹. Осылайша, бұл Хызыр хандардың тарихта болғандығы, олардың Қазақ даласынан шыққандығы анықталды. Бірақ осы орайда ауызша тарихнама осы екеуін бір адамға біріктіріп жіберген жоқ па деген сұрақ та туындайды.

Бадық-оғлан және оның ұлы Орыс хан. Қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы Орыс ханның шыққан тегі туралы мәселе әлі талас мәселе деп саналады. Бір зертеушілер оны Жошының тұңғышы Орда-Еженнің ұрпағы деп тапса, басқа зертеушілер оны Жошының 13-ші баласы Тоқа-Темірдің ұрпағы деп ұйғарады. Шындығында бұл мәселе баяғыда-ақ талас арқауы болудан қалған. Орыс хан — Тоқа-Темірдің ұрпағы. Дешті Қыпшақтың төл дәстүрін баяндайтын дереккөздердің бәрі бірдей Орыс ханның шыққан тегі Тоқа-Темірден тарайтындығын көрсетеді. Оның шежіресі “Жошы ұрпағының генеалогиясы” бойынша былай: Жошы, одан Тоқа-Темір, одан Үз-Темір, одан Қожа, одан Бадық, одан Орыс хан²⁰. Шайбан ұрпақтарын жақтаушы “Шыңғыс-наме” және басқа дереккөздер де Орыс ханның, Тоқтамыс ханның, Темір-Құтлық ханның, олардың ата-бабалары мен ұрпақтарының осы мәселесіне, яғни шыққан тегіне ерекше көңіл бөлген. Өйткені бұлардың

¹⁸ МИКХ. С. 35.

¹⁹ Шыңғыс-наме, 54а п.

²⁰ МИКХ. С. 39—42.

бәрі Тоқа-Темірдің ұрпағы болатын. Тоқа-Темірдің ұрпағы, негізінен, XV және одан кейінгі ғасырларда Шайбан ұрпақтарының Алтын Ордадағы және Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік үшін күрестегі бірден-бір қарсыластары болды. Сондықтан “Шыңғыс-наменің” Орыс хан мен Тұғлық-Темірдің (Тұғлық-Темірдің Тоқа-Темірдің ұрпағы екеніне шек келтіруге болмайды) шыққан тектерінің бірлігі жөніндегі дерегі Орыс ханның және қазақ хандарының Тоқа-Темірден тарайтынын қосымша және нақты дәлелдейтін дерек болып есептеледі.

Исатай, Жыр-Құтлы, Теңіз-Бұға. Исатай да тарихта болған адам. Оның Өзбек ханның жақын көретін адамы Исабекпен, басқаша айтқанда, Иса-гүргенмен бір адам екенін білу онша қиындық туғызбайды. Ауызша тарихнама оның атын Исатай деп алғанды жөн көреді. Оның қызы Өзбек ханға тұрмысқа шықса, өзі Өзбек ханның қызына үйленген. Исатайдың ұлы Жыр-Құтлы да белгілі адам: “Жәнібек хан өлгеннен кейін барлығы бет-бетіне ыдырап кетті... Осы аласапыран кезінде Орыс хан өзінің әскерімен Алатауға кетті. Сол кезде Жәнібектен кейін бүкіл ұлысқа (сол қанатқа) Қийат Исатайдың баласы Жыр-Құтлы би билік жүргізді. Жыр-Құтлыны Орыс хан өлтірді. Бәрі Орыс ханның билігін мойындады”²¹.

XV ғасырда “көшпелі өзбектер мемлекетінің негізін қалаған” Әбілхайыр ханның (1428–1468) серіктері арасында “Қийат Исатай бектің ұрпағы Бұзанжар бек әйгілі болды”²². Сөйтіп “Шыңғыс-наменің” Жыр-Құтлының баласы Теңіз-Бұға жөніндегі дерегін нақты шындық деп есептеуге болады”.

Алатай. Сыжут тайпасының бұл бегі Әли бек есімімен де белгілі. Бұл да тарихта болған адам: “Қийат Исатай мен Чичут

²¹ Джами’ат-таварих, л. 60аб.

²² МИКХ. С. 18.

(Сыжут) Алатай Иран-Заминге аттанып, Тоғрылша ұлы Өзбекті алып келді. Сөйтіп оны хан тағына отырғызды”²³. Әбілхайыр ханның серіктерінің арасында сондай-ақ “Қоңырат Әли бектің ұрпағы — Мұхаммед бек”²⁴ деген белгілі адам болды. Осыған орай енді қоңырат пен сыжуттың барабарлығы жөнінде әңгіме қозғауға болады.

Тоқ-Бұға. Тарихи тұлға: “Осыдан кейін Тоқтаға (яғни Тохта. — В. Ю.) қайтыс болды. Оның тұқымынан ешкім қалмады. Бектерінің үлкені Бачқыр Тоқ-Бұға әмір еді, сол бүкіл ұлыстың биі болды. Қийат Исатай мен Чичут (сыжут) Алатай Иран-Заминге аттанып, Тоғрылша ұлы Өзбекті алып келді. Сөйтіп оны хан тағына отырғызды. Бачқыр Тоқ-Бұғаны өлтірді”²⁵. Осы адамның есіміндегі Бажыр//Бачқыр сөздерінің екінші буыны өзіне назар аудартады. Осындағы бачқыр “башқұр” этнонимі емес пе екен? Мына бір ой толғамы осының солай екеніне меңзейді.

Шығыс дереккөздері Өзбек ханның исламды қабылдағанын және басқа діндегілерді қуғынға ұшыратқанын айтады. Ал Тохта болса “пұтқа табынатын ұйғырларды, яғни ламаларды және сиқыршыларды жақсы көрді. Оларға үлкен құрмет көрсетті”²⁶. Өзбек хан ұйғырлардың бірнеше (яғни көптеген. — В. Ю.) әмірлерін, ұлықтарын, яғни ламалары мен сиқыршыларын өлтіртті және Исламға еруге шақырды”²⁷. Осы дереккөз айтады: “оның (Тохтаның) бұрын-соңды ешкім көрмеген сұлу баласы (Елбасар) болды; соның исламға ықыласы қатты ауып, ештемесін

²³ Джами’ат-таварих. л. 60а.

²⁴ МИКХ. С. 16.

²⁵ Джами’ат-таварих. Л. 60 .

²⁶ Та’варих әл-Бирзали // СМИ 30. Т. I. С. 174.

²⁷ Сонда.

түсінбесе де қасиетті Қуранды оқытып, тыңдағанды жақсы көретін. Сондай-ақ ол осы елдің патшасы, ханы бола қалсам, өз патшалығымда мұсылман дінінен басқа бірде-бір дінді қалдырмаймын дейтін. Бірақ ол бұл ойына жете алмай, артында баласын қалдырып, әкесінен бұрын көз жұмады. Ол өлгеннен кейін әкесі (Тохта) баласынан қалған әлгі баланы тақ мұрагері етіп тағайындайды. Алайда бұл балаға билік жүргізуді тағдыр жазбайды, Тохта өлгеннен кейін патшалықтың (хандықтың) билігі оның інісінің баласы Өзбек ханның қолына көшеді²⁸. Айтылған жайлардың шындығын басқа шығыс дереккөздері де дәлелдейді. Осыдан кейін “Шыңғыс-намеде” Өзбек ханның тақты иелену тарихында түсініксіз жайлардың көп екенін мойындауға тура келеді. “Жами’ат-тауарих” және бірнеше басқа дереккөздер бұл оқиғаларды дұрыс түсінуге мүмкіндік береді, сонымен бірге жаңа сұрақтар да туғызады.

Бажыр Тоқ-Бұға есімі аталғаннан-ақ бірден сұрақтар туындай бастайды. Мәселе мұнда “Шыңғыс-намеде”, сондай-ақ “Жами’ат-тауарих” және басқа дереккөздерде кездесетін кісі аттарының жаратылысының көптеген шығыс шығармаларындағы есімдер жаратылысынан ерекшеленетінінде. Бұларда өздері шыққан тайпаның аты олардың есімінің алдына жазылып, бүкіл аты-жөнінің құрамды бөлігіне айналады. Мысалы, Қийат Мамай, Қаңлы Толыбай, Қоңырат Нағадай, Кенегес Қоған және басқалар. Дешті Қыпшақ көшпелілерінің төл есімдерінің қалыптасу әдісі осы нысанда көрініс береді. Басқа шығыс дереккөздерінде тұлғаның қай тайпадан шыққанын көрсететін этноним кісі есімдерінің соңынан беріледі. Мұндай құрылым әдетте тұлғаның әр түрлі титулатурасын алға шығаратын араб-иран есімдері жүйесінің ықпалымен пайда болған. Екі түрлі мәдениет

²⁸ Та’рих әл-Бирзали // СМИЗО. Т. I. С. 174.

әлемі, дүниетаным мен идеология айырмашылығы есімдердің түрлі құрылымын туғызды. Осы айырмашылықты Өтеміс қажы нақты біліп, іске асырған. Ұйғыр тайпасынан шыққан Бажыр Тоқ-Бұға есімінің осы мағынада оны таңдандырмауы мүмкін емес. Егер ол шынында ұйғыр болса, онда оның есімі Ұйғыр Бажыр Тоқ-Бұға болу тиіс. Бірақ мұндай түрінде ол біртүрлі “ыңғайсыз” болып шығар еді және Бажыр, көріп отырғанымыздай, этноним деп ұғынылған болу керек. Оны Бажыр түрінде берген “Жами’ат-тауарих” та қолдайды. Шамасы, Бажыр Тоқ-Бұға есімін дәстүрлі түрде түсіндіру “Шыңғыс-наме” авторына ақпарат берушілерді де тұйыққа тіреген секілді. Бұл бір есімді екі адамның есіміне таратуға талпынған ауызша тарихнамадан да көрініс береді.

Бұл есімді түсіндірудің басқаша жолы да бар. Мұны әдеттегі “далалық” жолмен құрылған, яғни *Бажыр*/*Бажырды* — башқұр этнонимі, ал Тоқ-Бұғаны — адамның өзінің төл есімі деп ойлауға да болады. Өйткені башқұрттардың Еділ мен Жайық өзендері аралығында өткен оқиғаларда маңызды рөл атқарғаны кейінгі дереккөздерден жақсы мәлім. Ал Тоқ-Бұғаның ұйғыр тайпасына қатысы туралы айтсақ, ол “Та”рих әл-Бирзалидің” деректерінен айқын көрінеді. Онда Алтын Орданың ұйғырлары — ламалар, сиқыршылар, яғни буддистер. Тегінде, Бажыр Тоқ-Бұға бектікпен бірге дін қызметкері де болған болуы керек. *نوتین* *нутин* “этнониміне” қатысты айтсақ, ол “будда монахи”²⁹ деген мағынаны білдіретін *Тойын*/*Тойун* деген буддалық терминнің бұрмаланып жазылуы болса керек. Егер бұлай болса, онда Бажыр Тоқ-Бұғаны ұйғыр деу оның будда діни қызметкері болуына байланысты да, ал *нутин* (<*той-*

²⁹ Древнетюрксий словарь. Л., 1969. С. 572.

ын//тойун) будда дін қызметкерлері иерархиясындағы оның орнын көрсетеді.

Мұның бәрі тек осылай болуы мүмкін деген жорамал екенін атап айтқан жөн. Мәселе мынада: Дешті Қыпшақта шыққан тегі әлі нақты анықталмаса да, ұйғыр тайпасы шын мәнінде болғаны жақсы белгілі. Бұл мәселенің түйінін шешу әлі де деректемелерді қажет етеді.

“Та’рих әл-Бирзалидің”: “Елбасардың баласы болды, ол Тохта өлгеннен кейін мұрагерлік жолмен таққа отыруы керек еді” деген дерегі шындыққа сай келетін болса, Өзбек ханның билікке келуі де басқаша түсіндіріледі. Онда Өзбек “заңға қарсы” төңкеріс жасаған болып шығады. Бұл жағдайда Өзбектің жастығын және қолында сенімді күш болмағанын ескерсек, онда төңкерісті әмірлер мен сарайдағы белгілі бір топ бірігіп жасаған болуы тиіс. Осыған байланысты “Шыңғыс-наме” Исатай, Алатай секілді бектердің және Келін-Байалынның есімдерін атайды. Ауызша тарихнамаға сай, бұл бектердің 40 мың адамы болғанын еске алыңыз. Осыдан келіп, төңкерістің идеологиялық негізі ретінде Өзбектің исламды қабылдауының, қуғын-сүргін жасауының және басқа өзгерістерінің сыры да түсінікті бола бастайды.

Жалпы Өзбектің Сарайда пайда болу тарихы Моғолстандағы Тұғлұқ-Темір хан мен Хызыр-Қожа ханның, Алтын Ордадағы жалған Келдібек ханның, Ташкенттегі жалған Абд-әл-Ғаффар ханның, Русьтағы жалған Дмитрийдің және осылар сияқтылардың билікке келуі жөніндегі кейінгі тарихтарды еске түсіреді. Сондықтан да Өзбек өзін қауіптен қорғау үшін Жошы ұрпақтарының кімнен тарағанына да, олардан нақты қауіп-қатер бар-жоғына да қарамастан, бүкіл Жошы ұрпақтарын жаппай қуғын-сүргінге салды. Осынысын ақтау мақсатында, “Шыңғыс-наменің” дерегі бойынша, ол тіпті Шыңғыс ұрпақтарына қарсы “тұқымның намысын қорлады” деген айыпты да

іске қосқан: “Хазірет [Өзбек]-хан таққа отырғаннан кейін халық тыныштық тапты. Ол Жошы ханның әр әйелінен туған 17 ұлынан тараған оғандарды шақырып алып, былай деді: “Сіздер атамыздың ұлы емес пе едіңіздер? Қара кісіге (хан тұқымы емес кісіге) құл, нөкер болып, кіріптар болғанша араңыздан біреуіңіз шығып хандыққа талассаңыздар еді. Қара кісінің құлдығына, нөкері болуға көнген екенсіздер, мен енді сіздерді қара кісінің қосыны болуға беремін!”, — деп ашу үстінде оларды бүкіл адамдарымен бірге Қийат Исатайға берді”³⁰.

Сангусун. Сангусун секілді, тіпті “кездейсоқ” деп аталатын адамдардың өзі де тарихи адам болып шығады. Ол Санклы-Син деген атпен “Шаджара-ий таракимада” кездеседі. А. Н. Кононовтың сәл-пәл ғана нақтылап берген аудармасында, біз одан шағын үзінді келтіреміз. “Эски. Балхан мен Маңғыстау Үргеніштегі Өзбек ханның баласы әділетті Жәнібек ханға қарап тұрған кезде, Жәнібек хан түрікмендерге ұйғыр Санклы-Син есімді адамды кінәлілер мен қылмыс жасағандарды жазалау үшін жібереді. Ол онда барып, сонда бір жыл тұрады. Қайда қылмыскерлер мен айыптылар болса, соны жазалайды. Оның көп нөкері мен құлдары болады. Оның осы құлдарының ішінде бәрінен де өзіне жақын бір құлы бар еді; оны Айаз деп атайтын. Айыпты болған түрікмендер бәрібір басымыздан, не малымыздан айырыламыз деп ойлап, бір жерге бәрі жиналып, Айазға пара береді: “Егер сен өз бегіңді өлтірсең, біз бәріміз саған бәрін — біреуден (дұрысы: “әрқайсымыздан”. — В. Ю.) жинаған малды, әр үйден әкелінген құсты саған береміз. Жәнібек хан адамдар жіберіп, сені қайтарып беруді талап еткенімен, біз халық болып қырылып қалсақ та, сені оған бермейміз” дейді. Айаз беріледі деген малдың көптігіне қызығып, тәтті сөзге

³⁰ Шыңғыс-наме, 476 п.

еріп, ақыры бір күні түнде Санклы-Син қатты ұйықтап жатқанда барып, оны өлтіреді. Бірақ мал иелерінен Айазға тышқақ лақ та тимейді. Малға жақын жүргендердің өздері қайда жүргендеріне қарамастан ол малды талап әкетеді. Санклы-Синнің нөкерлері Жәнібек ханға оралады. Алдағы жазадан қорыққан Айаз Балхан тауындағы түрікмендер арасында қалады. Сол жылы Жәнібек хан Сарай қаласында, Еділдің жағасында о дүниеге аттанады. Эскидің бүкіл халқы — осы Айаздың ұрпақтары”³¹.

Есімнің (Сангусун — Санклы-Син) берілуіндегі кейбір өзгешеліктерге қарамастан, дереккөздерінде әңгіме тек бір адам туралы болып отыр деп ойлаймыз. Осыған орай ауызша тарихнаманың далалық түсінік бойынша, тарихта айтулы тұлға болмағанымен, ерекше рөл атқарған адамның ғана есімін сөз ететінін ескерген жөн. Сангусун//Санклы-Син қатысқан оқиға осыны дәлелдейді. Сангусун, демек, ұйғыр болған тәрізді. Мұның мәнісі — біздің “ұйғыр” сөзін қалай түсінетінімізге байланыссыз, Бажыр Тоқ-Бұға төңкеріс жасаған кезде ұйғырлардың арасында бірлік болмағанын білдіреді. Ұйғырлардың қайсыбір бөлегі Тоқ-Бұғаны “сатып”, Өзбек жағына шығып кетіп, жасалғалы жатқан қастандық туралы ескертіп қояды. Тегінде, Сарайда Өзбекті қолдаған елеулі топ болған болуы керек — осы жағдай Исатай мен Алатайдың міндетін жеңілдетеді. Жәнібектің билігі кезеңінде Сангусунның түрікмендерге басқақ болып тағайындалуы табиғи ретімен болған шаруа секілді көрінеді.

³¹ Шаджара-ий таракима. С. 74–75 (орысша мәтіні) 1297–1319 жолдар // Кононов А. Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази, хана хивинского. М.; Л., 1958.

II. Қийат тайпасынан шыққан Жыр-Құтлы мен Теңіз-Бұға бектердің жетекшілігімен Алтын Орданың сол қанатындағы тайпалардың Сырдарияға көшуі, осы бектердің Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікті “заңсыз иеленуі”, “айдаудағы” Жошы ұрпақтарының төңкеріс жасауы, Сырдария бойында Тоқа-Темір ұрпағы Қара Ноғайдың, одан кейін оның бауыры Тұғлы-Темірдің билік жүргізуі, тек содан кейін барып биліктің Орысқа ауысуы жөніндегі деректер ерекше маңызды. “Шыңғыс-наменің” бұл мәліметтерін “Жами’ат-тауарих” деректері, сондай-ақ осы оқиғаларға қатысқан кейбір тарихи тұлғалар есімдерінің басқа да дереккөздерде ұшырасуы белгілі бір шамада растайды. Солай бола тұра, бұл оқиғалар XIV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақ тарихына арналған ғылыми еңбектерде көрініс тапқан жоқ. Сондықтан олар арнайы тексерілуі тиіс.

Осындай талдау “Шыңғыс-намеде” айтылған оқиғалардың шын мәнінде болғанын көрсетеді. Ал бұл, өз кезегінде, Шығыс Дешті Қыпшақ тарихында жаңа беттер ашылды деген сөз.

Сонымен, “Шыңғыс-наме” дерегі бойынша Бердібек “Сайынның тағына” отырғаннан кейін Қийат Мамай Алтын Орданың оң қанатын алып Қырымға, ал Қийат Теңіз-Бұға сол қанатын алып Сырдарияға кетті. Алтын Ордадағы жоғары биліктің тығырыққа тірелуі тайпалар мен тайпа көсемдерінің оңаша өмірге, яғни бөлінуге ұмтылуын тездетті. Нәтижесінде өзбектердің арасында “халық” қозғалысының сол кез үшін бірден-бір мүмкін түрі — тайпалардың Жошы ұрпақтарының билігін танудан бас тартуы түрінде пайда болды. Бұл — өздерінің әрекеттеріне жол бермеуге Сарайдың дәрменсіздігін толық сезінген тайпа көсемдерінің бөліне көшуімен ұласты. Мамай мен Теңіз-Бұға тиісінше Батыс және Шығыс Дешті Қыпшақтың шын билеушілері болды.

Алайда Алтын Орда жағдайында бұл күрес қоғамдық құрылыс пен билік құрылымын түбегейлі өзгерте алмайтын еді. Ол былай тұрсын, мұның бәрі бұрынғы құрылымды қалпына келтірмей қоймас еді. Мұның сыртында өзбектер ортасында Жошы ұрпақтары билігін институттандыру үрдісі баяғыда жүріп кеткен болатын және жекелеген тайпа көсемдерінің бұл институтты құртамыз деген әрекеттері бәсекелестері тарапынан қуатты қарсылыққа кездесті. Сондықтан жалған хандар институты пайда болды, яғни тайпа көсемдері Жошы ұрпағының кез келген біреуін хан етіп жариялайды, бірақ ол тек әлгі жолы болған үміткер бектің қолындағы қуыршаққа айналады, ешқандай нақты билігі жоқ, тіпті оның жеке басының бостандығының өзі шектеулі. Мұндай хандардың тәуелсіздік алуға ұмтылған әрекеті оның өлімімен аяқталып, оның орнына жаңа жалған хан таққа отырғызылды. Алтын Орданың тарихында мұның бәрі Мамайдың іс-әрекеті арқылы жеткілікті дәрежеде жақсы мәлім. Шығыс Дешті Қыпшақ тарихы бойынша біз мұндай мәліметтерді кездестіре алмаған едік. Осы тәріздес оқиғалар Сырдарияда да өрістеді. “Шыңғыс-наменің” дерегіне қарағанда, Бердібектің билік басына келгенінен бастап, Теңіз-Бұға Сырдарияның бойында толыққанды билікке ие болған. Кей деректерге қарағанда, мұндай жағдай Жәнібектің билігі кезеңінде Жыр-Құтлының тұсында-ақ қалыптасқан секілді. Қалай болғанда да, Теңіз-Бұғаның тұсында жағдайдың дәл осындай болғаны даусыз. Дегенмен Теңіз-Бұға сырттай Алтын Ордадан ресми бөліну жөнінде ресми әрекетке барған жоқ және Шығыс Дешті Қыпшақта дербес билік құруды заңдастыруға асықпады. Сарайда оқиғаның қалай дамидынын күтті. Тек Бердібек өлді деген хабарды естігеннен кейін ғана ол менің уақытым туды деп шешті. Алайда бұл оның өзінің өлімімен және Жошының ұрпа-

ғы Қара Ноғайдың, немесе жәй ғана Ноғайдың Шығыс Дешті Қыпшақтың ханы болып жариялануымен аяқталды.

Біз, әрине, Өтеміс қажының Теңіз-Бұға билігін Жошының “айдаудағы” ұрпақтары өздері дербес жойды деген ұйғарымын қабылдай алмаймыз. Өйткені Теңіз-Бұғаның өзінің қийат тайпасына, бәлкім басқа тайпаларға да арқа сүйегені ақиқат. Бірақ, Шығыс Дешті Қыпшақтағы өзбек тайпаларының арасында, әдетте далада бола беретіні сияқты, тайпа көсемдерінің ішінде Теңіз-Бұғаның жоғарылағанын көре алмаған, орайы келсе оған қарсы күресуге дайындар да болды деп сеніммен айтуға болады. Шамасы, Жошы ұрпақтарынан құралған қосынға онымен келісіп, бірге қимылдаудың сәті түскен секілді. Олардың жеңісін тек осымен ғана түсіндіруге болады. Түсіндірілмей қалатын мәселе, ол Теңіз-Бұғаның және мүмкін Жыр-Құтлының дербес билігі қаншалық ұзаққа созылды және олардың билігі қандай аумаққа жүрді деген мәселе. Сондай-ақ “Жами’ат-тауарихтың” дерегі бойынша Жыр-Құтлыны Орыс өлтіріп, содан кейін Шығыс Дешті Қыпшақта осы ханның билігі орныққанын айта кеткен жөн. Алайда “Жами’ат-тауарих” Тоқа-Темір ұрпақтарына бейімделген дереккөз болғандықтан, Шығыс Дешті Қыпшақтың ауызша тарихнамасын іші бұрып білдірген болуы мүмкін. Қадырғали би Жалайыр бұл оқиғаларды биліктің қийат тайпасының бегіне көшкенін, сондай-ақ Ноғай мен Тұғлы-Темірдің билегенін тәптіштеп жатуды, шамасы, саяси тұрғыдан пайдалы деп есептемеген. Сол себепті ол Орыс пен оның ұрпақтарының хан болып, билік жүргізгенінің маңыздылығын көрсетуге ұмтылған. “Жами’ат-тауарихтың” осындай біржақтылығы — ілуде бір болған жайт емес. Бұл бөліп-жаратыны жоқ, сол дәуірдің барлық жазбаша дереккөздеріне де, сондай-ақ ауызша тарихнамасына да тән жағдай.

Бірақ, Қара Ноғай, Бүкрі Қожа-Ахмед, Тұғлы-Темір дегендер кімдер? Бұлар өмірде болған адамдар ма? Иә, бұлардың бәрі де шынымен өмірде болған жандар. Дегенмен мұның бәрі дәлелдеуді керек етеді. “Шыңғыс-намедегі” “айдаудағылардың” бірі — Шұнаққұлақ Хұсайын Құтлық-Темір хан мен Орыс ханның әкелерінің туыстарынан” деген деректі еске түсірелік. Демек, ол Тоқа-Темірдің ұрпағы. Қара Ноғай да, Бүкрі Қожа-Ахмед те Тоқа-Темір ұрпағы болған шығар.

Шынында да осы аталған адамдардың бәрін біз “Жошы ұрпақтары генеалогиясының” Тоқа-Темір баласы Баймұра туралы айтылған бөлімінен табамыз: “Оның (Баймұраның. — В. Ю.) үш ұлы болды. Олардың есімдері — Бальқшы, Тұғжаз, Кекежу.

Тұғжаздың екі ұлы болды: Сасы, Бозқұлақ.

Сасының төрт ұлы болды. Олардың есімдері — Бұжқақ, Ноқай, Тұғлы, Бүкрі-Қатан-Қожа.

Бозқұлақтың екі ұлы болды. Олардың есімдері: Мұшарраф-Қожа, Мүбәрак-Қожа. Мұшарраф-Қожаның ұлы Мұхаммед-Шақар, ал Мүбәрак-Қожаның төрт ұлы болды. Олар: Хасан, Ахмат. Осы Ахматтың баласының есімі — Алып-Базар-Шайх³².

Осы шежіреде байланыспайтын жерлер бар, онда Мүбәрак-Қожаның төрт баласы болды делінеді. Бірақ тек екі баласы ғана аталады. Алайда “Жошы ұрпақтарының генеалогиясы” ақауы бар көшірмеден көшірілген “Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наменің” Ленинград тізімі бойынша жарияланған. “Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наменің” Лондон тізімінде Мүбәрак-Қожаның барлық төрт баласының да есімдері келтірілген, бірақ факсимилелік басылымында МИКХ-та келтірілген екі ұлының есімі ғана айқын оқылады. Осы екі есімнің алдына тағы екі адамның

³² МИКХ. С. 42.

аты жазылған. Оның біреуі мүлдем оқылмайды, ал екіншісін Йақшы (Бақшы)-бек деп қалпына келтіруге болады³³.

Сонымен, шежіредегі байланыстың жоқтығы Мүбәрак-Қожаның екі ұлының атын тастап кетуімен түсіндіріледі. Көшірмеші, шамасы, ақаулы тізімнен көшіргенде, қалып қойған есімдер жөнінде ештеме деген.

Біз жоғарыда келтірілген шежіредегі Ноқай есімін Қара Ноғай есімімен, Тұғлыны — Қара Ноғайдың інісі Тұғлы-Темір есімімен, Бүкрі-Қатан-Қожаны — Бүкрі Қожа-Ахмед есімімен бір деп есептейміз.

Алайда “Жошы ұрпақтарының генеалогиясын” Рашид ад-Диннің “Жами’ат-тауарихы” және “Му’изз әл-ансаб” деректері бойынша қосымша тексеруге болады³⁴.

Рашид ад-Дин бойынша Баймұра — Бай-Темірге келеді. Бай-Темірдің Тоқаншар, Йилқышы және Көкешу³⁵ деген үш ұлы бар, үш ұлының да баласы жоқ. Бұлардың Баймұраның ұлдарына дәл келетініне көз жеткізу онша қиындық туғызбайды. “Му’изз әл-ансабта”, сондай-ақ “Жошы ұрпақтары генеалогиясында” Бай-Темірдің ұлдарының ұрпақтары туралы былай делінген: “Қосымша. Жошы ханның 13-ші ұлы Тоқа-Темірдің шежіресі Му’иззде былай жалғасады:

1. Оның (Бай-Темірден) немересі Тоқаншардың екі ұлы: 1) Сасы (سасы) және 2) Бозқұлақ (بوزقولاقي). Осының

³³ Тауарих-и Гузида-йи нұсрат-наме: Исследование, критический текст, аннотированное оглавление и таблица сводных оглавлений А. М. Акрамова. Ташкент, 1967. С. 173.

³⁴ Қолжазба туралы қараңыз: СМАЗО. Т. 2. С. 28–29; Бартольд В. В. Соч.: В 9 т. М. 1963. Т. 1. С. 103–104; Стори Ч. А., Брегель Ю. Э. Персидская литература. Библиографический обзор. М., 1972. Ч. 2. С. 818–819.

³⁵ СМАЗО. Т. 2. С. 59.

біріншісінің (Сасының) төрт ұлы: 1) Тұғлы (توغلو); 2) Ноқай (نوقاي), екеуінің де баласы жоқ; 3) Бүкрі Құтлық-Қожа (بوكركتلىق خواجه), оның Ақыл (اقول) деген ұлы бар; 4) Бұжқақ (بوجقاق), ол 4 ұлдың әкесі: 1) Бағанақ (باغاناق); 2) Жәдігер (Ядигар) (يادگار); 3) Хұсрау (خسرو) және 4) Тұғлық-Темір (توغلىق تيمور). Тоқаншардың екінші баласы Бозқұлақтың екі ұлы бар. Олар: 1) Мүбәрак-Қожа (مبارك خواجه) және 2) Мұшарраф-Қожа (مشراف خواجه). Осының біріншісінен (Мүбәрак-Қожадан) 3 ұл бар: 1) Иринбек (ايران بيك); 2) Яхия (Жақия) (يحيى) және Тасы-бек (تاشى بيك). Осылардың Ирин-бегінен Йаран-шейх (يارانشيخ), Тасы-бегінен Ахмед деген бала бар. Яхиясынан бала жоқ³⁶.

“Жошы ұрпақтарының генеалогиясы” мен “Му’изз әл-ансаб” Тоқа-Темір ұлы Баймұра (Бай-Темір) ұрпақтарының есімдерін түрліше оқығанмен, жалпы алғанда бірдей шежіресін береді. “Му’изз әл-ансабтың” “Жошы ұрпақтарының генеалогиясынан” негізгі айырмашылығы оның деректері аталған адамдардың балаларының аттарын “Жошы ұрпақтарының генеалогиясында” аяқталған жерінен әрі жалғайды, яғни “Му’изз әл-ансаб” үрім-бұтақтың жалғасуын неғұрлым толық қамтиды. Бірақ біз “Му’изз әл-ансаб” “Жошы ұрпақтарының генеалогиясына” қарағанда толық болғанымен, “Му’изз әл-ансаб” қолжазбасындағы есімдердің орналасуы анық емес³⁷ екенін ұмытпауымыз керек...” Сондықтанда да біз көп жағдайда “Жошы ұрпақтары генеалогиясының” деректеріне басымдық береміз.

Сонымен, біз жоғарыда Қара Ноғай, Тұғлы-Темір және Бүкрі-Қатан-Қожа есімдерінің анықталатынын айттық. Бұл,

³⁶ СМИЗО. Т. 2. С. 60.

³⁷ Бұл да сонда, С. 63.

өз кезегінде, Қийат Исатайдың, оның ұлы Жыр-Құтлының, оның ұлы Теңіз-Бұғаның есімдерімен байланысты айтылған оқиғалардың барлығының да шын мәнінде болғандығын айғақтайды. Мұның бәріне “Жами’ат-тауарихтың” Жыр-Құтлыны Орыс хан өлтірді деген дерегі және сондай-ақ осы дереккөздің Теңіз-Бұға, Қара Ноғай, Бүкрі-Қатан-Қожа және Тұғлы-Темір туралы үндемеуі біршама қайшы келеді. Дегенмен мұның бәрі оңай түсіндіріледі. Жыр-Құтлының Орыспен күресте мерт болуы әбден мүмкін. Қадырғали би Жалайырға қийат тайпасы көсемдерінің Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікке таласын Орыс біржола құртты деген ойды негіздеу үшін осы оқиғаны айту жеткілікті негіз болған сияқты. Ал Қара Ноғай мен Тұғлы-Темір хандарға қатысты айтсақ, автор Бату ұрпақтарының тармағы біткеннен кейін, Дешті Қыпшақтың бірден-бір лайықты әрі заңды билеушісі Орыс хан дегенді көрсету үшін Тоқа-Темір ұрпақтарының Орыстан басқа тармағы туралы сөз қозғамайды. Орыстың Жыр-Құтлыны өлтіргенін еске салу арқылы ол қийат тайпасы билерінің де, “билікке құқығы жоқ” Тоқа-Темір ұрпақтарының да қызметін бірден тарих “есебінен сызып тастайды”.

Бірақ егер бәрі осылай болса (ал оған күмәндануға негіз жоқ), онда осыдан Орыс ханның тарихи аренаға шығуы алдында ұзақ та маңызды оқиғалардың болғаны байқалады және оларды былайша түсіндіруге болады. Алтын Ордада Бату ұрпақтарының тармағы бітпей тұрып-ақ Шығыс Дешті Қыпшақ іс жүзінде Сарайға тәуелсіз болып алды, сөйтіп Қазақ даласында бәсекелес топтардың арасында билікке талас оқиғалары өріс алды. Тек қайсыбір кезеңде ғана Орыс жеңіп шықты, ал мұның өзі өз кезегінде XIV ғасырдағы Қазақстан тарихының белгісіз бетін көлегейлеп тұрған шымалдықтың ашыла бастағанын көрсетеді.

XIV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда тарихы бойынша азды-көпті толық және дәйекті мәлімет беретін жалғыз дереккөз — “Ескендірдің анонимі” болып табылады. Алайда бұл мүлдем сенімсіз дереккөз, ол туралы ғылыми әдебиетте әлденеше рет айтылды да. Атап айтқанда, “Ескендірдің анонимінің” өз кезегінде “өзінің дереккөздеріне сыни көзбен қарамайтынына, әр текті мәліметтерді біріктіріп жіберетініне, нәтижесінде хронологияны шатастыратынына”³⁸ назар аударылатын. Алайда зерттеушілер осы мәтінді кеңінен пайдаланып келеді. Көп жағдайда олар осы дереккөзден өз тұжырымдарына сай келетін мәліметтерін еркінше бөліп алып, басқа дереккөздің деректеріне жүгінбейді, оларды алдын ала қате санап, кейде тіпті мұны ескертпейді де.

Орыс ханның қазасы жөніндегі белгісіз дерек

(Шығыс Дешті Қыпшақтың XIV ғасырдағы
саяси тарихынан)

Жошының екінші ұлы — Батудың ұрпақтары, Алтын Орданың соңғы хандары Жәнібек пен Бердібек өлгеннен кейін, Алтын Орда иеліктерінде, Дешті Қыпшақта 20 жылдан астам уақыт аласапыран болды. Зерттеушілер әдетте осы жылдар ішінде Сарайда 25-тен астам хан алмасты дегенді айтады. Шығыс Дешті Қыпшақ, яғни Қазақ даласы Сарайдан біршама бұрынырақ бөлінген тәрізді. Алайда мұнда да тыныштық болмады. Түрлі топтар билік үшін күресіп жатты. Әр топтың басында Жошының балаларының ұрпақтары тұрды. Жекелеген дереккөздердің мәліметтері бойынша Жошының ұлдарының санының өзі 18-ге дейін жетеді. Олардың біріге күш жұмсауының салдарынан Батудың ұрпақтары түгел қырылды. Осыдан кейін Шығыс Дешті Қыпшақта саяси аренаға шығуға таласқан Жошының бесінші баласы Шайбан мен он үшінші баласы Тоқа-Темірдің ұрпақтары қалған кез туды. Аталған мерзімде Шығыс Дешті Қыпшақтың билігінің тізгіні Тоқа-Темірдің ұрпағы, Бадықтың баласы Орыс ханның қолына көшті.

Шығыс Дешті Қыпшақтың айналасындағы елдердегі саяси жағдай Орыс хан үшін қауіпті еді. Батыс Дешті Қыпшақта

³⁸ СМИЗО. Т. 2. С. 126–127.

тайпа көсемі Мамай күшейіп келе жатты. Сарайда хандар үнемі алмасып, Шығыс Дешті Қыпшақта Алтын Орданың билігін қалпына келтіруге тырысқан әрекеттер толастамады. Мәскеулік Русь дәуірлей түсті. Орта Азияда Әмір Темірдің салтанат құрар уақыты жақындап келе жатты. Моғолстанда Шағатай ұрпағы Тұғлық-Темір хан күшейді. Осындай жағдайда Шығыс Дешті Қыпшақтың өз ішіндегі күштер — Жошы ұрпақтары, тайпа көсемдері және тағы басқалар Орыс ханға қарсы әрекет етті. Дәл осы күштер Орыс ханның Шығыс Дешті Қыпшақты біріктірsem деген талпынысын жүзеге асыртпай, ақырында Орыс ханды өлтіріп тынды.

Ғылыми айналымға енген дереккөздер Орыс ханның саяси аренадан қалай кеткені жөнінде жартымды ештеме айтпайды. Мысалы, ол өзінің ажалынан өлді деген дерек айтылады. Бірақ бұған Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” секілді шығарманың мәліметі қайшы келеді. Бұл шығарманың дерегі бойынша Орыс хан Тоқтамыспен қақтығыста өлтірілген. Тоқтамыс та Тоқа-Темірдің ұрпағы болатын. Оның әкесі Той-Қожаны өзіне бағынбағаны үшін Орыс хан өлтірген еді. Айтуға қарағанда, Маңғыстау мұрагерлік жолмен Той-Қожаға тиесілі болған. Тоқтамыстың Дешті Қыпшақтан Мауераннахрға, Әмір Темірге қашып барғаны белгілі. Әмір Темір Тоқтамысты Орыс ханға қарсы күреске пайдаланды. Темір мен Орыстың арасындағы күрес ымырасыз болды. Бұл күрес негізінен Сырдария төңірегіндегі аймақтарда өрістеді. Әмір Темірдің Тоқтамысқа бірнеше рет көмектесіп, адамдар мен қару-жарақ бергендігі дереккөздерден мәлім. Алайда, бізге мәлім деректер бойынша, Орыс үнемі Тоқтамысты жеңіп отырған. Тоқтамыс тек Орыс Күлік даласында талқандалған Мамайды жеңген соң өлгеннен кейін ғана “Сайынның тағына” орнығып, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақты уақытша біріктірді.

Өтеміс қажының мәліметтері осы оқиғаларға қосымша сәуле түсіреді. “Шыңғыс-наме” моңғолдардан кейінгі кездегі Дешті Қыпшақтың тарихын далада ауыздан-ауызға көшіп, ұрпақтан-ұрпаққа берілген қара сөздерде — аңыздарда сақталған тарихнамалық дәстүр негізінде көрсетуге талпыныс жасайды. Бұл, мысалы, Темір ұрпақтарының тарихнамасынан мүлдем ерекше дереккөз. Оның деректері — Дешті Қыпшақ тұрғындарының өздерінің өткендері жөніндегі жады. Жоғарыда аталған оқиғалар “Шыңғыс-наменің” баяндауында қандай болып көрінеді? Дереккөз мынандай жайларды хабарлайды.

Тоқтамыс Темірден қолдаушы пана тауып, бірнеше рет Орысқа қарсы күресті өрістетуге күш салды, бірақ соның бәрінде де күйрей жеңіле берді. Оны көздеген мақсаттарына жеткізетін қабілетті көсем деп таныған, Орысқа наразы жастар оның төңірегіне жиналып, қолдап бақты. Бірақ жастардың қолдауы Тоқтамысты жеңіске жеткізе алмады. Жеңіске ол өзбек тайпаларының кейбір көсемдерімен, яғни қолында нақты билік бар адамдармен келісімге келу арқылы қол жеткізді. Тоқтамыс Дешті Қыпшақтың ірі төрт тайпасының басшыларымен байланыс орнатты. Бұлар оған бұрынғы аталарының заманында еншіге бөлінген тайпалар еді, сондықтан олардың дәстүрлі көмегіне ие болуға Тоқтамыстың “тарихи” құқығы болыпты-мыс. Екі жақ келісімге келіп, Орысқа қарсы күрестің жоспарын бүге-шігесіне дейін талқылайды. Бұл жоспар бойынша осы төрт тайпа жайлауға көше бастау жөнінде Орыс ханнан хабар алысымен, әдеттегідей, көше жөнелмей, мүмкіндігінше кешеуілдете беруге тиіс. Бұлай істеудің себебі, жайлауға неғұрлым кеш көшіп келген тайпалар шөбі шүйгін орталық жайылымдардан алыстап, өзен бойы жайылымын қуалай орналасуға мәжбүр болатын. Алайда астыртын сөз байласқандар дәл осыны көздеген еді. Өйткені оларға шабуылға шығар сәтте орталықтағы хан

көшінен шалғайда болу — ойлағандарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін. Бәрі де сол жоспарлағандай болды да.

Тайпалар жайлауға көшіп болған кезде Тоқтамыс айтылған тайпалардың орналасқан жеріне жасырын келеді. Дайындық жұмыстарын бітірген соң, тайпалар Тоқтамыспен бірге Еділге қарай тік көтеріле көше бастайды. Тайпалар бала-шағаның, мал-мүліктің жағдайымен айдаған малға ілесе, арбамен көшкен еді. Соған байланысты қанша асыққанмен, көш қозғалысының қарқыны мандымады. Бүлікші тайпалардың бөліне көшкені туралы хабарды алысымен, Орыс хан жедел қуғыншыларды ұйымдастырып, өзінің жанында бар адамдармен атқа қонды. Сонымен бірге жан-жақтағы тайпаларға шапқыншы жіберіп, олардың өз адамдарымен келіп, қашқандарды жазалау шарасына қатысуын талап етті. Алайда, олар малдың семіріп кеткенін, мұндай ұзақ жүріске жарамайтынын сылтауратып, бұл шараға қатысудан жалтарып бақты. Сол себепті Орыс хан қашқандарды тек өзі күшімен ғана қууға мәжбүр болды. Ол қашқандарға түнде жетеді. Бірақ күтпеген жағдай болады: Орыс ханның қасындағылардың саны қашқандардың қару ұстайтындарының санынан аз еді. Мұны Орыс хан біледі, бірақ қашқандар жағы білмейді. Сол себепті Орыс хан жедел шабуылға шығуға шешім қабылдайды. Өйткені, таң ағарысымен мұның күшінің аздығы бірден көзге түсіп, қарсыластар мұның талқанын шығарар еді. Тоқтамыс пен тайпа көсемдері өз кезегінде Орыс хан басым күшпен келді, сөзсіз қырыламыз деп ойлайды. Осы жағдайда олар кетіп бара жатқан тайпаларды Орыстан қорғап, мүмкіндіктері келгенше оның шабуылын тойтара тұруға шешім қабылдайды. Алайда ұрпақтарын сақтап қалу мақсатында олар өз беттерінше ерге отыратын ұлдарды бөліп алып, оларға түн қушағында байқатпай шығып кетіп, қауіпсіз қашықтықта болуын тапсырады. Егер жауынгерлік ұраннан әкелерінің жеңгенін білсе, олар келіп өз тобына қосылуға, керісінше жағдай-

да, түн қараңғылығын жамылып қашып, әрқайсысы өз беттерінше күн көруге тиіс болады. Балалардың арасында Тоқтамыстың 12 жасар ұлы Жалал ад-Дин және Тоқтамыстың бас серігі Шырын тайпасының көсемі Ұрық-Темірдің ұлы Жақсы-Қожа бар еді.

Орыс хан өз адамдарымен лек-легімен келіп, Тоқтамыстың адамдарын бірнеше рет шабуылдап, қарсыластар қатарына садақ оғын жаудырады. Қарсыластары да оларға солай жауап береді. Жалал ад-Дин мен оның жолдастары өз кезегінде Орыс хан әскерінің бір қанатына шабуылдауға ұйғарып, лап береді. Жалал ад-Диннің атқан жебесі әлдеқалай Орыс ханға тиіп, ол содан қаза табады. Орыс ханның жақтастары қараңғыда өз басшыларының өлгенін де білмей, Жалал ад-Диннің тосын шабуылынан кейін үрейге беріліп, шайқас алаңын тастай қашады. Тоқтамыс өзінің адамдарымен, балаларымен еш кедергісіз Еділге қарай кетеді. Осы кезден бастап “Орыс ханды Жалал ад-Дин өлтірді” деген ақиқат өзбектер арасында кең тараған. Өтеміс қажы хатқа түсірген дала аңызы осындай, ал бұған сенбеске әзірге бізге ешқандай себеп жоқ.

Осы бір шағын, жасандылығы жоқ сияқты әңгіме, тосыннан қарағанда, Дешті Қыпшақ хандарының тарихынан азғантай ғана фактіні — Орыс ханның қаза табу жағдайын ғана нақтылайтын тәрізді. Алайда бұлай деп тұжырым жасау дұрыс болмас еді. Өйткені дереккөз генеалогия сияқты көмекші тарих пәні бойынша біздің мағлұматымызды нақтылай түседі. Егер генеалогияның мән-мағынасы, соңғы уақытта маңызды ғылыми пән делініп ақталып, оның проблематикасын жете зерттеудің Русьтегі және тіпті батысеуропалық елдердегі (көптеген генеалогиялық анықтамалықтар мен зерттеулері бар) тарихи процестің мәніне тереңірек бойлау үшін елеулі маңызы бар деп мойындалып отырса, онда бұл орайда әлі түк істелмеген Еура-

зия даласының тарихы бойынша генеалогиялық зерттеулердің маңыздылығы туралы айтпаса да болады.

Алайда Орыс ханның өлімі жөніндегі әңгіменің (тіпті түгелдей дерлік “Шыңғыс-наме” мәтінінің) маңызы бәрінен бұрын жаңа генеалогиялық деректерде емес, оның деректері арқылы бірнеше, тосын дерлік тұжырымдар жасауға болатындығында. Солардың тек кейбіреулерін алға тартып көрелік.

1. Орыс ханның қазасы туралы әңгімені талдау арқылы Дешті Қыпшақ даласында өзіндік тарихнамалық дәстүрдің болғандығын білуге болады. Бұл дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа ауызша көшіп отырған. Оның өзіне тән кейбір қырлары көрінеді. Ол жекелеген адамдар мен оқиғалар туралы әңгіме түрінде өмір сүрді, хронологиялық тәртіппен құрылып, ретімен және үзіліссіз қатар түзіп, далалық ауызша тарихтық білім болды, оны даланың ауызша тарихнамасы деп атауға да болады. Соңғысы (далалық ауызша тарихнама) өзінің ерекшелігіне қарамастан, негізінде жазбаша тарихнаманың жүйелік-құрылымдық принциптеріне бағынған. Хронологиялық “олқылықтар” мен біржақтылық, анахронизмдер (бір заманда болған оқиғаны екінші заманға қатеден апару), таңдаушылық, бір оқиғаны әр адамға қатысты айту — біріншісі екіншісінен принципті айырмашылық танытпайды. Ауызша тарихнаманың мерзімдік тереңдігі — Шыңғыс хан дәуірінің оқиғалары. Бірақ бұл ерекшелік те принципті емес: феодализм дәуірінің көптеген “ұлттық” жазба тарихнамалары мерзім есебіне бұдан әрі тереңдеп бара бермейді. Әрбір мұндай әңгіме “Жалал ад-Дин Орыс ханды өлтірді” деген сияқты қысқа түйінделіп отырды, тарихи сипаттағы мәтел болғандықтан, оқиғалардың халықтың жадында сақталып қалуына, аңыз-әңгіменің бастамасы мен соңы болуға қызмет етті. Ауызша тарихнама дерегі нақтылығының жоғары дәрежесі соның негізінде құрылған жазба дереккөздерінің деректерімен, басқа

негіздегі тарихи шығармалар мәліметімен сабақтастыра салыстырғанда барып анықталады.

2. Далалық ауызша тарихнаманы тек Дешті Қыпшақ тұрғындарының әлеуметтік жадының бір түрі деп қана емес, көркемсөз өнерінің, халықтың ауыз әдебиетінің ерекше түрі деп те түсіндіруге болады. Орыстың қазасы жөніндегі әңгіме тек тарихнамалық құндылық қана емес, сонымен бірге, сөз жоқ, ол эстетикалық қызмет те атқарды. “Шыңғыс-наменің” осы секілді басқа аңыз-әңгімелерінің мұндай қасиеті ерекше анық және нақты көрінеді. Олар моральдық-этикалық тұрғыда сезім бояуына боялып, өткірлене түскен. Олар кейде жырмен өріліп (“Шыңғыс-намеде” оның үзінділері берілген), аңызды ажарландыра түседі, ал аңыз, өз кезегінде, олардың қайдан шыққанын түсіндіреді. “Шыңғыс-намеде” келтірілген XIV ғасыр жырының бір үзіндісі — Алтын Орда тағына таласқан Шайбан ұрпағы Каанбайға арналған сатира. Оның келекелі мінездемесі, дала поэзиясына тән тұспал сөздермен мәнерленген. Шамасы, арғы тегін Дешті Қыпшақ тайпаларынан бастайтын, қазақтардың және басқа халықтардың көбіне тарихнамалық өзгеріспен біздің заманымызға жеткен батырлық жырлары мен ауызша халық шығармашылығының басқа да эпикалық жанрлары осындай поэзиядан өркен жайса керек.

3. “Қара сөз” XVI және одан кейінгі ғасырларда негізінен түрік тілдерінде жазылып, біздің заманымызға жеткен шығармалардың негізі болып, олардың мазмұнын, ерекше құрылымын, бейнелеу-мәнерлеу құралдарын және т. б. анықтады. Дешті Қыпшақ және көрші елдер тарихы бойынша, соған сай Қазақстан тарихы бойынша жазба нарративтік дереккөздердің құрамында олар осы себепті ерекше, өзіне тән топ құрады. Мұны ескермейінше Орта Азияның, Қазақстанның, бүкіл Дешті Қыпшақтың және кейбір көрші елдердің тарихы бойынша жазбаша нарративтік дереккөздерді қанағаттанарлық дәрежеде топтас-

тыру мүмкін емес. Сондай-ақ бұл шығармаларды тарихи-көркем шығармашылықтың жемісі деп те қарауға болады. Сол себепті оларды қатаң тарихнамалығына қарамастан, көркем әдебиет тарихымен де байланыстыруға болады (әрине, ортағасырлық тарихшылардың шығармаларына қатаң тарихнамалық деген анықтама шартты түрде берілетінін есепке алғанда). Мұндай шығармалардың қатарына Мұхаммед Шайбани ханның “Тауарих-и гузида-йи нұсрат-намесін”, Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесін”, Қадырғали би Жалайырдың “Жами’ат-тауарихын”, Әбілғазы ханның “Шаджара-йи түрк ва моғолын” және басқаларды жатқызуға болады.

4. Орыс хан билігі кезеңіндегі Шығыс Дешті Қыпшақтағы жағдай сырт жұрттың оның билігін танығанына қарамастан, тұрақсыз болғандығымен сипатталады.

5. Тұрақсыздық Жошының басқа ұрпақтарының (бұл арада Тоқтамыстың) билікке таласуынан туындады.

6. Тұрақсыздық сондай-ақ жоғарғы ханға қарсы күреске бастауға қабілетті тұлғаның төңірегіне топтасқан және оның сыртындағы әлеуметтік күшке айналған “риза емес жастардың” болуынан да туындады. “Риза емес жастар” ханға қарсы бағытталған әрекеттерге тікелей қатысты, яғни ханға қарсы соғысты.

7. Тұрақсыздық тайпалардың оқшаулануымен күшейе түсті, бұған олардың өздерін билеуге Жошының белгілі бір ұрпағы өкілінің ғана “тарихи” құқығы бар деп білуі негіз болды. Мұндай тайпалардың Жошының басқа ұрпағының қол астында жүруі заңға қарсы іс деп танылып, олардың оған бағынбауы үшін жеткілікті негіз ретінде қабылданды. Мұндай заңдық құқықтық көзқарастың түп негізі — Шыңғыс ханның тайпаларды өзінің ұлдары мен немерелеріне бөліп берген тарихи актісі еді.

8. Дәстүрлі құқықты бұзып өз үстемдігін орнатқан ханға қарсы тайпалар күресінің бір түрі бөлініп көшіп кету болды.

Сөйтіп бөліне көшу XIV ғасырда “әділетсіздікке” қарсы күрестің өзекті бір түрі болып қала берді.

9. Орыс ханның өзінің қол астындағы барлық тайпалары түгіл, тіпті олардың бір бөлігінің де наразылығын басып тастауға жеткілікті мәжбүрлеу күші болмады. Оның ақыры өзінің қаза табуына әкеп соқты. Мұны тек белгілі бір принциптер негізінде хан мен тайпалар қарым-қатынасының уағдалы шарттары негізінде ханға ерікті түрде жәрдемдескен басқа тайпалардың көмегімен ғана жүзеге асыруға болатын. Тайпалар шайқас алаңының шалғайлығы, болмаса алысқа асығыс жетуге аттың маусымдық жарамсыздығы (аттың семіріп кетуі) деген секілді, орынды деп саналатын себептерді көлденең тартып, Орыс ханға әскер күшін беруден бас тарта алатын еді. Осы сияқты Тоқтамыстың күштілігі де оны қолдаған тайпалардың күшіне тәуелді болды.

10. Тайпалардың қыстаудан жайлауға көшуінде бұлжытпай сақталған кезектілік болған жоқ. Олар көшуді хан тарапынан берілер хабардан бұрын не кейін өз қалаулары бойынша бастай алды. Жайлауға бұрын көшіп барған тайпалар өзеннің бойынан өздеріне тиімді жайылымдарды иеленді, ал кейін көшкендерге ешкім иеленбеген жердің жайылымдары тиді. Солай болғандықтан, жайылымдарды бөлудің қатаң тәртібі болған жоқ, кім бұрын барса, сол жақсы жайылымға ие болды.

11. Орыс ханның қазасы туралы әңгіме — Дешті Қыпшақ көшпелілерінің әскери ісінің тарихы бойынша бағалы дереккөз. Тәуліктің қолайлы кезін (түн) шабуылдаушы жақ өздерінің санының аздығын жасыру үшін пайдаланды. “Атты” және “жебелі” шайқас болды. Ол шабуылдаушы жақтың майдан даласы бойынша созылған дүркін-дүркін шабуылынан құралды. Шегінген салт аттылар жиыны өз кезегінде соғысуға шамасы жоқ тайпаластары кеткен арбаларды бүкіл ұрыс бойы қорғай шегінуді жалғастырып отырды. Ұрыс жүргізу үшін қажетті

қашықтыққа жетіп, лап қойған шабуылшылар жебені қарша жаудырады. Сол бетінде “бәрі кенеттен” бұрылып, қарсыластар қатарын бойлай оқ жаудырған қалпы шегініп кетеді. Бұдан кейін бәрі осылай қайталана береді. Ұрыстың тағдырын бұл арада “тасадағы полктің” қызметін атқарған балалардың қарсыластар қанатына тосыннан жасаған шабуылы шешті. Шабуылдаушылар да, қорғанушылар да өз ұрандарын айтып, сол арқылы қалыптасқан жағдай туралы хабар береді, бұл және байланыстың бір түрі еді. Ұрыста ар-намыс заңы үстемдік ететін. Мысалы, шайқас барысында аты оққа ұшқан Ұрық-Темір ащы айқаймен Тоқтамысқа екеуінің арасында жасалған шартты ұмытқанын есіне салады. Тоқтамыс Ұрық-Темірге оралып, “бейтарап аумақта” жаяу қалған оны көтеріп артына мінгестіріп, “өздеріне” жеткізуді ардың ісі деп есептейді.

12. Дешті Қыпшақ тұрғындарында өмір сүрген ортасына сай көшпелі мал өсірушілер қоғамының шаруашылық-тұрмыстық рет-жөнін көрсететін ерекше халық күнтізбесінің болғаны анық. Осы күнтізбеде жайлауға көшу және жазғы көшуді өткізудің маусымы көрсетілген. Соңғының шеңберінде “аттардың семіріп, адамдардың той тойлап, қымыз ішетін” кезеңі ерекше бөлінген. Бұлайша саралау халық күнтізбесінің жалпы құрылысын бірден анықтауға мүмкіндік береді. Біріншіден, негізгі бірлік — көшудің қысқы және жазғы маусымдарының болғанын пайымдауға болады. Маусымдық көшудің бірінен екіншісіне ауысу кезеңі ерекше көрінеді. Мұның өзі жылдық өндірістік-тұрмыстық циклдің бөлінуінің бірінші деңгейі болды. Негізгі маусымдардың ұсақ бөліністері болды, мұны жазғы көшу кезеңі маусымының шеңберінде “Ат семірген” дейтін кездің болатыны дәлелдейді. Бұл — күнтізбенің екінші деңгейі. Ауызша тарихнамаға негізделген дереккөздерді зерделеу, сөз жоқ, Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарының халықтық мал шаруашылығы күнтізбесін толығырақ қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Дешті Қыпшақ тарихымен байланысты XIV ғасырда Сырдарияда Қийат Жыр-Құтлы мазарының салынуы туралы

Бұл хабардың мақсаты XVI ғасырдағы хиуальқ автор Өтеміс қажы ибн Маулана Мұхаммед Достының “Шыңғыс-намесінен” аталған мазардың салынуы туралы деректерді айналымға енгізу болып табылады.

XIV ғасырда Сырдарияда қийат тайпасының көсемі Теңіз-Бұғаның бастамасымен оның әкесі Жыр-Құтлыға мазар салынды. Мұның өзі Қазақстан мәдениетінің тарихы үшін едәуірден қояр жайт. Өйткені Жошы, Алаша хан, Көк-Кесене және басқа мазарлар секілді құрылыстардың қандай жағдайда тұрғызылғаны күні бүгінге дейін белгісіз. Осы құрылыспен байланысты әлеуметтік-экономикалық, саяси және этностық ыңғайдағы оқиғалардың да маңызы айтарлықтай. Осы орайда айта кеткен жөн, біз сол кездегі Дешті Қыпшақ тарихын Дешті Қыпшақтан тысқары жерде жасалған дереккөздер арқылы біліп келеміз. Сол себепті оларда Алтын Орданың ішкі тарихы негізінен көрсетілмей қалады. Қысқаша айтқанда, Қазақстанның және бұрынғы Алтын Орда аумағында қалыптасқан басқа елдер мен халықтардың тарихын айқындау үшін осы аймақты мекендеген халықтардың өздерінен шыққан мәліметтер жетіспейді, яғни тарихшылар Дешті Қыпшақ халықтарының “өз”

үнін әлі де “ести” алмады. Осылай болғанымен, ондай дереккөздер бар еді. Солардың бірі — Дешті Қыпшақ тұрғындарының ауызша тарихнамалық дәстүріне негізделген “Шыңғыс-наме”.

Жыр-Құтлы мазары салынуының жағдайын айқындау үшін 1290—1312 жылдар аралығын қамтитын Алтын Орданың ханы Тохтаның (“Шыңғыс-намеде” оны “Тоқтаға хан” дейді) билігі кезеңіне назар аудару қажет.

“Шыңғыс-наме” бойынша Сайын ханның (Батудың) немересі Мөңке-Темір ханнан кейін хан болған Тоқтаға өзі өлгеннен кейін “Сайынның тағына” өзінің тұңғыш ұлы Елбасармен таласады деген үреймен Сайын ханның еркек кіндікті бүкіл ұрпағын, соның ішінде өзінің інісі Тоғрұлды да, қырып салады. Бірақ Елбасар Тоқтағаның өзінен бұрын қайтыс болады. Сөйтіп, Бату ханның бүкіл ұрпағы қырылып қалғаннан кейін, хандық Жошының басқа ұлдарынан тараған ұрпақтың біреуіне көшетін болады. Бұл Тоқтағаға тыныштық бермейді. Алайда осы кезде Тоғрұлдың жесірі, әмеңгерлік жолмен Тоқтағаға тиген Келін-Байалын өзінің Тоғрұлдан тапқан баласы бар екенін, Тоқтағадан қорқып, оны кезінде Шеркес тауына жібергенін айтады. Бұл сол кезде 14 жасқа толған, Алтын Орданың болашақ ханы Өзбек еді. Бұған қатты қуанған Тоқтаға Келін-Байалынға мол сыйлық беріп, Қийат Исатай мен Сыжұт Алатай бастаған 40 мың адамды Өзбекті әкелуге жібереді. Бірақ бұлар Өзбекті алып келе жатқанда Тоқтаға қайтыс болады. Сарайдағы билікті Тоқтағаның аталығы, ұйғыр тайпасынан шыққан Бажыр Тоқ-Бұға иеленіп алады. Бұл тайпа мықты рулардан құралған, халқы көп тайпа болатын.

Бажыр Тоқ-Бұға өзін ханмын деп жариялағанымен, “қара адам”, яғни Шыңғыстың тұқымы емес, жай халықтан шыққан адам болатын. Өзбек пен оны әкеле жатқандар бұл хабарды естиді. Олар Бажыр Тоқ-Бұғаға өздерінің оған бағынатынын

білдіріп шапқыншы жібереді де, өздері мұнда оның көзін жоюдың амалын іздейді. Бажыр Тоқ-Бұға да, өз кезегінде, бұларға шапқыншы жіберіп, тақты өзге таласушылардан қорғау үшін өзінің осылай істегенін айтып, Өзбекті хан ордасына келісімен хан етіп жариялайтынына сендіреді. Бірақ оның мұнысы өтірік еді, оның ойы Өзбекті алдап келтіріп, сосын өлтіру болатын¹.

Бажыр Тоқ-Бұғаның шынында не істемегін Сангусун атты біреу Исатайға жеткізеді. Өзбек пен оның серіктері амалын тауып “тақты иеленіп кетушіні” өлтіреді. Өзбекті хан көтереді, “ол таққа отырды”². Бұл оқиға 1313 жылы болды.

Өзбек хан берілген адал қызметіне сыйлық ретінде Бату мен Еженнің анасынан тумаған, Жошының басқа әйелдерінен туған 17 ұлының барлық ұрпағын нөкерлерімен және басқа адамдарымен Қийат Исатайға — “қара адамға қосын” етіп береді. Бұл Өзбек ханның “өздерінің абыройын түсіріп”, Шыңғыстың тұқымы емес, қара халықтан шыққан Бажыр Тоқ-Бұғаның билігіне бағынғаны үшін Жошы ұрпақтарынан қатал кек алуы еді³. Бұл сырттай қарағанда өте әсерлі әрекет болғанымен, түп мақсаты жазалаудан әлдеқайда терең, шын мәнінде хан билігіне заңды таласушы нақты бәсекелестерін жолынан тайдыру болатын. Өз қызметі үшін Сыжұт Алатай да сыйлыққа ие болды. Өзбек хан оған мың⁴ тайпасынан құралған елді еншілеп берді.

Исатай өзіне берілген Жошы ұрпақтарын түгел қабылдап алды, тек Шайбан ұрпақтарына ғана жеңілдік берілді. Оларды қосындықтан босатып, кезінде Сайын (Бату) ханның өзі Шайбанға белгілеп берген жұртта, Ақкөлдiң төңірегінде өзімен-өзі

¹ Шыңғыс-наме, 47а п.

² Шыңғыс-наме, 47б п.

³ Шыңғыс-наме, 47б—48а п.

⁴ Шыңғыс-наме, 48а п.

болуға рұқсат етілді⁵. Сонымен бірге Исатай оларға қарлұқ және бұйрақ тайпалары құрамына енген екі құрамды елді берді. Шайбан ұрпақтарына бұлайша ерекше көңіл бөлінуінің себебі, олардың Жошының 5-ші ұлы, Шыңғыс ханның өзінің ілтипатына ілінген “батыр Шайбанның” тұқымы болуы еді. Алға озыңқырап айтсақ, осы жағдай, бұған қоса Бату ұрпағы қырылып біткеннен (Өзбек ханның немересі Бердібек ханның өлімінен) кейін, Шайбанның ұрпағы Маңғытайдың баласы Хызыр ханның Сарайдың тағына отыруы Шайбан ұрпақтарының Жошының 13-ші ұлы Тоқа-Темірдің ұрпақтарынан басымдылығын нығайтуға негіз болды⁶.

1360 жылы Бердібек хан өлгеннен кейін “Сайын тағына” Шайбан мен Тоқа-Темір ұрпақтары таласты. Жоғарыда айтылған уәждер Алтын Ордадағы жоғары билікке Шайбан ұрпағының “құқығын” негіздеуге қызмет етті. Олар бұл құқығын Қазанды, Астраханды, Шығыс Дешті Қыпшақты билеген әулеттердің негізін қалаған Тоқа-Темір ұрпақтары Темір-Құтлымен (Темір-Құтлықпен), Орыс ханмен және Тоқтамыспен күресте қорғады. Тоқа-Темір ұрпақтарының басқа бір тармағы (Герейлер) Қырымда орнықты.

Жошы ұрпақтарын Исатайдың қарамағына берудің мәнді салдары болды.

Бердібек ханның билігі кезеңінде (1357–1360) Жошы ұрпағы тағы қуғын-сүргінге ұшырады. Бердібек Алтын Орданың жоғарғы ханына, яғни өзіне қастандық жасалады деп қауіптеніп, туыстары мен ұлдарын қырып салды. Мұның бәрін ол өзінің аталығы, қуатты қаңлы тайпасының көсемі Толыбайдың ақылымен істеген көрінеді. Толыбай болса, мұны жанын жеген кектің қайтарымы ретінде істейді. Толыбайдың баласы Жәнібек хан-

⁵ Шыңғыс-наме, 506 п.

⁶ Шыңғыс-наме, 38а–39а, 476–48а п.

ның тұсында (1340–1357) қарақшылық жасап, сол үшін өлтірілген болатын. Осы себепті Толыбай Батудың тұқымын түгел құртуды көксейді. Жаппай жазалау аласапыранға әкелді. Нәтижесінде Қийат Мамай өзбектердің оң қанатын Қырымға, ал Қийат Теңіз-Бұға сол қанатын Сыр өзеніне (Сырдарияға) әкетті. Бердібек Сарайда қалды. Үш жылдан кейін қайтыс болды⁷.

Теңіз-Бұға Жыр-Құтлының баласы еді, ол туралы “Шыңғыс-намеде” бірнеше жерде айтылады. Осыдан басқа “Шыңғыс-наме” Жыр-Құтлы туралы ештеме хабарламайды. Бірақ Жыр-Құтлы туралы дерек Қадырғали би Жалайырдың “Жами’ат-тауарихында” бар: “Жәні[бек] хан өлгеннен кейін жұрт бет-бетіне кетті... Осы аласапыранда Орыс хан өз әскерімен Алатауға тартты. Осы кезде Жәнібек ханнан кейін бүкіл ұлыстың (сол қанаттың) биі Қийат Исатайдың ұлы Жыр-Құтлы болды. Орыс хан Жыр-Құтлыны өлтірді. Жұрттың бәрі Орыс ханның билігін мойындады”⁸.

“Шыңғыс-наменің” бір жерінде Теңіз-Бұға Қийат Исатайдың ұлы делінген⁹. Бірақ бұл арада түрік тілінде “ұлы” деген сөз “ұрпақ” деген мағынада да қолданылатынын ескеру керек. Бұл барлық Жошы ұрпағы — Жошының 17 ұлының ұрпағы Исатай өлгеннен кейін сол қосын күйінде түгелдей Теңіз-Бұғаның қарамағына өтуіне байланысты айтылады.

Осы оғландарды, Жошы ұрпақтарын Теңіз-Бұға қалай пайдаланды? Ол бұларды аяусыз азаптап, қорлады. Өзінің әкесі Жыр-Құтлының моласының үстіне мазар салуға ұйғарғанда, ол барлық жұмысты оларға (Жошы ұрпақтарына) тапсырды: олар кірпіш құйып, су тасыды. Жошы ұрпақтары көп азапты бастан

⁷ Шыңғыс-наме, 50а6 п.

⁸ Джами’ат-таварих, л. 60а6.

⁹ Шыңғыс-наме, 506–58а п.

кешірді, денелерін жара басты. Олардың үлесіне тиген басқа да ауыртпалықтармен бірге қорлық та көрді¹⁰.

Шайбан ұрпағының оғландары Қийат Исатайдың арқасында басқа Жошы ұрпақтарының шын мәнінде қийат билігінің құлына айналған ауыр азабын көрген жоқ. “Шыңғыс-намеде” айтылғанындай, олар тіпті “Жыр-Құтлы мазарын салуға қатыспағандығын” мақтан ететін¹¹.

Жошы ұрпақтарының мазар құрылысындағы айдаудағы өмірлері 1360 жылы қыста кенеттен аяқталды. Бердібек ханның өлгені туралы хабар алған Теңіз-Бұға өзінің қарауындағы Жошы ұрпақтарының бірін өтірік хан етіп жариялап, Шығыс Дешті Қыпшақтың билігін иеленбек болды. Таңдау Қара Ноғайға түседі. Қалған Жошы ұрпақтарын ажал күтіп тұрды. Алайда Теңіз-Бұғаның арам ойы ашылып қалып, ол өлтіріледі¹².

Тоқа-Темір ұрпағы Қара Ноғай Сырдарияның жағасында “сол қанаттың” ханы болды. Сарайда Шайбан ұрпағы Хызыр хан болып, таққа отырды¹³.

Хызыр ханның әйгілі Тайдула ханымның шақыруымен Шығыс Дешті Қыпшақтағы Ақкөлден келіп, ханымның және оның жақтастарының қолдауымен Сарайда Алтын Орданың ханы болып жарияланғанын атап өтеміз.

Қара Ноғай “Сыр жағасында хан болып, Түркістан уәлаятын биледі. Ол үш жыл өткен соң қайтыс болды. Оның інісі Тұғлы-Темір хан тағына отырды... Одан кейін Бадық-оғланның ұлы Орыс хан болды”¹⁴.

¹⁰ Шыңғыс-наме, 51а п.

¹¹ Шыңғыс-наме, 386 п.

¹² Шыңғыс-наме, 51б–53а п.

¹³ Шыңғыс-наме, 53а п.

¹⁴ Шыңғыс-наме, 54аб п.